*Мақсатым – тіл ұстартып,*
*өнер шашпақ...*
АБАЙ.

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

**12/2018 ЖЕЛТОҚСАН**

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

***Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.***

**МАЗМҰНЫ**

**Г.ЖҮСІПОВА.** Мөлтек сыр .............................................3

***Ұлттық тәлім-тәрбие: рухани уыз***

**Қ.БӨЛЕЕВ.** Қазақ отбасында әдепті келін тәрбиелеу.............................5
**Ж.М.САУРЫҚОВА.**

***Поэзиялық туындылар туралы ойлар***

**М.ӘБІЛҰЛЫ.** "Еділ қалды артымда, еңіреу-еңіреу ел қалды".......................19

***Көкейкесті көзқарас***

**Ғ. Ғ. ШӘРІБЖАНОВА.** Проблемалық оқытуда жаттығу түрлерін қолданудың маңыздылығы .............................30

***Ұстаз мерейі***

**К. Ж. АДИЛОВА.** Қадірлі өнер иесі .............................37

***Жас ғалым зердесі***

**Е. АХМЕТ.** Қ.Мырза-Әлі лирикасының тілдік көрсемдік ерекшеліктері.........41
**Г. ӘБІЛОВА.** Маңғыстау әдебиеті *(Абыл ақын және Мұрын жырау шығармалары туралы ой)* .............................59

***Ұстаз ұсынысы***

**А. Н. МАМИРКАНОВА.** Отбасылық оқу – ұрпақтардың рухани байланысы .....69

***Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс***

**Ғ. АБДЫКУЛОВА.** Екі батырдың Көбікті еліне жасаған шабуылы. Қарлыға қыз .............................76
**Ү.С. КӘРІБАЕВА.** Қажымұқан – отбасы қамқоршысы .............................80
**Л. Е. ШЫРДАБАЕВА.** Сүйіспеншілік – шынайы сезім .... .............................89

***Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс***

**Н. Е.МУНАЙТБАСОВА.** Қазіргі және болашақтағы ауыл шаруашылығы .......98
**Г.ҚҰЛЕКЕНОВА.** Ұлы дала таулары .............................104
**А.Е. АЙМАХАНОВА.** Ғаламтордың пайдасы мен зияны.............................112
**А. К. САНСЫЗБАЕВА.** Қазақстандағы жеті керемет *(Дефис арқылы жазылатын сөздер)* .............................116

***Шәкәрімтану***

**Ж. Д. ТӨЛЕУБАЕВА.** "Шәкәрімтану" орталығы мектепте.............................120

***Колледж кеңістігінде***

**С. Т. ЗҰЛҚАШЕВА.** Күнекейдің жазығы.............................127

***Желтоқсан жаңғырығы***

**Н. М.ШАХАНОВА.** Армандар асуына жеткен халық.............................134

***Кітапхана тынысы***

**А. ЖАСҰЛАНҚЫЗЫ.** Жемқорлыққа жол жоқ! .............................136
**Б. БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ.** Зерделі ғалым, жазушы, зиялы тұлға.............................138
**А. ЖАСҰЛАНҚЫЗЫ.** Жемқорлыққа жол жоқ! .............................142

## ***Мөлтек сыр***

***ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР!***

*Айта-айта жауыр болған бір мәселені сіздерге тағы да қозғағалы отырмын. Ол – біздің қазақ журналы. Өздеріңіз де білесіздер, мына кемелденіп, көздегенге қолымыз жететін заманда қазақ тілі басылымдарының шеттетіліп келе жатқаны белгілі.*

*Тамырын анау тереңнен, А.Байтұрсынов заманынан, бастау алатын "Қазақ тілі мен әдебиеті" журналының тағдыры қазіргі уақытта сіздермен байланысты. Осы ретте бір кездерде өшіп бара жатқан журналды жарыққа жарқ еткізіп шығарып, денсаулығын, ақтық демін тілге арнаған, журналдың бас редакторы болған З.Шілдебайұлының:*

*...Жоғалтып ала жаздаған,*
*Тілімен елім қауышты.*
*Маңдайға бұрын жазбаған,*
*Көтердік еңсе, дауысты.*

*Иманды ата дәстүрін,*
*Жаңадан ғана қолға алдық.*
*Болуға күш сап тас түйін,*
*Жас ұрпақ жайын толғандық.*

*Айғағы соның – журналың,*
*Ашылған қайта бағыңа.*
*Ашыса егер шын жаның,*
*Жазылғын, сын – бұл арыңа.*

*Мұқият қарап, оқығын,*
*Айырып, асыл жасығын.*
*Көңілге нәрін тоқығын,*
*Айтқын тек сөздің ашығын.*

*Жіберіп ойлы мақала,*
*Журналдың өсір беделін.*
*Қалмасын қапы ата-ана,*
*Үнемі алып керегін.*

*Абырой бермес құр атақ,*
*Еңбегің болсын – сенерің!*
*Нашар боп шықса – ұят-ақ,*
*Жақсы боп шықса – мерейің!*

*– деген жүректі жара шыққан, сіздерге арнаған сырларын жолдай отырып,*

***"Ұстаздар! Қазақ тілінің тағдыры – тікелей сіздердің еңбектеріңізде, мамандықтарыңызға деген адалдықтарыңызда! Жоғалтып алмайық, төл журналдарыңызға жазылуды ұмытпаңыздар!"*** *– дегім келеді.*

**Журналдың редакторы Г.Т. ЖҮСІПОВА.**



***Ұлттық тәлім-тәрбие: рухани уыз***

ӘОЖ 37.01

**Қ.БӨЛЕЕВ,**
**педагогика ғылымдарының докторы,**
**Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің профессоры.**
Тараз қаласы

**Ж.М.САУРЫҚОВА**
**педагогика ғылымдарының магистрі,**
**Phd докторант.**
Тараз қаласы

# ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДА ӘДЕПТІ КЕЛІН ТӘРБИЕЛЕУ

Мақалада ***«келін» және «келін әдебі»*** ұғымдарына түсінік, келін әдебін тәрбиелеу дәстүрлері, келінді жаңа отбасында тәрбиелеу әдістері, келінді тәрбиелеудегі ырымдар, тиымдар мен мақал-мәтелдердің рөлі қарастырылған.

***Түйін сөздер:*** келін, келін әдебі, келінді тәрбиелеу әдістері, келінді тәрбиелеудегі ырымдар мен тиымдар, келінді тәрбиелеудегі халық даналығы.

В статье рассматриваются сущность понятий ***«невеста» и «этика невесты»,*** методы воспитания невесты в традиционной казахской семье, роль народных примет, запретов, пословиц и поговорок в воспитании невесты.

***Ключевые слова:*** невеста, этика невесты,

методы воспитания невесты, народные приметы и запреты, пословицы и поговорки о невесте.

This article discusses the essence of the concepts of «daughter-in-law» and «ethics» daughter-in-law, parenting methods sisters-in-law in traditional Kazakh family, the role of people's inhibitions, proverbs and pogovorov in the upbringing of sisters-in-law.

***Keywords:*** daughter-in-law, ethics sisters-in-law, parenting practices, sisters-in-law folk prohibitions, proverbs and sayings about snohe.

***Келін*** *– атасы мен әжесі үшін баласы мен немересінің, әкесі мен анасы үшін баласының және жігіттің ағалары мен апалары, туған-туыстары үшін інісінің әйелі.* «Келін» сөзі ежелгі түріктердің «гел» – кел, «ін» – үй деген сөздерінен шыққан, яғни «үйге кел» деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар тұрмысқа шыққан жас әйел күйеуінің ата-анасы мен бірге туған ағаларына аталас, рулас, жасы үлкен ағайындары мен олардың әйелдеріне, ұзатылып кеткен апаларына келін болып саналады. Жаңадан тұрмысқа шыққан жалпы жас әйелді, келіншекті де ***келін*** дейді. Жасы үлкен қариялар баласы мен немересінің, өзінен көп жас кіші інісінің әйелін ағалары ***келін бала*** деп те атайды [1].

Келін болып түскеннен кейін дәстүр бойынша келін тұңғыш рет туған-туыстарына ***«шәй беру»*** салтын жасайды. Сонда, *келіншай – жаңа түскен келіннің ауылдағы енелеріне, жасы үлкен сыйлы абысындарына арнайы жайылған дастарқанда шай құйып, қызмет көрсету рәсімі.*

Келін түсірген үй көп ұзамай арнайы дастарқан жасап, жаңа түскен жас келіннің құйған шайын ішуге көңілжетер сыйлы абысын-ажындарын шақырады. Әсіресе, шай әбзелі мен дастарқан жабдығына ерекше көңіл бөлінеді. Дастарқан басына бауырсақ, тәтті тоқаш, мейіз, науат, жент, сарымайға шыланған – майсөк, тәтті қосылған талқан, т.б. қойылады. Самаурын, шәйнек (аққұман), кесе, шыныаяқ, қасық, табақ, т.б. қойылатын өз орындары болады.

Дастарқан басына жиналған әйелдер (шамамен 8-12 адамдай) өздерінің әлеуметтік мәртебесіне қарай рет-ретімен жайғаса бастайды. Жас келін «шынашақ шиырып» кесеге шай құйып, ізетпен ұсынады. Шайдың қоюлығы, қаймақ қатқан түсі әркімнің қалауынша құйылады. Ізет бойынша, ***келін шай құйған кесені оң қолымен ұсынады, ал сол қол кесе ұстаған оң қолдың шынтақтан төмендеу тұсында тұруға тиіс.***

Дастарқан басына жиналғандардың басты назары, әдетте, шай ішуден гөрі оның рәсімінде болады. ***Шайдың қызылы кемімеуі үшін келін***

***оны дәл уақытында әлсін-әлсін демдеп отыруы керек. Шай құйған кесенің иесін шатастырып алмауы керек.***

Тәртіп бойынша, келін дастарқан шетінде бір қырын отырады, сөзге араласпайды, тек сұраса ғана жауап береді. Жиналғандар ішінде сыйлы, беделді әйел сөз бастап, әңгімеге бағыт беріп отырады. Әңгіме арқауы негізінен келін тәрбиесіне қатысты болады. Өнеге, сабақ болсын деп алғашқы түскен кезіндегі жайттарды еске түсіріп, ұялған кездерін немесе өз келіндерінің кейбір жаңылшақ сәттерін айта отырады.

Шай беру рәсімі аяқталар сәтте жас келінге *“көп жаса қарағым, көсегең көгеріп, көрпең ұлғайсын, дастарқаның берекелі болсын, етегіңді бала бассын!”* деген игі тілектер айтылады. Келіннің шайы пәміл шай болды, келіннің шайы көңілашар шай болды, келіннің аяғынан деп бағалауыш мазмұнда ризалықтарын білдіріп, келінге баға беріседі. Келіннің жақын абысындарының бірі дастарқан мәзірінен келген қонақтардың әрқайсысына: *“мынау үлкен енеме; мынаны немереңізге; сіз де келінді болыңыз; мынау пәленшенің апасына; мынау жеңешеме; мынау әпкеме”* – деп, жеке-жеке атап, түйіншектер береді. ***Жас келін мұның бәрін қалт жібермей көңілге тоқып тұрады [1].***



***Есік көрсету*** *– жаңа түскен келінді күйеудің ағайын-туыстарының арнайы шақырып, сый көрсету рәсімі.* Келін түскеннен кейін оны күйеуінің туған-туысқандары үйлеріне «есік көрсетіп», дәм татуға шақырады. Жас келін арнайы кәде, тарту алып барады. Ол кәдені ***«отқа салар»*** деп атайды [2].

Той өткен соң келінді есік көрсетуге шақыру – ***келін үшін де үлкен сын болып табылады.*** Абысындары келінмен жақынырақ танысып, сый-сияпат жасайды. Келіннің табағына асықты жілік, төс, ұлтабар және т.б. кәделі мүшелер салынады. Бас табақтан еті қалдырылған жамбас ұсынылады. Келін оны тәжім етіп, иіліп сәлем салып алады. Бұл – келін үшін күйеу жақтың туыстарымен жете танысуға, қарым-қатынасты үйлестіруге жасаған қадам болып табылады.

***Қазақтың дәстүрлі отбасында ибалы да әдепті келін тәрбиелеу басты мақсат болған.*** Әдепті келінді тәрбиелеу бойынша халықтық дәстүрлері қазақ отбасында мұқият сақталып, қатаң тәртіппен орындалып отырған.

***Келін әдебі*** *– беті ашылып, той өткен соң жаңа ортаға түскен келін үшін бұлжымас қағида болып табылатын мінез-құлық, тәртіп нормасы.* Келін түскен үй өз келінін ізеттілік, сыпайылық, инабаттылық, сыпайы тұрпат,

жинақы қимыл, жарасымды, икемді қозғалыс, имандылық, көрегенділік, тазалық, пәктік тәрізді қасиеттерді қамтитын, қоғам, ұжым мүшелерінің қарым-қатынасындағы ізгілік нормаларының мүлтіксіз орындалуын білдіретін, қауымдасып өмір сүрудің дәнекері болып табылатын ахлақ (мораль) ережелеріне сай етіп тәрбиелеуге көңіл бөледі.

Қалыңдық келін болып түскенге дейін шешесінің, жақын жеңгесінің қамқорлығын көріп, өзін әдепті ұстауға жас кезінен тәрбиеленеді. Оған өзінің отбасы ғана емес, «қызға қырық үйден тыйым» ұстанымы бойынша бүкіл ауыл жанашырлық танытып, қыздарының келін болып түскен еліне «тастай батып, судай сіңіп» кетуіне, «отырса опақ, тұрса сопақ» болмай, жақсы келін атануына тілектес болады, қыздарына жақсы тәрбие беруге үлес қосады. Жаңа ортаға түскен келіннің тәрбиесі ***беташар жырынан*** басталады. Беташарда келіннің жаңа өміріндегі қызметіне, жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, адамдармен қарым-қатынасына байланысты бағыт-бағдар беріліп, күнделікті тұрмысына пайдасын тигізетін ақыл-кеңестер айтылады. Ата-анасының, жеңгесінің, ауылының тәрбиесін көріп, жаңа елге түскен жас келін беташарда айтылған ақыл-кеңестерді



басшылыққа алып, ***той өткен күннің ертеңіне ерте тұрып, күйеуінің ата-анасы отырған үлкен үй, қара шаңырақ деп аталатын үйдің түндігін ашады.*** Одан кейін қайнағаларының, ең соңында өз отауының түндігін ашады. Отау үйге от жағу үшін үлкен үйден от (от жағатын тамызық, шоқ) алуға барады. Одан әрі өз міндеттерін атқарудың алдында таңертеңгісін ізеттілік көрсетіп, ата-енесіне тізесін бүгіп, сәлем салып, күнделікті жұмыстар – *таңертең ерте шай қою, дастарқан жасап, шай беру, үй тазалау, тамақ әзірлеу, сиыр сауып, күбі пісу, мал жайғастыру, қонақ күту және т.б. шаруалармен айналысады.* Күнделікті жұмыстарға өз уақытында үлгеру үшін ерте тұрып, кеш жатып, күн ұзаққа бір тынбай көп іс бітіреді [4].

*«Қатынды бастан, баланы жастан»* дегендей жігіттің шешесі, әкесі келіннің жүріс-тұрысына, іске икемділігіне, мінез-құлқына назар аударады. Өйткені, әр елдің салты әртүрлі. Келінді жаңа ортаға бейімдеу – түскен үйіндегі үлкендерден үлкен жауапкершілікті талап етеді. Келіннің қандай болмағы түскен жеріне де байланысты. ***«Жақсы үйге түскен келін – келін, жаман үйге түскен келін – келсап»*** деп бекер айтылмайды. Қазақтың дәстүрі бойынша үйленген балаға бірден еншісін беріп, малына ентаңбасын салып,

өскен отбасынан бөлектеп жібермей, белгілі бір уақытқа дейін жастардың отауын оң жағына қондырып, келінді сыннан өткізіп, енесі мен абысындары жаңа түскен келіннің міндеттерін айтып, істейтін істерін, сөйлейтін сөздерін, т.б. үйретіп, қадағалап отырады. Келіннің өз міндеттерін мүлтіксіз атқарып, келешекте ізетті, еңбекқор келін, қадірлі ана, жақсы отбасы қалыптасуына ықпал етуде енелердің өмір тәжірибесінен алып айтатын ақыл-кеңесінің маңызы зор.

Ел ішінде көпті көрген, ел анасы атанған парасатты енелердің *«Келініңді қызыңдай көр, қызың келін болмас па?!», «Ұлың үйленсе – ырысың, қызың орын тапса – өрісің», «Келін жаман емес, келген жері жаман!», «Келін қайынененің топырағынан жаратады», «Жақсы келін қызыңдай, жақсы күйеу ұлыңдай», «Келіні жақсы үйдің керегесі де алтын»* деп айтып отыратын мақал-мәтелдерінің астары тым тереңде жатыр. Мұндай халық даналығы жаңа түскен келінді қалай қабылдау керектігіне меңзейді. Сондықтан да кешегі қыз, бүгінгі жас келінді о бастан үй шаруасын жүргізу мен меңгерудің жаңа ортадағы үлгісіне, қыр-сырына бейімдеп, оң мен солын тезірек тануына көмектесу қажет. Аталарымыздың отбасына байланысты



нақты мақалы ***(11 бетте)*** келінге деген осындай жанашырлық пен игі ниеттен туған [3,4].

Осылай басынан бейімдеудің арқасында кешегі бойжеткеннің, қазіргі келіннің әлеуметтік мәртебесінің өзгеруіне орай оның жүріс-тұрысына, іс-қимылына, адамдармен қарым-қатынасына, мінез-құлқына, сөзіне, киіміне, т.б. өзгерістер еніп, олардың қыз кезіндегі түр-сипатына шектеулер қойылып, тыйым салынады. Келін ата-баба салт-дәстүріне мойынсұнады. ***Солардың бірі*** *– байырғы қазақ тұрмысында келіндердің қайынжұртының адамдары мен дүниеден өткен ата-бабаларының есімдерін тура атамай, тұспалдап атау дәстүрі.* Қалыптасқан дәстүр бойынша, жас келіннің түскен жерінің үлкен-кіші ерлері мен әйелдеріне өзінше ат қойып, тұспалдап атауы ***«ат тергеу»*** деп аталады. Жас келіннің ат тергеуі түскен еліне, күйеуінің туыстарына деген ізгі құрметінің, әдебінің бір көрінісі болып саналады. ***Келін әдетте, күйеуінің аға-қарындастарына:*** *Үлкен үйдегі кісі, Жәкем, Атытеріс, Арайлым, Шырайлым, Жарқыным, Сұлуым, Бикеш деген балама есімдер берсе; інілеріне: Мырза бала, Кенжетай, Ақжігіт, Мырза жігіт, Еркем, Ақтөре, Кішкенем деген сияқты балама аттарымен атаған.* Тіпті, бір заттың аты сол туысқандарының атымен

сәйкес болғанның өзінде, оған да келісімді ат қойып атаған. Келіннің күйеуінің туысқандарын осылайша балама аттарымен еркелетіп атауын, күйеуіне деген сый-құрметінің белгісі деп білген.

Ат тергеуде ұтымды, жарасымды қойылған әрбір аттан келіннің тапқырлығы, қоршаған дүниені тануы (теңеу сөздерге шешендігі), ақылдылығы, тіпті, жарасымды әзілқойлылығы да таныла түседі. Бұрынғы тұрмыста өз күйеуін әдеп бойынша «біздің үйдің кісісі», «отағасы», деп атайтын келіндердің ата-енесімен, басқа адамдармен амандасу ерекшелігі мен сәлем салуы да келін мен қайынжұрт арасындағы өзара сыйластық пен береке-бірлікке қызмет ететін әдет-ғұрып нормаларының біріне жатады.

***Келіннің сәлем салуы*** *– жас келіндердің ата-енесіне ізеттілік көрсетіп, иіліп сәлем беруі, амандасуы.* Келін ата-енесіне күнде таңертең және олар ұзақ уақыт басқа жақта болып келгенде, сәлем салады. Келіннің сәлемін алған ата-енесі немесе басқа да жасы үлкен кісілер *«Өркенің өссін!», «Бақытты бол!», «Ұл тап», «Көп жаса, қарағым»* деп жақсы тілек айтып, ризашылығын білдіреді. Келін қазақ салтында амандасқаннан басқа уақыттарда да сәлем салып жатады, яғни ел ішінде сәлем салудың қалыптасқан түрлері кездеседі.



***Келіннің сәлем салуының түрлері*** *– келіннің әртүрлі жағдайда иіліп, ізеттілік көрсетуі.* Қазақ елінің кейбір өңірінде әлі күнге дейін жалғасын тауып, қаймағы бұзылмай келе жатқан сәлем салу дәстүрінің екі түрі қалыптасқан, ***бірі*** *– келіндердің өз күйеуінің үлкен ағайындарына,* ***екіншісі*** *– қазақтардың үлкен асын (етті) жеп болған соң табаққа сәлем салуы.*

Келіннің ***сәлем салу дәстүрі беташардан*** басталады. Әдетте, беташарда күйеуінің ет жақын туыстарының әрқайсысына арнау өлең айтылған соң келін де, қолтықтап тұрған келіндер де иіліп сәлем салады. Келіннің беті ашылып, босаға аттаған күннен бастап, келін күйеуінің ағайындарына көрген кезде екі қолын алдына бір-біріне айқастырып қойып «сәлем бердік» деп дауыстап, өзі иіледі. Күйеуінің ағайындары жол-жөнекей кездескен күнде де осылай сәлем салады. Үлкендер келіннің сәлеміне *«көп жаса», «бақытты бол»* деп жауап қайтарады. Бұл дәстүр келіндердің күйеуінің ағайындарына деген ізеттілігін білдіреді.

Сондай-ақ сақталып отырған ***сәлем салудың екінші түрі – табақ алу кезінде*** атқарылады. Ет жеп болған соң дастарқан басында отырған адамның үлкені табақты ұсынғанда, келін үнсіз сәлем салып барып алуы тиіс. Келіндер

қалыптасқан дәстүр бойынша ас желініп болғанын сезген бойда табақ алуға дайын тұрады. Үлкен жиын-тойларда, ас, құдайы тамақ берілгенде, тартылған табақтың санына қарай ауыл келіндері бірінен-соң бірі тізіліп тұрып, әрқайсысы табақ аларда иіліп сәлем салады. Отбасында қонақ келмей-ақ өздері отырып, тамақ жеген соң да келін табақ алу рәсімін жасайды. Бұл еттен дайындалған табақты қазақтың үлкен асы деп санап, табақ басында отырған үлкендерге және шаңыраққа деген құрметтен туындаған [4].

Келінді жаңа ортаның салт-дәстүріне бейімдеп, жаңа тұрпатта қалыптастыруға байланысты жақсы ниетпен жасалатын іс-әрекет, шаралар мен ғұрыптар, сондай-ақ, жаманшылықтан сақтандыру үшін іс-әрекетке салынатын тыйымдар аз емес.

Келін түскеннен бастап жақсы ырымдар жасалады. «*Оты өшпесін», «Ошақтан от кетпесін»* деп, ырымдап, отқа май тамызады. Келін алғаш үйге кіргенде, оң аяқпен аттатуды да жақсы ырымға жориды. ***Керісінше, "бүйірін таяну – қайғының, жағын таяну – мұң-шердің белгісі" –*** деп ырымдап, ***"жүресінен отыруды әдепсіздік белгісі "*** – деп, олай істеуге тыйым салады. *Келінге қатысты ырымдар мен тыйымдардың көп болуы бір жағынан, олардың тәрбиелік мәнінің болуымен, екінші жағынан болашақ ананың денсаулығына, ұрпақ денсаулығына деген қамқорлықпен қарауға байланысты [5].*

***Келін киімі*** *– бойжеткен қыздан, әйелден ажыратып тұратын, жас келін екенін білдіретін киім үлгісі, келіндерге қатысты салт-дәстүрлер олардың киіну ерекшелігінен көрінеді.* Ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша, келін – етек-жеңін жинап, яғни, аяқ-қолын көрсетпей, жеңі ұзын, етегі ұзын киім киген. ***Келіндер, үйде де, көшеде де орамалсыз жүрмеген.*** Өкінішке орай, ***келіндердің орамалсыз жүрмеу дәстүрі – осы күнде берік сақталып отырған жоқ.***

***Келіннің киімі*** *– оның жаңа ортадағы әлеуметтік мәртебесін белгілейтін шарттардың біріне жатады.* Олар – сәукеледен кейінгі – «желек жамылу», одан кейінгі «кимешек кию» келін болып түскеннен кейін, сәукелесін сандыққа орап сақтап қойған келін кей жерде тұңғыш перзентін тапқанға дейін, кей жерде 2-3 балалы болғанға дейін «желек» жамылып жүреді. ***Желек*** *– күрең өңді жеңіл матадан тігілген, баскиімнің шетін ала, шекені, маңдайды жаба келіп, бет қана ашық қалдырылатын, төгіле, денені орай жауып тұратындай етіп мол қамтылған, ұзындығы*

*тізеден аса келетін ғұрыптық киім түрі.* Белгіленген мерзім болған кезде мал сойып, ауыл кемпірлерін, абысын-ажындарын шақырып, арнайы атай отырып, келіннің «желегін алып, кимешек кигізеді». Бұл – келіннің осы әулеттің толық мүшелігіне өтіп, ана, адал жар, үй иесі деген атаққа ие болғандығын айғақтайтын жас, әлеуметтік жағдайы белгілеген ғұрып болып табылады. Жас келін түрлі-түсті, зер жіппен кестеленген, моншақпен, танамен әшекейленген кимешек кисе, жасы ұлғая келе ол әшекейлері азайған, реңкі біркелкі кимешек киетін болады.

Осылайша, өмір өткелдерінен өтіп, көп тәжірибе жинақтап, немере-шөбере сүйген аналар ауыл-аймаққа беделді болып, ер адамдар ауылда жоқта іс басқарып, мал сойғызып, қонақ күтіп аттандыруы қалыпты жайтқа айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Исаева Ұ., Билялова Г. Қазақ халқы салт-дәстүрлерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: ҚазМӨҒЗИ, 2005. -140 б.
2. Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., т.б. Ұлттық тәрбие (салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар негізінде). – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. -164 б.
3. Қазақ мақал-мәтелдерінің антологиясы / Құрастырған М.Күлкенов. – Алматы:
4. Бөлеев Қ. Қазақ отбасылық тәрбиесі. – Алматы: Отан, 2016.
3. Қазақы тыйымдар мен ырымдар / Құрастырған А.Құралұлы. – Алматы: Өнер, 1998.





**М. ӘБІЛҰЛЫ,**
**филология ғылымарының кандидаты, Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің доценті.**
Тараз қаласы

# "ЕДІЛ ҚАЛДЫ АРТЫМДА, ЕҢІРЕУ-ЕҢІРЕУ ЕЛ ҚАЛДЫ..."

*(Маралтай Райымбекұлының "Еділ қалды артымда", "Бабатүкті Шашты Әзіз бен Баб Ата" атты өлеңдері туралы)*

Бүгінгі таңда қазақ поэзиясының құдіреті мен эстетикалық қуатын әлем оқымыстылары мойындады. Отырарлық Әбу Нәсірден (әл Фараби) бастап, Махамбет, Абай, Жамбыл бабаларымыздың поэзиясы қазақ халқын дүние жүзіне танытты. Жыраулық поэзияны әріден бастайтын болсақ, ғұн дәуірінде өмір сүрген Молақсай жырау, Тоғанас жырау, онан кейін Кетбұға, Сыпыра, қазақ хандығы дәуірінде өмір сүрген Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз...Бұқар... т.б. шығармалары халқымыздың рухани мұрасына айналды.

Қазақ поэзиясы туралы сөз болса, Шығыс поэзиясын айналып өте алмайтынымыз тағы белгілі. Осы орайда немістің атақты ақыны Гетенің *"Шығыста жеті ақын бар, соның ең осалы – менен*

*мықты"* деген сөзін еске алсақ, кітабына әлем ақындары "Кітаптардың патшасы" ("Шахнама") деген атақ берген Фирдоусиді атасақ жеткілікті.

Бірақ қазақ топырағында – Отырарда туылған, дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы атанған отырарлық (фарабтық) Әбу Нәсірдің ақын екенін еске алсақ, ақындық өнерді қазақ халқының қадірлеп өткенін байқаймыз.

Тәуелсіздік жылдардағы әдебиет, тәуелсіздік жылдардағы поэзия десек, ***Маралтай Райымбекұлының есімі аталатыны даусыз.*** Бүгінгі таңда оқырмандарының жылы лебізіне бөленген, өзіндік үнімен, өзіндік өлең жазу мәнерімен қазақ поэзиясына үлес қосып келе жатқан ақындарымыздың бірі – Маралтай Райымбекұлының өлеңдері қазақ поэзиясынан ойып тұрып орын алатынына дау жоқ.

Көне ғұн дәуірінен бері халық намысын қорғап, халық мүддесін жырлап, халықпен қуанып, халықпен қайғырып келе жатқан жыраулардың сөз өнері бүгінгі таңда жастардың рухани байлығына айналды.

Жырауда ақындық қабілет болатыны белгілі, ал ақынның бойында жыраулық өнер төгіліп тұратыны – тағы да шындық. Әйтпесе Маралтай ақын Қазтуған жырауды жырламас еді...

Маралтайдың *"Еділ қалды артымда, еңіреу-еңіреу ел қалды // Жусанына шық тұнып,*



*меңіреу-меңіреу бел қалды..."* – деп басталатын ***"Еділ жұрт"*** атты өлеңі елім деп еңіреген кім-кімді болса да селт еткізбеуі мүмкін емес. Өлең жолдарының еріксіз тарих тұңғиығына жетелеп кететіні де рас. ***"Еділ қалды артымда...".*** Осы үш сөз сананы сырқыратады, көз алдыңа ғажайып Еділ тұманданып тұра қалады. *"Ай, заман-ай, заман-ай..."* – дейсің еріксіз. Сонан соң Маралтайдың өлеңі көңіліңді алай-түлей етеді: *"Шүйгін еді Сүйініш қарт жайлаған қыратым...".* Сонан соң баяғы Қазтуған жыраудың "Алаң жұрт" толғауы есіңе түседі. Сонан соң ойланасың: *"Е, Еділдің де Қазтуғаннан басқа жоқтаушысы бар екен ғой..."*- деп. ***Иә, Маралтай Еділді жоқтап отыр, бүкіл қазақтың атынан жоқтап отыр:***

*...Қайта айналып қона алмай*
*Қаңғып та кеткен құстарым,*
*Айналып ұшпай төбемде*
*Ғасылда болды-ау, мұратың...*

Немесе:

*Еділ қалып артымда,*
*шемен көңіл шерменде,*
*"Ерің қоса туады,*
*жерін Тәңір бергенде" –*
*дедім-дағы аттандым*
*аһ ұрдым да аулаққа,*
*Басқа түскен нәубеттен*
*медет меңзеп әруаққа.*

Ақынның ***езіліп жырлауы,*** езіліп жырлай

отырып, ***егіліп жырлауы,*** егіліп жырлап отырып, ***тебірене жырлауы*** өткен аласапыран ғасырлардағы ата-бабалаларымыздың басынан өткен сан қилы нәубеттерді көз алдыңа келтіреді. Еділді тастап қоныс аударған Қазтуған бабамызды жоқтай отырып, ***Маралтай да Еділді жоқтайды.*** Бірақ Еділде отырып емес, ***Жетісуда отырып жоқтайды.*** Күңірене отырып, ***күйзеліп отырып жоқтайды.*** Қазтуғанның басына түскен нәубет Маралтайдың да басына түсті. Қазтуғанның басына түскен нәубет – бүкіл қазақ халқының басына түсті. Қазтуған бабасының қайғы жұтқан шарасыз күйін Маралтай да мұңын шағып отырып жырлады. Маралтайдың басындағы бұл шарасыздық күй миллиондаған жүректі сыздатқаны тағы да рас.

*Еділ қалды артымда-*
*күңіренген көк қалды,*
*Қайыры жоқ бек қалды.*
*Жаны ашымас жеріне,*
*тексіз туған ездерге.*
*Намыс буған найзамның*
*ұшында үшкіл кек қалды.*
*Әй, Еділ жұрт, Еділ жұрт!*
*Белге семсер байланбай,*
*бес қаруын сайланбай,*
*Дұшпаныңа душарсың,*
*тыныш қалай жусарсың,*
*Бостандыққа сусарсың.*
*Ақыл айтар дана жоқ,*



*саумал сақтар саба жоқ,*
*Інгеніңнен іркіт жұт.*
*Мүйіздіңнен айран жұт,*
*Әй, қайран жұрт, қайран жұрт!!!*

Ақынның бұлайша өткен ғасырлар нәубетіне құлаш сермеуі де тегін емес, сол бір алмағайып аласапыран жылдарда, ағасының інісіне қастандық жасаған заманда, "қилы-қилы заман болып, суда жүзген ақ шортан қарағай басына шығатын" сұрқылтай кезең жақындап қалған заманда, Алтын Ордадан қалың қыпшақ арасынан, қалың ноғай арасынан қалың қазақ ұлысы бөлініп, өз алдына отау тігу үшін үдеріле көшкен заманда Қазтуған жыраудың күңіренген үніне осы заманда үн қосуы – ақынның азаматтық тұлғасын айғақтап тұр.

Иә, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған осындай бейбіт заманда күнбатыстан шошынған атам қазақтың арманы елді көбейту үшін, атамекенді жұмаққа айналдыру үшін үдере көтерілгені тарихымыздың қатпарлы беттеріне ойып тұрып жазылды.

*Уа, Еділ жұрт, Еділ жұрт-*
*Асыл сүйек Бозтуған анам*
*аяқ басқан жер,*
*Ақ ала Ордам нық тұрып,*
*ақ ірімшік шашқан жер,*
*Кетіп барам қош енді,*
*қош бол, қош-қош үш өзен,*

*Қара нардай жалқың ем,*
*қарға бойлы қалпыммен*
*Арылмастан бастан шер,*
*Қайта айналып көрмесем,*
*уай, бақұл бол Аспан-Жер! –*

дейді Маралтай!

***Бұл*** – өткен ғасырларда Қазтуған жыраудың туған жерін қимай өзгелерге тастап, артына жалтақ-жалтақ қарап, амалсыз кетіп бара жатқан Еділ жұртқа қазіргі егеменді ел болған, терезесі өзге елдермен тең болған Қазақ елінің бостандыққа шыққан еркін ұлының арнап өкіне жырлаған жыры.

***Бұл*** – Маралтай ақынмен қазақ халқының сол Еділді қайтара алмай өкініштен от болып жануы...

***Бұл*** – әділетсіз заманның әділетсіз үкіміне Маралтай ақынның арнап жазған жыры.

*Уа, есіл ел, Еділ жұрт-*
*Сенде қалды жолдасым,*
*кіндігімді кескенде.*
*Жасай алмай қарсылық,*
*Алла ісіне еш пенде,*
*Өңімде үміт өшкенде,*
*түсімде келіп кешкенде.*
*Уа, Еділім, еңіре!*
*Бір сыңарым келді деп...*
*Сен – батырсың,*
*мен батыр болдым екен несіне,*
*Басылмады қайтейін,*



*түгел жұттым мен сені,*
*Өрт боп кеткен өшіме.*
*Уа, Еділім, еңіре!*
*Уа, Еділім, еңіре!*
*Сенен қалған есіл жұрт*
*болар деп кімге несібе!*

Маралтайдың ***"Бабатүкті Шашты Әзіз бен Баб ата" атты балладасы*** өткен көне ғасырлардағы әйгілі тарихи тұлғалар Бабатүкті Шашты Әзіз бен Ысқақ Бабтың өміріндегі бірер сәт сипатталады. Бабатүкті Шашты Әзіз қазақ ауыз әдебиетінде жақсылық пен мейірімділіктің жоқшысы, әділдікті аңсаушы ретінде сипататалады.

*"...Қызыр Іліястың жанында әдетте «шілтендері» болады. Қазақтардағы ғайып – ерен қырық шілтен, Шашты Әзиз, Қызыр әулие секілді тіркестердің бәрі де осы кейіпкерге байланысты туған...»* («Ғылыми қосымшалар», кітапта: «Бабалар сөзі», Астана, «Фолиант» баспасы, 2005 – жыл, 293 – 294 – беттер) – деп жазады ғалымдар.

*Қызыл Ай теріскейде жүзіп барат,*
*Қызылкөл түстігінде - қызыл манат.*
*Шашты Әзіз жолбарыстай*
*ыңыранса,*
*Құрайы құла түзді ызылдатат.*
*Күреңсе, көкпек, изен-бүрі нала,*
*Қызғалдақ...*
*Күн құлдилап құбылаға.*

*Көгінен жиі-жиі жұлдыз ағып,*
*Тағдырын табыстады Ұлы Дала.*

Ақын түнгі көріністі осылай суреттейді, өлі табиғатқа жан бітіре сипаттайды: "Қызыл Ай теріскейде жүзіп барат..." Айлы түн. Жымыңдасқан жұлдызды дала. Желпіне соққан қызыл желдің құрайды ызылдатқан дауысы мына үн-түнсіз ұйқыда жатқан табиғаттың дем алысына ұқсайды. Оған ілесе Шашты Әзіздің ыңырана үн қатуы – мына табиғаттың тылсым күшімен қабысып, аспан төрінде жиі-жиі аққан жұлдыздың ізіне қып-қызыл шоқ тастай зымырауы тірі табиғаттың тылсым күшінің ғажайып көрінісінен күні ертең тарихи бір оқиғаның белең беретінінен хабар беретіндей.

Ғажайып сурет арқылы жалғаншы дүниенің от-жалынын санаға құя түседі: *"Үркерден үзік-үзік саз құлады...". "Адам мен перінің арасындағы қарым-қатынас "Едіге", "Шәкір-Шәкірәт" дастандарында да баяндалады* (Мақсат Әлсейтов, "Әмбебап қаламгер, ғалым һәм ұстаз", Тараз, 2018, 26-бет).

*"Перизат-пері қызы Шашты Әзізді*
*Сүйрелеп көлге қарай наз қылады...".*

Осындай тылсым күшке толы түннен соң таң атады. Түнімен ойланып-толғанып түйінді мәселені шешуге ұмтылған Ысқақ Баб дала таңынан әлдебір үміт ұшқындарын іздейді:

*“Мұраты, иманы да асыл-тұғын*
*Түбінің танып білсең ғасылдығын...”*



*"Арманы Жер жүзінде желбірету,*
*Хазірет Мұхаммедтің жасыл туын..."*

Ақын түркілердің түксиген жүзінен ерлік пен өрлікті танытатындай ғажайып бір сезіммен жырлайды:

*"Ал, енді, мына бір ел түркі деген*
*Ұқпадым заты қайдан, ғұрпы неден?*
*Ішінде не жатқанын кім біледі*
*Иилген түр байқатар сыртыменен...".*

Өліспей беріспеген, ат жалында жүріп елін, жерін қорғаған түркілерді бағындыру оңай емес екенін сезеді, Хазірет Мұхаммедтің жасыл туын ұстаушылар. Енді түркілер қайтер екен?

*Ерлікті пір тұтқан ел торықпайды,*
*Болса да мың жыл қырғын*
*зорықпайды.*
*Алдаспан, ақ найзадан тайсалмаған,*
*О, бұлар құдайдан да қорықпайды.*
*Ордалы оқ жыландай үймелеген,*
*Рухы күйремейді (Күйремеген!).*
*Айтқанын Пайғамбардың есіне алды,*
*"Түркіге өзі тимей тиме" – деген.*

Шашты Әзіздің ойлағаны:

*"Қан төгілмесе екен,*
*түркілер қан төкпей*
*Хақ жолына түссе екен...".*

Ақын өлеңінде нарға тиеген қырық түйе отын мен отыз түйе отынның ортасына Шашты Әзізді отырғызып, өртеп, онан Шашты Әзіздің отқа

жанбай аман-есен от ішінен шыққаны сипатталады. Шашты Әзіз от ішінде қалмас бұрын Аллаға жалбарынады:

*От ішінде Шашты Әзіз құбылаға*
*қарады...*
*..."Бір қолында асасы, бір қолында*
*Құраны,*
*Жүрегімен күбірлеп аузындағы*
*дұғаны.*
*Жаппар ием жар бол деп сәждеге*
*құлады,*
*Мұны көріп қалың ел бірге дұға*
*қылады.*
*Мұны көрген мұсылман бірі қалмай*
*жылады.*
*Бұлт кідіріп кенеттен өзен-сулар*
*тоқтады,*
*Құстар ұшпай әуеде, сөнді үміт*
*оттары.*
*Бір ғажайып тылсым орнады да...*
*Жоқ бәрі,*
*Баба түкті Шашты Әзіз тұрып келе*
*жатады,*
*Жетпіс түйе отынның жанып бітіп*
*шоқтары.*
*Құдіретін Алланың дүйім халық*
*көреді,*
*Шашты Әзізге сенеді, Баба атаға*
*ереді.*



*Аңыз емес ақиқат бұл сөзімнің дерегі.*
*Мұндай күнді түркілер:*
*"Ақ түйенің қарыны жарылған күн" – дер еді.*

***Бабатүкті Шашты Әзізді от-жалыннан аман алып қалған – қасиетті Құранның күші.*** Хақ адамдардың басына төнген қауіп-қатерді серпілтетін күштерге қасиетті Құранның жатуы, онан басқа Қызыр Атаның, Ғайып-Ерен қырық Шілтеннің, Маралтай ақын жырлап отырған Бабатүкті Шашты Әзіздің оттан аман шығуы діни қиссалар мен діни дастандардан тамыр тартады.

Бабатүкті Шашты Әзіз от ішінде қалғанда, жылжып келе жатқан бұлттың кідіруі, өзендегі ағып жатқан судың тоқтап қалуы, аспандағы ұшып жүрген құстардың жерге қонуы отқа оранған Шашты Әзіздің аман қалатынынан дерек береді.

Маралтай ақын "от ішінде аман қалу" желісіне сүйене отырып, Бабатүкті Шашты Әзіздің құдіретті де ғажайып бейнесін сомдап шығады.

*Ұлы түркі даласын шапағат нұр бояды,*
*Тапты солай жарасым бейбіт күннің оябы.*
*Дін қарындас орнығып жалғасуда той әлі...*
*Асасына Шашты Әзіз "Алла" сөзін ояды,*
*Найзасына Баб Ата үкі тағып қояды.*

Иә, Маралтай ақынның қазақ поэзиясына берері көп, талантында тылсым күшті тебірене жырлайтындай күш-қуаты мол, өскелең ұрпақтың Отанға деген ар-намысын жанып, өз халқына рухани мол азық бере беретініне сенеміз.

**Ғ. Ғ. ШӘРІБЖАНОВА,**
**Алматы энергетика және байланыс университетінің доценті, ф.ғ.к.**
Алматы қаласы

# ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУДА ЖАТТЫҒУ ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Аңдатпа.** Мақалада студенттерге сабақ үдерісінде қолданылатын түрлі тапсырмалар жүйесі қарастырылады. Қатысым жаттығуларының негізгі ерекшеліктері айқындалады. Әртүрлі жағдаятқа байланысты жаттығу түрлері жүйелі көрсетіледі. Білім алушылардың тіл мәдениетін көтеруге бағытталған сөйлеу-этикет формулаларының ресми, ресми емес түрлері көрстеіледі. Білім алушылардың қатысымдық қабілеттерін арттыру мақсатында байланыстырып сөйлеуге үйрететін сөз орамдары ұсынылады.

**Тірек сөздер:** проблемалық оқыту, қатысым жаттығулары, тіл мәдениеті, коммуникативтік дағды.

**Жаттығулар алуан түрлі.** *Олар ыңғайына қарай тілдік және сөйлеу, пысықтау және шығармашылық, талдау және жинақтамалы (синтетикалық), дайындық және сөйлеу, шартты-қатысымдық және қатысымдық жаттығулары болып әртүрлі жіктеледі.* Дегенмен, ***осы жаттығулар негізінде екі үлкен салаға – дайындық және сөйлеу жаттығуларына – бөлінеді [1].*** Біз солардың ішіндегі білім алушылармен жиі жүргізілетін түріне тоқталамыз.

***Шартты-қатысымдық және қатысымдық жаттығулары*** жағдаятқа байланысты күтпеген кенеттен болатын коммуникациялық дағдыларды жетілдіру



үшін пайдаланылады. Бұл кезеңде қарым-қатынас үстінде грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлей алушылықтары мен дағдыларын қолдана білулерін түпкілікті бекіту жүзеге асырылады. Бұл кезеңнің жаттығуларының коммуникативтік маңызы болу керек. Білім алушыларға тапсырманың келесі түрлері ұсынылады:

- *сұрақ-жауап жаттығулары;*
- *ілікпе сөз (үнқатым) жаттығулары;*
- *шартты әңгіме;*
- *жағдаяттық жаттығулар;*
- *рөлдік ойындар;*
- *репродуктивті (қайта жасалымды) жаттығулар;*
- *әңгімелеу;*
- *сипаттау жаттығулары;*
- *драмаландыру;*
- *пікір таластыру жаттығулары;*
- *ауызша әңгімелеу;*
- *бастама көтеру жаттығулары [2].*

Осы жаттығулар бойынша төмендегідей жұмыс түрлерін жүргізуге болады.

***Реподуктивті (қайта жасалымды) жаттығуларда*** білім алушылар оқыған мәтіндерін немесе көрген (фильм), естіген әңгімелерін, яғни, игерілген форманы жаңғырту қажет болған жағдайда жүргізіледі. Егер мәтінді әңгімелеу керек болса, бастапқыда жоспар немесе тірек сөздер арқылы, содан кейін жоспарсыз әңгімелеуді талап етуге болады. Көркем әңгіме болған жағдайда кейіпкерлердің бірінің атынан немесе жағын өзгертіп әңгімелетуге болады. Оқытушының талап етуіне байланысты қысқаша, толық немесе іріктеп әңгімелеу жолдары болады. Техникалық білім беретін жоғары оқу орындарының

бағдарламасына сәйкес семестрлік жұмыстың бір тапсырмасы ретінде мұражайда, кинода, театрда т.б. болғандарын әңгімелетуге немесе эссе жаздыруға болады. Ал көргендерін әңгімелеумен қатар сауатты жазуға дағдыландыруда өз ойларын жүйелі, көркем, әсерлі жеткізу үшін эссеге ***«Үшбу хат»*** деген жалпы айдар тағып, көрген фильмінің кейіпкеріне, ұстазына, алыстағы шетелдік досына т.б. хат жаздыруға болады. Ал диалогқа түсу қажет болғанда, таңдаған тақырыпқа байланысты тапсырма беріледі. Мысалы, «Демалыс күндері не істегің келетінін бізбен бөлісші», «Сен осы кейіпкердің орнында болсаң не істер едің?», «Бұл жағдаяттан шығудың тағы қандай жолдары бар?» т.б. Бұл жаттығуды орындау барысында етістіктің шақ категориясын, рай категориясын еске түсіруге болады.

***Сипаттау жаттығулары*** көрнекіліктер (суреттер, иллюстрациялар, фотосуреттер, кестелер) негізінде орындалады. Сұрау есімдіктері мен сұраулық шылауларды, сұраулы сөйлемдер құрылымын өткенде, хабарлы сөйлемдер, лепті сөйлемдерді еске түсіргенде осы жаттығу түрлері жүргізіледі.

***Драмаландыру мәтінді диалог түрінде беру үшін жүргізіледі.*** Мәтін рөл бойынша жаңғыртылып, білім алушылардан мәтіннен хабардар болу ғана емес, серіктесінің үнқатымын бақылай біліп, дер кезінде оған жауап қайтаруды талап етеді. Бұл жұмыс мәтінді дереу әңгімелеу қиындық тудырған жағдайда оны қолдана отырып жүргізуге болады. Тіпті техникалық мәтіндерді де осы сұрақ-жауап арқылы диалог түрінде мазмұнын игертуге әбден болады.

***Пікір таластыру жаттығулары*** қандай да бір мәселені, оқиғаны талқылауды көздейді. Оқытушы пікірталас тақырыбын, оның жүрісін, тірек



сөздерді, сөйлеу үлгілерін ұсынады. Пікірталасқа қатысушыларды, мәселені талқылайтын сұрақтарды тіркеп, белгілейді. Соңында пікірталас қорытындысы шығарылып, қатысушылардың жұмыстары бағаланады [3].

***Ауызша әңгімелеу*** *– тақырып бойынша толық сөйлеуді талап ететін сөйлеу жаттығуларының ішіндегі ең қиын түрі.* Сөз сөйлеу – алдын ала дайындалған немесе дайындықсыз да болуы мүмкін. Сөз сөйлеудің дайындықпен жасалатын түрінде қатысушыларға алдын ала тақырып беріледі, оған жоспар құрылып, лексика-грамматикалық бірліктер дайындалады.

***Бастама көтеру жаттығулары*** қатысушылар сұхбаттастарына сұрақ қойып, «интервью» жүргізетін сөйлеу жаттығуларының түрі.

Осы сөйлеу жаттығуларының ішіндегі жағдаяттық жаттығулар, рөлдік ойындар, драмаландыру, пікір таластыру жаттығуларында тиянақты түрде сөйлеу этикетінің формулаларын қолданған жөн. Ол үшін сөйлеу этикет формулаларының ресми немесе ресми емес түрлерін ажыратуға байланысты мынадай тапсырма беруге болады [4]:

| | |
|---|---|
| **Сәлемдесу** | Қайырлы күн (таң, кеш)! Сәлеметсіз бе! Сәлем! Амансыз ба! Қал-жағдайыңыз қалай? |
| **Танысу** | Сізбен танысуға бола ма? Менің сізбен танысқым келіп еді. Танысып қоялық. Таныс болайық. Өзімді таныстыруға рұқсат етсеңіз. Менің аты-жөнім... . |
| **Қоштасу** | Сау болыңыз! Көріскенше! Кездескенше! Жолыңыз болсын! |
| **Рахмет!** | Сізге өте разымын. Үлкен рахмет! Сізге алғыс білдіруге рұқсат етіңіз! Менің алғысымды қабыл алыңыз. Сізге сондай разы болғанымды білсеңіз ғой! Мен сізге көп нәрсеге қарыздармын! |

| | |
|---|---|
| **Өтініш** | Өтінемін... . Айтып жіберсіз бе? Егер сізге қиындық тудырмаса... . Көмектесіп жіберерсіз бе? Сізден сұрауға бола ма? Өтініш... . Мен былай істесем қарсы болмайсыз ба? |
| **Ұсыныс** | Айтуға рұқсат етіңіз. Мен мынаны айтар (ұсынар) едім. Былай істесек жақсы болар еді. |
| **Кеңес** | Сізге мынаны айтуға (істеуге, жасауға) рұқсат етіңіз. Сіздің көңіліңізді мынаған аударуға рұқсат етіңіз. Мен сізге мынаған кеңес берер едім. Мен сізге кеңес берсем қалай болар екен? Уақыты келді... . Осылай істеген жөн бодар еді. |
| **Шақыру** | Сізді шақыруға рұқсат етіңіз... . мен сізді ... шақырамын. ... атынан сізді шақырамын. Сізді көргенімізге қуаныштымыз. Мен сізді шақырсам қалай болады? Келуіңізді сұраймын... . барғыңыз келмей ме? Керек еді... . келгеніңіз дұрыс болар еді. Менімен бірге баруға қалай қарайсыз? |
| **Бас тарту** | Жоқ, бара алмаймын (қолымнан келмейді). Өкінішке орай қолымнан келмейді (олай істей алмаймын). Қуан келісер едім, бірақ ыңғайы келмей тұр. Ешқашан (еш уақытта) келіспеймін! Бұл туралы сөз қозғаудың қажеті (шамалы) жоқ! Олай істеу менің қолымнан келмейді. Сіздің өтінішіңізді орындай алмағанымыз үшін кешірім (өтінемін) сұраймын. |
| **Кешірім сұрау** | Кешірім өтінемін. Кешіріңіз. Айыпқа бұйырмаңыз. Айып ете көрмеңіз (айып етпеңіз). Кінәлімін. Кінәмді мойындаймын. Сізден кешірім сұрағым келеді. Ренжіме. Мен сізді ренжітейін демеп едім. Мен сізді көп уайымдатып қойдым. |
| **Тілектестік білдіру** | Менің сізге жаным ашиды. Осылай болғаны өкінішті. Мен сені түсінемін. Көңіліңізді түсірмеңіз. Өткенді еске түсіре бермеңіз. Өзіңізді қолға алыңыз. Берілмеу керек. Бәрі жақсы болады. Өмірде бәрі болады. Сіз бұған ештеңе істей алмайсыз. Сізге шын жүректен көңіл айтамыз. Қайғыңызға ортақпыз. |
| **Құттықтау** | Сізді ... құттықтауға рұқсат етіңіз. Менің шынайы (шын жүректен, ыстық) сәлемімді қабыл алыңыз! Мерекеңізбен шын жүректен құттықтаймын! |
| **Қошемет сөздер** | Сіз әдемі (жақсы, керемет, құлпырып) болып кетіпсіз! Сіз сондай тапқыр (сүйкімді, ақылды, парасатты, ұқыпты, құнтты) адам екенсіз! Сіз өз шаруашылығыңызды керемет жүргізеді екенсіз! Сізбен істес (бірге қызмет жасағаным, жұмыс істегенім) болғаным тамаша болды! |



***Пікірталасқа қатысушының сөз орамдары [5]:***

*– Мен бұған аса қатты сенімдімін...*

*– Біздің көзіміз жеткеніндей...*

*– Бұдан басқа...*

*– Маңызды мәліметтерді зерттей және бағалай келгенде...*

*– Тура (дәл) солай...*

*– Көріп отырғандарыңыздай...*

*– Менің бұған әбден көзім жетті...*

*– Біздің көзіміз жеткеніндей...*

*– Бұл арада, бәрінен бұрын мынаны болдырмау керек...*

*– Бірақ біз де білеміз...*

*– Айғақтардың бірі ретінде бұл ескерілмеуі мүмкін емес...*

*– Анықталған дәлеледердің жоқ болуына байланысты сіз осыған келіседі (келіспейді) деп үміттенемін...*

*– Егер тағы да дәлеле қажет болса...*

*– Түсінбеуіңіз мүмкін емес...*

*– Бұл осыған лайық...*

*– Сәті түскен істі қорытындылай келе...*

*– Әрине...*

*– Бұл жағдайда мен мынаған көңіл аударар едім...*

*– Сөзсіз...*

*– Келтірген дәлелдерімді аяқтай келе, мен мынадай қорытындыға келдім...*

*– Ол туралы айтпағанда...*

*– Мен былай ойлаймын...*

*– Біріншіден...*

*– Екіншіден...*

*– Ақыры...*

*– Бұлай істеген күдік тудырмайды...*

*– Бұл екіжақты естілуі мүмкін екенін түсінемін...*

*– Сіз өзіңіз де білесіз...*

*– Сіз менімен осылай болғанына келіседі деп ойлаймын...*

*– Керісінше...*

*– Енді мынаған көңіл аударсаңыздар екен... .*

Осындай жаттығу түрлерін алдын ала ойластырып, жүйелі жүргізген жағдайда білім алушылардың қазақ тілін оқуға, игеруге деген ынтасын арттырары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Цатурова И.А., Смирнова Н.И. Личностно-ориентированная система обучения русскому языку как иностранному в высшей технической школе // Межвузовская (с международным участием) научно-методическая конференция. Теория и практика обучения русскому языку как иностранному: сохранение преемственности и пути обновления. – Ростов на Дону: НМЦ «Логос», 2007. – С. 90.

2. Карташёва А.Н., Кенжегалиева С.К. Самостоятельная работа студентов национальных групп при обучении чтению текстов с национально-культурным компонентом // Дидактическая филология. – Нижний Новгород: 2016. №4. С. 41-49.

3. Жүнісбек Ә. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – А., 1998. – 120 б.

4. Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. – А., 2001. – 117 б.

5. Оразбаева Ф., Рахметова Р. С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – А., 2005. – 215 б.



***<u>Ұстаз мерейі</u>***

**К. Ж. АДИЛОВА,**
**№134 Лицей.**
Алматы қаласы

# ҚАДІРЛІ ӨНЕР ИЕСІ

Ұстаз… Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне бала кезден ұялап, ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесі. Адам баласының жүрегінде қадір тұтып, құрметтейтін бірінші ұғым – «АНА» болса, екінші ұғым – «ҰСТАЗ»

Ұстаз деген сөз әр адамзат үшін қашанда қасиетті, қадірлі. «Ұстаздан тәрбие алған» немесе «ұстаз алдын көрген» деген сөздер құлаққа «ана тәрбиесін алған» деген сөздермен ұштасып жатады. Ұстаз – әр адамның жанына жылулық пен білім дәнін сеуіп, әр шәкіртін аялап, өмір атты шексіз ғаламға жол сілтеп, көрсететін тұлға.

Дәлірек айтсақ, адамды өмір сүре білуге тәрбиелейді. Меніңше, адам жүре келе ұстаз болмайды, ол анадан жүрегімен ұстаз болып дүниеге келу керек. Сонда ғана өз жұмысының жемісі мен жетістігін көре алады. Сондай тұлғаның бірі –
Миразова Аягүл Төреқызы. Ол кісі 1971 жылы Жамбыл педагогикалық институтын тәмамдап, еңбек жолын Жамбыл облысы Жуалы ауданы Билікөл өңіріндегі Қарабастау аулындағы орта мектепте математика пәнінен мұғалім болып бастап, кейін директордың тәрбие жөніндегі орынбасары болып қызмет етті. 1977-1989 жылдарда Алма-

ты қаласындағы №86 мектепте математика пәнінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі, ал 1989-1991 жылдарда №136 мектепте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып еңбек еткен. Еңбегін бағалаған білім басқармасы 1991 жылы тамыз айында ашылған №159 мектептің тұңғыш директоры етіп тағайындаған. Өзінің қажымас қайратты еңбегінің арқасында осы мекемені 25 жыл үздіксіз басқарып келген.

Менің ойымша, кез келген мұғалім ұстаз бола алмайды. Себебі, ұстаздық өнер тағылымы – терең өнер. Ал өнерлі болу кез-келген адамға қона бермейді. Олай болса, шын ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы шарт. Мұны айтып отырған себебім, Аягүл Төреқызы Миразова – *Қазақстанның тұңғыш Еңбек Ері, «Алтын жұлдыз» және «Отан орденінің» иегері. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (1998ж). Ы.Алтынсарин атындағы медальдің иегері. Семей қаласындағы Қазақ инновациялық гуманитарлық құқықтық, университеттің Құрметті профессоры (2011ж), Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Гуманитарлық ғылымдардың Қазақстан Республикалық академиясының толық мүшесі (2014). Қазақстан Республикасының Білім Беру ісінің Құрметті қызметкері.*

Аягүл Төреқызының барлық педагогикалық қасиеттері мұғалімдер мен оқушыларға көмектесуге бағытталған. Баланың жоғары интеллектуалды биік



рухани-адамгершілікті тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізуді өзінің негізгі борышы деп есептейді.

*«Ұстаз болу өз уақытыңды аямай, өзгенің бақытын аялау»* – деп Мұхтар Әуезов айтқандай, уақытпен санаспай, балалардың болашағы үшін аянбай тер төгіп, жұмыс жасайды.

Ыбырай Алтынсарин атындағы №159 гимназияның Аягүл Төреқызы басшылық етіп тұрған уақыттағы жеткен мерейлі жетістіктері:

*– 1992 жылы мектепте «Пилоттық мектеп» информатикалық бағдарламасымен оқыту жүйесі іске қосылған.*

*– 1996 жылы Алматы қаласы әкімдігінің ұйымдастырылуымен өткен «Алматы қаласының педагогикалық ұжымдарының» байқауында мектеп ұжымы жеңімпаз атанды.*

*– 1997 жылы Республикалық «Әдістемелік бейне» байқауында 1-ші орын иеленді.*

*– 1997-1998 жылдары мектепке «Гимназиялық мектеп» дәрежесі берілді.*

*– 2001 жылы Республикалық «Таңдаулы мектеп» байқауының Бас жүлдесін жеңіп алды.*

*– 2011 жылы Республикалық «Таңдаулы мектеп» байқауының Бас жүлдесін екінші рет жеңіп алды.*

*– 2008 жылы №159 гимназия «Алматы қаласының 50 бәсекеге қабілетті таңдаулы мектеп» конкурсының Гран При жүлдесінің жеңімпазы болды.*

*– 2016 жылы Алматы қалалық «Үздік*

*педагогикалық ұжым» байқауының Бас жүлдесін иеленді.*

*– 2006 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері Ұлттық комиссиясының «Әйел басқаратын үздік мекеме» Республикалық конкурсының «Білім» номинациясы бойынша Бас жүлдесін жеңіп алды.*

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім- тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Шынайы ұстаз өз шәкірттерінің жүрегінде білімге деген сарқылмас ынта-ықыласты оятады. Аягүл Төреқызы "қанша жыл тер төгіп еңбек етсең де, «болдым, толдым, мен бәрін де білемін» деп айтуға болмайды" – деген ұстаныммен еңбек еткен ұлағатты ұстаз. Ол кісі – тек ұстаз ғана емес, аяулы жар, мейірімді ана.

Мен ойымды, Фариза Оңғарсынова апамыздың мына өлең жолдарымен өз аяқтағым келіп отыр:

*«Ұстазсыз жанда сөнбек күн*
*Шәкіртсіз өмір – сусыз жер.*
*Көрінбес ғажап еңбектің,*
*Бейнетін көріп жүрсіздер.*
*Жүректе тұрар жалқы үнің,*
*Жанымнан жалын, жігер күт!*
*Ұстазым, сенің әр күнің*
*Әр сәтің тұрған, бір ерлік!»*





ӘӨЖ: 80.801

**Е. АХМЕТ,**
**Абай ат. ҚазҰПУ**
**Филология және**
**көптілді білім беру**
**институтының 6М020500**
**– «Филология» мамандығының**
**2-курс магистранты.**

**С.А. ЖИРЕНОВ,**
**ф.ғ.к.,**
**қауымдастырылған профессор,**
**ғылыми жетекшісі.**

# ҚАДЫР МЫРЗА-ӘЛІ ЛИРИКАСЫНЫҢ ТІЛДІК КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Аңдатпа***

Қадыр Мырза-Әлі өлеңдерінің рухани астарына үңіліп, рухани күші мен құдіретіне талдау жүргізу, эстетикалық, этикалық тәліміне ден қою, поэма, баллада, дастан, толғауларының тарихи-танымдық ұстанымдарына, тәрбиелік, тағылымдық мәніне көңіл бөлу, көркемдік-шеберлік иірімдеріне үңілу арқылы ақынның тілдік тұлғасы мен азаматтық болмысын тануға болады.

***Кілт сөздер:*** поэтика, лингвистика, таным, семантика, тілдік тұлға, көркемдік таным, т.б.

***Аннотация***

Изучая духовные аспекты поэзии Кадыра Мырза-Али, анализируя его духовную силу, реагируя на эстетическое и этическое учение, обращая внимание на историко-познавательные принципы поэзии, баллады можно роспознать языковую личность поэта и гражданскую идентичность.

***Ключевые слова:*** поэтика, лингвистика, познание, семантика, языковая личность, художественное познание и др.

***Summary***

Studying the spiritual dimensions of the Kadyr Myrza Ali 's poetry6 analyzing his spirit powers, reacting to aesthetic teachings, paying attention to the historical and cognitive principles of poetry, ballads it is possible to recognize the language personality and civil disposition.

***Key words:*** poetics, linguistics, cognition, semantic,s linguistic personality, artistic cognition

***Кез келген халықтың сарқылмас мәдени мұрасын танытатын ұлттық тілі екені белгілі.*** Өйткені *«Қай халықтың болса да, қоғамдық өсу-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгі болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да, ақыл-ой тереңдігі, сана-сезім сергектігі көп салалармен тармақтала-молыға келіп, тағы да сол ана тілінің алтын қорына қосыла береді. Қай халықтың болса да, басынан өткен дәуірлері, қилы-қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі» [1, 353].*

Қазақ поэзиясының көгінен өз орынын тапқан озық ойлы таланттарымыз көп. Олар өлең өлкесінде өздерінің шығармашылық бай лабораториясын жасап, шеберліктерін танытып қазақ жыр-



қазынасының таусылмас байлығын жасап кетті. Құдіретті сөз өнері, оның ішінде поэзия XIX ғасырдың екінші жартысында Абай өлеңдері арқылы ең биік тұғырға көтерілді. Ал XX ғасырдың бел ортасында әдебиет есігін ашқан жас талап, жаңа буын өкілі – Қадыр Мырза-Әлі жырлары да сол биікке арман сапарына яғни альпинистік заңғарға қол созып, шырқау шыңға жол тартты. Қадыр Мырза-Әлі поэзиядағы парасаттылыққа мән бере отырып, ұлылықтан үйренуге талпынды. Әсіресе, ұлттық мұраны толықтыруға күш салды. Ақын ұлттық бай ауыз әдебиетінен жүзіп ішті, әсіресе шешендік өнердің шеберлігін меңгерді, философиялық тереңдігін игерді. Жыраулар поэзиясының өткірлігі мен өршіл рухын бойына сіңірді, тың сонарларын шалды. Яғни, халық даналығының небір нәрі мен дәнін жинады. Ғаламдық деңгейде дүние танымдарын жетілдірді. Өзіне дейінгі мықты білім қорымен қаруланды. Заманның өнегесі неде, өріссіздігі қайда екендігін ажырата білді.

Қадыр Мырза-Әлі өлеңдерінің рухани астарына үңіліп, рухани күші мен құдіретіне талдау жүргізу, эстетикалық, этикалық тәліміне ден қою, поэма, баллада, дастан, толғауларының тарихи-танымдық ұстанымдарына, тәрбиелік, тағылымдық мәніне көңіл бөлу, көркемдік-шеберлік иірімдеріне үңілу арқылы ақынның тілдік тұлғасы мен азаматтық болмысын тануға болады.

Қадыр Мырза-Әлі поэзиясындағы көркемдік жүйенің бір парасы өзі өмір сүрген кездегі

ауыл, ел тіршілігі, ұлттық мінез, ұлттық психология, қоғам тынысы, адам характері, табиғат көріністерінің көркем бейнесін жасауға негізделген. Шығармашылығында ұлттық сипаттар басым қазақ ақынының бірі – Қадыр Мырза-Әлі өз жолын алдыңғы аға буынның жеткен жерінен бастайтындығы белгілі. Поэзиялық шығармадағы ой-пікір ақын көзімен көріп білген, өз көңілімен сезінген өмірдегі нақтылы жағдайлардан алған әсерлер түрінде туған идея болып келеді. Жалпы жағдайға қатысты қорытынды-түйін, ақыл-кеңес, насихат болса да, ақынның көңіл күйіне сабақтастырыла айтылады. Яғни поэзиядағы идея шығарманың көркемдік қасиетімен тығыз байланысты болса, ал көркемдіктің, ақындық шеберліктің өзі озық идеялықпен ұштасып жатады. Көркемдік жүйені форма, стиль, тіл шеберлігі, композиция, характер, образ жасау, тартыс мәселелеріне жан-жақты анализ жүргізу деп білеміз. Ежелгі грек өнерінің табыстарынан, өзіміздің ауыз әдебиетіміздің тамаша үлгілерінен осы күнге дейін рахат табамыз, осы күнге дейін оған сүйенеміз. Себебі, ол – таза адамзаттық өнер. Әр дәуірдің өзі жасаған биік тұғырлары бар. Сондай-ақ поэзиядағы көркемдіктің де биігі бар. Ол қайталанбайды. Және оған кім көрінгеннің қолы жете бермейді.

Ақындардың барлығында қазақтың өлең мүмкіндігін мол пайдалану бар. Ол мүмкіншіліктер қазақтың қалыптасқан өлең құрылыстары мен мөлшерінен тыс тумаған, қайта солардың құбылған,



құлпырған түрлері дерлік. Қадыр Мырза-Әлі әр түрлі бейнелермен қазақ поэзиясының образдар галереясын байыта түскендігін білеміз. Образ, яғни ,көркем бейне – аса кең ұғым.

Қадыр Мырза-Әлінің поэтикалық тілі ешкімге ұқсамайтын даралығымен ерекшеленеді, сөз құдіреті арқылы ақын көрікті, әсем, сұлу сөз-бейнелер жасап, әрбір сөзді ойнатып жаңа реңк береді. Сөз-бейнелерінің көріктілігі, әсемдігі, сұлулығы, мағыналылығы, айқындылығы – ол қолданған айшықтау-көріктеу құралдарының негізінде жатыр. Троптың барлық түрін керекті жерінде таңдап жұмсап, қазақ лексикологиясының сөз байлығына мол үлес қосып, өзіндік сөз саптаудағы қолтаңбасын танытады. Ақын лирикалық шығармаларында мәтін ішінде контекстік антонимдер, көп мағыналы сөздер, бір-бірінен асырмалатып берілген синонимдер арқылы адам мен оның жеке басындағы сан-қилы өзгерістерді, қоғамдағы алуан түрлі оқиғаларды, табиғат құбылысындағы құпияларды байланыстыра отырып ашып береді. Сонымен бірге фразеологизмдердің жаңа авторлық құрылымдарын жасап, олардың бейне жасаудағы және оны ашудағы стильдік қызметін айқындайды. Ақын лирикасындағы стильдік құралдардың бәрі де образдылыққа /бейнелілікке/ қызмет етіп тұрғандығы – әр өлеңін оқыған кезде анық байқалады.

*Көктем кеп, күннің нұры шырайланды,*
*Көгімнің ажарына мың байланды.*

*Жер жүзіне жасыл кілем жайып тастап,*
*Құстар мен көбелектер шыр айланды.*

Мұндай сұлулық көркем әдебиетте көп кездесе бермейді. Байқап қараса, *осындағы мінсіз сұлулықтың күллі сыры – әр сөздің қарапайымдылығында, тазалығында, нақтылығында; басы артық бір сөз жоқ, орнын таппаған сөз тағы жоқ, әр сөз ешқандай жасанды бояусыз тап-таза, тұп-тұнық табиғи ажарымен балбұл жанып, жасаңғырап көрінеді.* Автор да соншалық табиғи, еркін, қолдан көрініс жасап қиналып жатқан жоқ. Біз бір ауық қағаз бетінде сөзбен кестеленген сурет емес, тұп-тура табиғаттың өзіне үңіліп қалғандай күйдеміз. Орнын тапқан әр сөздің контекстегі көркі әрқашан осындай болмақ.

Қадыр Мырза-Әлі өзінің лирикасының тілі арқылы қазақ поэзиясына, қазақ тілінің лексикалық қазынасының баюына, одан әрі дамуына үлкен жаңалық қосқандығы белгілі. Жалпы не жазса да дүйім жұртты дүр сілкінту – Қадыр Мырза-Әліге тән қасиет және бұл жәй тыз етпе ұшқырлық емес, алысты болжайтын, тереңнен толғай алатын көрегендік қабілет екені талас туғызбаса керек.

Айқындаулар ақынның сөз саптау шеберлігін, сөздік қорының байлығын, молдығын, бір сөздің өзіне түрлі айқындауды тіркестіре қолдану арқылы сол суретке түрліше реңк, оқырманға ерекше сезім, әсер дарытатындығын байқауға болады. Қадыр Мырза-Әлінің әдеттегі көріністерден үлкен ой, сырлы сезім өре білетінін дәлелдеу үшін оның бір



ғана ***«бұлт»*** сөзін қолданған үлгілерін жинақтап қарастырып көрейік:

***Селдіреу бұлттар*** *көктегі*
*Сетінеп кете жаздап тұр,*
***Қап-қара бұлт*** *негрдей*
*Ақ жаңбыр боп жауып тұр,*
*Атыраптың алқына алған деміндей*
***Ақша бұлттар*** *ауада еріп,*
*Бара жатыр көрінбей.*
*Жағалай* ***жабағы бұлт*** *түте-түте,*
*Жатқандай киіз басып байтақ аспан,*
***Шабан бұлттың***
*От қамшы*
*Шымбайына батады,*
*Шыңдарына* ***ақ бұлт*** *қонып,*
*Шыға алмаған киік те,*
*Күн көзіне тұрады олар кептіріп.*
***Мама бұлттар*** *су-су қылған иығын,*
***Қазбауыр бұлт*** *бөлек ұшып*
*Көлеңкесін өтті малып»,*
*Желге мініп азанда*
***Желбегей бұлт*** *ауады,*
***Шөкім бұлттар*** *тұрады,*
*Шуақ күні-ақ сіркіреп,*
*Зеңгір көкке* ***тұмса бұлт*** *топталады,*
*Зеңбірегі аспанның оқталады,*
*Борар болса аспанның құм дауылы,*
*Баса алмайды* ***сараң бұлттың*** *жауыны,*
***Сеңгір-сеңгір бұлттарды*** *жарып өтіп,*
*Самғап ұшар жастықтың әрі кетіп қалғаны ма,*
*Бір кездегі аспанның алып тоны,*

***Бұйра-бұйра ақ бұлттар** қалыпты оңып,*
*Көргенде **ала шабыр отар бұлтты***
*Көзіме ақтылы қой елестейді,*
***Қызыл қоңыр бұлты да,***
*Құм сияқты көшеді.[2,351]*

Ақын шығармаларындағы ***«бұлт» сөзінің*** өзі *селдіреу бұлт, қап-қара бұлт, ақша бұлт, жабағы бұлт, шабан бұлт, ақ бұлт, мама бұлт, қазбауыр бұлт, желбегей бұлт, шөкім бұлт, тұмса бұлт, сараң бұлт, сеңгір-сеңгір бұлт, бұйра-бұйра бұлт, ала шабыр отар бұлт, қызыл қоңыр отар бұлт болып кездеседі.*

Қ.Мырза-Әлінің суреттеулеріндегі біз келтірген үзінділер – ақынның бар шығармасындағы айқындаулардың толық жиынтығы болмаса да, суреткер шеберлігін, поэзияда суреттеу бейнелілігін аңғартарлық қолданыстар. Қазақ поэзиясының «алтын ғасыры» немесе 60-80 жылдардағы лириканың түрлік, мазмұндық, көркемдік тұрғыдан ілгерілеткен ақындарымыз көптеп саналады. Солардың ішінде ерекше сипатымен көзге түсетіні – Қ.Мырза-Әлі.

Поэзия дегеніміз тек лирика, тәтті жеміс емес. *Поэзия – өнердің басқа түрлері секілді, адамзат парасатына, ақыл-ойына әсер ету, өтуі, рухани сұранысына жауап беруі. Оның қызметі адамның жан-дүниесін жаңарту, ойландыру, толғандыру, пәктікті, сұлулықты сезінуі, қайғы-қасіретті де жүрегіңнен өткізу.*

Табиғат пен Адам егіз десек, ол өмірде де, өнерде де көрініс тауып жатады. Табиғатты суреттеуде



жиі қолданылатын теңеулерден де бұл үндестікті лирикалық кейіпкер көзімен адам ерекшеліктеріне жай ғана ұқсата алынбаған, оның өлеңдерінде ұлттық сипатты, мінезді, яғни қазақты танытатын қырлары теңеудің бейнесіне айналып отырған. Мысалы:

*Оқжетпесім шыдаған сағы сынбай,*
*Беріктігі қазақтың төзіміндей,*
*Асқақтығы Біржанның дауысындай [2, 81]*
немесе
*Көл беті жыбырлайды*
*Ақындардың шабытты кездегі бір ерініндей* [2, 80] т.б.

Ақын Қ.Мырза-Әлінің пейзажды бейнелеуде қолданған теңеулері суреткер шеберлігін, өзіндік талғамы мен танымын, көзқарасын, дүниетанымын жан-жақты таныта, байқата түседі. Поэтикалық мәтінге когнитивтік тұрғыдан қарау, ақынның көркемдік әлемін анықтауға жол ашты. Себебі мәтін арқылы танылған көркемдік бірліктердің санада қалыптасуы мен құрылымдарын ұйымдастыруындағы әдіс-тәсілдердің қыры мен сыры жан-жақты зерттеуді қажет етті.

Тілді ұлттық таным контексінде диалектика-динамикалық құбылыс ретінде қарастыру, оның қоршаған әлеммен де, адамдық факторлармен де сабақтастығын зерделеу қазіргі қазақ лингвистикасының ұлттық сипатымен қатар, ұлт өкілінің тілдік тұлғасын айқындауға септігін тигізіп келеді. Осыған орай, қазақ тіл білімінің концептуалдық қоры мен қолданыстық негізі де

құнды зерттеулердің дүниеге келуін қамтамасыз етер алғышарттар қатарын құрауда. Қазақ топырағында қалыптасып, ғылымдар тоғысында шешімін тауып келе жатқан тілтаным теориясының ғылыми негізде жекелеген ұлт өкілінің тілдік тұлғасы арқылы дәйектелуі де сол үзілмес байланыстың белгісі болып табылады.

Қадыр Мырза-Әлінің поэзиясын зерттеуді нысана ете отырып, ондағы танымдық бірліктердің мән-мағынасын, адам санасына берер ақпаратты айқындау арқылы ақын танымы мен ұлт танымы арасындағы сабақтастықты айқындауға болады. Қадыр Мырза-Әлі шығармаларының мазмұны ұлт рухына, ел намысына соқпай кететіндері кем де кем. Өзінің жалынды жырларымен ұлт санасын оятып, күңгірт көңілге сәуле дарытқан Қадыр Мырза-Әлі жырлары еліміздің керегесін кеңейтіп, ертеңімізге жол салатын бірден-бір құрал. Ақынды жаңашыл ақын дейміз, қоғамымызда елең алып жатқан өзекті мәселелер мен өмір толғаныстарына терең беріліп, шиеленістерді шешуге белсене бел буған ақынның ар-намысы мен рухы оның жалынды жырларында көрініс тапқан. Жұмысқа арқау етіп отырған ақын поэзиясының танымдық қазақ тіліне берер ақпараты мол. Тілші Э.Оразалиева: *«Қазақ тіл ғылымының концептуалдық қоры мен әдіснамалық негізі құнды да кешенді зерттеулердің дүниеге келуін қамтамасыз етер алғышарттар қатарын құрайтындықтан, қазақ топырағында қалыптасып, ғылымдар тоғысында шешімін тауып келе жатқан тілтаным теориясының ғылыми негізде дәйектелуі сол үзілмес байланыстың белгісі болып табылады. Жалпы тіл біліміндегі антропоөзектік бағытқа сәйкес тіл табиғатын адам болмысымен, оның қимыл-әрекетімен ұштастыра талдаған қазақ ғалымдарының да таным мәселелеріне назар аударуын, оның тілмен тоғысқан ерекшеліктеріне мән беруін заңды сабақтастықтың нәтижесі деп бағалаған дұрыс [3]»* – дейді.

Қадыр Мырза-Әлінің тілдік тұлғасы контексінде ұлттық танымның мәселелері автор танымында ерекше формада көрініс табады. *«Таным процесінде субъект және объект бір-біріне едәуір әсерін тигізеді. Таным объектісін таңдауының өзі субъектінің болуын қажет етеді. Ал бұл таңдау адамның іс-әрекеттер мінезімен және оның рухани қажеттіліктерімен айқындалады: біреуге өнер туындысы эстетикалық сезімдер объектісі болса, екіншісіне ол өнертанымдық анализ жасау объектісі» [4, 57.].* Таным теориясындағы осы тұжырымға сүйенсек, автор танымында өз ұлтының дүниені тану ерекшелігі толық көрініс тапқан.

Мысалы:

*Шіркін-ай, қандай ғажап дала біздің!*
*Құшағы құшағындай анамыздың.*
***Жетісу – жеті сыры*** *бабамыздың,*
***Жетісу – жеті жыры*** *баламыздың.*
*Көзің сал, сүйрік саусақ еккен гүлге,*
*Құлақ сал, жүйрік саусақ шерткен күйге.*
*Арынды дарындардың думанында*
***Жетісу – жеті тұлпар жеккен күйме.***

*Отанның болмақ емес айырбасы.*
***Жұмақтан жоқ жерімнің айырмасы.***
*Қазақстан деген бір әсем әннің*
***Жетісу – ең әдемі** қайырмасы! [2, 236]*

Бұл үзіндіде «Жетісу» бес нәрсеге баланып отыр: *сыр, жыр, күйме, жұмақ, әннің қайырмасы.* Сондықтан бұл суреттеулер күрделі танымдық ізденістің түріне жатады.

***Филологиядағы троптың бір түрі – кейіптеу** – жаратылыстың жансыз нәрселерін, тап жанды нәрселердей етіп, жандылардың істейтін амалдарын істеткізіп суреттеу.*

*Аспантау, Бөркің бе еді? Көркің бе еді?*
*Ақ бұлттар Шалкөденде төркіндеді.*
*Жоғалып кете барды келесі күн*
*Жайлауға ертіп келген Еркін мені.*
*Нұр түсіп көңілімнің күмбезіне,*
*Нар таулар шақырады күнде өзіне.*
*Бір-екі сүңгіп шығып тастай суға,*
*Бусанып жатам ұзақ күн көзіне.*
*Әділетке тас аттық,*
*Тілсіз қалды мың мықты.*
*Өтірікті босаттық,*
*Қамап қойып шындықты.*

Осы келтірілген үзінділердің бәрі де кейіптеуге жатады. Кейіптеу арқылы автор жансызға жан беріп, тілсізге тіл бітіреді, не қайғылы, не қуанышты оқиғаны суреттегенде, оған және табиғат қосылады да, оны бұрынғыдан да күшейте түседі. Шығармадағы оқиғаға табиғатты қатыстырып не қайғыртып, не қуантып суреттелген жерлер өте



әдемі, оқушыны еліткендей әсерлі және күшті боп келеді.

Шындық өмірдің әр түрлі құбылысы жалаң нәрсе емес, бір-бірімен байланысып ұштасып жатады. Оның түрлі жағы болады. Осы құбылыстардың түрлі жақтарынан не тек қана бір жағын алып, не атын ғана айтып көрсету күнделік сөздерде де, әдебиетте де өте жиі кездеседі.

***Тіл*** – шындық дүниенің адам санасында бейнеленуінің қажетті құралы болып табылатыны еш күмән келтірмейді. Тілдік құралдардың дамуы мен жетілуі адамның білімі, өмірімен байланысты тәжірибелік әрекетіне тікелей байланысты болатынын да ескеру қажет. *«Тіл-дегеніміз, ойлауды, танымды, коммуникацияны, информацияны сақтау және оны жеткізу, сондай-ақ адамды басқарудың құралы қызметін атқаратын, әлеуметтік-мәдени детерминацияланған белгілер жүйесі болып табылады» [4, 98].* Демек, ***ұлт танымындағы ерекшеліктің бірден бір көрсеткіші – тіл.*** Автор танымында ұлтқа тән таным көрінісі ***салыстыру*** арқылы беріліп отырады.

**Автор танымында:**

*Жүрегі сәл қозғалса,*
*Жолдасы тез жететін.*
*Сұрқия жылы сөз болса,*
*Сыртқа шығып кететін.*
*Көз ілдіріп алатын Қалжыраса, Ерінсе...*
*Қипақтап-ақ қалатын Қызыл жаға көрінсе!*
*Кейін көрдім Кавказың мен Қырымды,*
*Талай халық көшті,*

*Өшті,*
*Қырылды...*
*Жиен болса болған шығар бір кезде,*

***Құбылтудың (троп) түрлері көп. Әдеби тілдегі ең басты құбылтулардың бірі – ауыстыру, яки метафора (гр.-көшіру)*** *– сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау; сөйтіп, суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту.*

Ақын Қ.Мырза-Әлінің суреттеулерінде өзге көркемдік тәсілдер сияқты ***ауыстырудың да*** орны ерекше. Әдебиеттану ғылымына ауыстырулардың жасалу жолы жөнінен тосын жаңалық әкелмесе де, сурет келістілігі, әсерлілігі жөнінен, лирикалық кейіпкер ойының ұшқырлығы, қиял өрісі жағынан өз ерекшелігімен танылатыны дау туғызбасы анық. Тілімізде әдетте екі сыңары белгілі ауыстырулар жиі кездессе, табиғатты бейнелеуде Қ.Мырза-Әлі ауыстырудың бұл түрін кең қолданады:

*Күн нұры –* ***зер шымылдық төгілдірме,***
*Тереңмен, сірә, менің тегім бірге. [2, 73]*
*Көк мұнар –* ***көк шымылдық төгілдірме,***
*Көк мұхит секілденер егін бірде.*
*Ақ қайың –* ***ақ дүние, аппақ әлем,***
*Айтарға, жазарға сөз таппаған ем [2, 85]*
*Дала қандай, шіркін-ай, дала қандай!*
*Бала көңіл даланы қалағандай.*
*Қарап тұрсаң,*



*Ай –* ***сиыр***
*Жаңа туған*
*Жұлдыздарын болады жалағандай! [2, 113]*

Ақын қолданысындағы ауыстырулар лирикалық кейіпкердің таным көкжиегін, сезім айнасын танытқандай. Үзінділердегі автор көзімен суреттелген шындықтың, яғни ақ қайыңның өзге адамдарға аппақ әлем, дүние болып немесе айдың сиыр сияқты, желдің сүргі, шағалалардың жонқа тәрізді көрінбеуі мүмкін. Бір затты не құбылысты екінші затқа балау арқылы жасалған ауыстырудың қарапайым түрі пейзажды бейнелеуде оған ерекше ажар беріп, сурет келістілігін тереңдете түсетіні белгілі. Ақын өзінің ішкі тебіреністері мен толғаныстарын өлеңмен өре білген.

Табиғаттың келісті көрінісін, көрікті жерін сүйсіне суреттеуде ақын ауыстыруды сәтті, шебер қолданады. Өлеңмен ұлттық нақыш қана емес, ұлттың тарихы, әдебиеті әрі лирикалық кейіпкер қабылдауы аңғарылады. Мысалы, Көкшетауға арнаған өлеңінен үзінді оқиық:

***Көкшетау*** *– Қыз жібегің болса егер,*
***Сексен көл – сексен шолпы шашбаудағы...***
***Көкшетау*** *– Баян сұлу болса егер,*
***Сексен көл – сексен алқа өңірдегі...***
***Көкшетау*** *– Қажымұқан болса егер,*
***Сексен көл – сексен медаль жеңіп алған.*** *[2, 79]*

Ауыз әдебиетінің, ұлт тарихының бай мұрасына суарылған ауыстырулар – әсерлі естілумен қатар лирикалық кейіпкер дүниетанымының айнасы. Көкшетаудың сексен көлін шашбаудың сексен

шолпысына балаған тармақтың өзінен ұлттық бояу, болмыс көрінеді. Бұл жолдардың әсерін сезіну үшін қазақ боп туу қажет сияқты. Келесі тармақтарды жете түсіну үшін де Қозы мен Баян тарихынан, Қажымұқанның жетістіктерінен хабардар болуы керек.

Таным үдерісі үздіксіздігімен ерекшеленеді десек, дүние мен дүниедегі құбылыстардың, рухани-мәдени даму ерекшеліктерінің жаңғырып отыруы да – заңды құбылыс. Ақынның тілдік тұлғасы контексінде осы жаңашыл таным іздері де көрініс тауып отырады. Мұндайда ой мен сыр шынында да бір түрлі есіле түйдектеп, еселеніп келеді де, алдыңғы ұғымның аяғы соңғы ұғымның басына қайталана көшіп, өлеңге әсем әуез, әдемі әсер дарытқандай болады. Мысалы,

*Желпісемін жолықсам жырласпенен,*
*Жырластарды ең жақын сырлас көрем.*
*Азаматтың бақыты - достар десем,*
*Ал қызығы кәдімгі құрдас дер ем. [5, 46]*

***Әдепкі қайталаудың немесе анафораның (грекше - биікке шығару) үлгісі.*** Мұнда өлеңнің әр жолы немесе әрбір ой ағымы бір сөзден басталып отырады.

***Қайда барсаң –*** *бір бұғау,*
***Қайда барсаң*** *– бір темір.*
***Қайда барсаң*** *– қарғыбау,*
***Қайда барсаң –*** *қырт өмір!*
***Қайда барсаң*** *– мұңлы ана!*
***Қайда барсаң*** *– бір кедей,*
*Біреулерге кең дала –*
*Біреулерге түрмедей!*
***Қайда барсаң*** *–жалын,*
***Қайда барсаң –*** *бір өлім.* ***[6, 234]***

Осы тәріздес ақын өлеңдерінде эпифораның үлгілері де мол кездеседі. Немесе, төмендегі өлеңде де эпифораның үлгісін көруге болады:

*Күншілдер* ***өледі,***
*Көңілін от қарып.*
*Батырлар* ***өледі,***
*Борышын атқарып.*
*Бұзықтар* ***өледі,***
*Пышаққа құлшынып.*
*Сұлулар* ***өледі,***
*Құшақта тұншығып.*
*Арғымақ* ***өледі,***
*Артында шаң қалып.*
*Ақындар* ***өледі,***
*Бәріне таң қалып!*

***Кезекті қайталау, яки эпифорапың (грекше - соңынан алып жүру) үлгісі.*** Мұнда өлеңнің әр жолының соңындағы немесе әрбір ой ағымының аяқ жағындағы бір сөз бірнеше мәрте қайталанып отырады.

Сондай-ақ, ақын өлеңдерінде айшықтаудың бір түрі – ***дамытуға үлгі боларлық өлеңдер*** кездеседі. Мына өлеңінен үзінді оқып көрелік:

*Тұлпар жүрек бір ысып, бір суынып, түршігіп,*
*Тулағанда кеудеде, аунап түсті тіршілік.*
*Төмендеп кеп көк аспан, қайта кетті биіктеп,*
*Түсті орнына қара жер, көк аспанға бір шығып!*
*Таулар тұрды енді сен бұлтым болып сөгіл деп,*

*Бұлтың тұрды енді сен нөсерім боп төгіл деп.*

Ақын Қ.Мырза-Әлі өлеңдерінде көркемдік ерекшеліктер мол. Ажарлау, құбылту, айшықтаудың қайсысын да іздеп табуға әбден болады. Бірақ, ақын көркемдік құралдарды мол болсын деп өлеңді әшекейлей бермеген, белгілі бір айтайын деген ойына шақ, жарасымды бейнелілік құралдарын пайдаланған.

Ұлттық таным халықтың ғасырлар бойы жинақталған өмірлік тәжірибесі, дүниені қабылдау ерекшелігі, рухани-адамгершілік құндылықтарды қабылдау ерекшелігі негізінде қалыптасқан болмысты этносқа ғана тән ерекшелікпен қабылдау үдерісі. Болмысты сол ұлтқа тән пайыммен қабылдап, адамзаттық биіктіктен жарыққа шығарған ақын Қадыр Мырза-Әлінің тілдік тұлғасы контексіндегі ұлттық таным ақын өлеңдеріндегі жекелеген тілдік бірліктер арқылы құрылымдалып көрініс табады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мүсірепов Ғ. Уақыт іздері // Авгейдің ат қорасынан бастайық. – Алматы, Жалын, 1977. – 353-363 б.

2. Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Т2 –Алматы: Жазушы, 1989. – 432 б.

3. Оразалиева Э. Когнитивті лингвистка қалытасуы мен дамуы. –Алматы: «Ан арыс» 2003, 568 б.

4. Философиялық сөздік. –Алматы, 1986. – 238 б.

5. Мырзалиев Қ. Сөз сиқыры - Алматы: Жазушы, 1988. – 464 б. 25. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1994. – 448 б.

6. Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Т1 –Алматы: Жазушы, 1989. – 432 б.



**Г. ӘБІЛОВА,**
**Сайын Шапағатов атындағы**
**мектеп-гимназиясының қазақ тілі**
**мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,**
**филология ғылымдарының магистрі.**
Маңқыстау облысы,
Форт-Шевченко ауылы

# МАҢҚЫСТАУ ӘДЕБИЕТІ

*(Абыл ақын және Мұрын жырау шығармалары туралы ой)*

Абыл ақын 1777-жылы Маңқыстауда туып-өскен, 1864-жылы қайтыс болған. Абыл-суырыпсалма ақын болған. Жыраулық өнерімен аты шыққан. Табан астында өлеңдетіп, жиын-тойларда халықтың сүйіспеншілігіне бөленген. Абылдың өнеріне бүкіл Атырау аймағы тәнті болған.

Абылдың ақындық өнеріне көршілес Хиуа хандығындағы, қарақалпақ, түркімен жеріндегі қазақ, өзбек, қарақалпақ түркілерінің ауыз әдебиеті де әсер етеді. Осы аймақтарды көп аралайды. Ондағы жыршы-жыраулармен бірге жүреді.

Абыл ақын өз туындыларымен бірге ***«Ноғайлының қырық батыры»*** атты дастанды жырлайды.

Абылдың ***«Сүйінқара батырға», «Құлбарақ батырға», «Естірту», «Қайыпалдыға айтқандары», «Баймағамбетке айтқаны», «Кәрілік»*** т.б. шығармалары қазақ әдебиетінің асыл қазыналарына жатады.

Ақынның ***«Сүйінқара батырға»*** деп аталатын өлеңінде:

*Сен барда сүйеулі еді арқам жарға-*
*ай,*
*Қатепті қайыспайтын қара нардай.*
*Аузына байтақ жұрты анталаған,*
*Сүйекем сөйлер еді-ау қарқуардай,* – деп, Сүйінқара батырды мадақтай сөйлейді. Көз алдыңа көк найза ұстаған, сұсты, астындағы аты аспанға атылып тұрған сурет елес беріп өтеді. Сүйінқараның шешендігі сипатталады. Онан соң:

*Сүйекем сапар шекті сексен бесте,*
*Сисемде қалды жатып-аю төсте.*
*Қорлыққа көнбен деген бір пенде еді,*
*Ажалға о да көнді салған іске...* («Ай, заман-ай, заман-ай...», бірінші том, XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын- жырауларының шығармалары, екі томдық, Алматы, 1991-жыл, 170-бет) – деп батырдың шаһит болғанынан хабар береді. Сексеннің бесіне келіп қайтыс болған батырды, жаудың табанында қалып қорлық көргім келмейді деп елі үшін қаһармандық көрсеткен батырды жырлайды.

Ақынның ***«Естірту»*** деп аталатын поэзиялық туындысы *«Асқар, асқар, асқар тау...»* – деп басталады. Қазақ ауыз әдебиетінде қайтыс болған адамды құрметтеу, оның жақсы ісін ел-жұртқа насихаттау арқылы өскелең ұрпақты имандылыққа тәрбиелеудің бағыттары сезіледі. Дүниеден өткен адамды туған-туысқандарына өлеңмен, әуенмен, күймен естірту деген салт бар.



Абыл осы дәстүрді дамытушы ақын.

*Асқар, асқар, асқар тау,*
*Асқар таудың басына,*
*Балапан ұшып шыға алмас.*
*Сұңқардан қыран құс болмас,*
*Соқтасы қатпай аң алмас.*
*Айдын, айдын, айдын көл,*
*Асарлап төксең суалмас.*
*Қабырғасы қатқан кәрі боз*
*Қаржалған күні жүгіре алмас.*
*Алғыншы алсаң аруды ал,*
*Артында жылап қалса кім алмас,*
*Желбезекке жебе дарыса,*
*Өрге балық жүзе алмас.* («Ай, заман-ай, заман-ай...», бірінші том, XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын жырауларының шығармалары, екі томдық, Алматы, 1991-жыл, 170-171-беттер).

Абыл өткен ғасырлардағы Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз жыраулардан қалған дәстүрді жалғастырушы көркем сөз шебері.

***Қазтуған:*** *«Алаң да алаң, алаң жұрт...»,*
***Доспамбет:*** *«Тоғай, тоғай, тоғай су...»,*
***Шалкиіз:*** *«Жел, жел есер, жел есер...», «Ор, ор қоян, ор қоян...»* – деп жырласа,
***Абыл:*** *«Асқар, асқар, асқар тау...»,»Айдын, айдын, айдын көл...»* – деп жырлайды. Мұның өзінен ақын-жыраулар поэзиясындағы ұлттық рухани үндестіктің бар екенін байқаймыз.

* * *

Қазақ ауыз әдебиетінің дамуына қомақты үлес қосқан жыраулардың бірі – Мұрын жырау Сеңгірбекұлы. Мұрын жырау 1859-жылы Маңқыстаудың Бозашы деп аталатын жерінде дүниеге келген. Әкесі Сеңгірбек атақты Абыл ақынмен үзеңгі жолдас болған.

Маңқыстау әдебиетінің көрнекті өкілі-Мұрын Сеңгірбекұлы туралы көптеген ғылыми - танымдық мақалалар жазылды. Белгілі әдебиетші-ғалым Қ.Сыдиықов өзінің ***«Тағылымды тұлғалар»*** атты кітабында Мұрын жырау туралы былай деп жазады: *«Қырымның қырық батыры» аталатын қазақ халқының қымбатты қазынасын біздің дәуірімізге ұластырған аса көрнекті жырау - Мұрын Сеңгірбекұлы.*

*Мұрыннан жазылған «Қырық батыр» жырлары Н. Сауранбаев, М.Әуезов, В.Жирмунский, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, М.Ғабдуллин, С.Садырбаев, Т.Сыдықов, Р.Бердібаев, О. Нұрмағамбетова сияқты ғалымдар еңбегінде жоғары бағаланған.*

*1944-жылы Ташкентте өткен Орта Азия фольклоры туралы бүкілодақтық ғылыми конференцияда Мұрыннан жазылған «Қырық батыр» жырының дүние жүзілік маңызы бар деп танылды...»* (Қ. Сыдиықов, «Тағылымды тұлғалар», зерттеулер, мақалалар мен толғаныстар, Алматы, 2000-жыл, 91-бет).



Қ. Сыдиықовтың бұл еңбегінен Мұрын жыраудың ауыз әдебиетіне қосқан мол мұрасын байқаймыз.

Маңқыстау түбегінде1870-1873-жылдардағы Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы халықтың наразылығы белең алды, шаруалар көтеріліске шықты. Патша үкіметі көтеріліске шыққандарды жазалады. Осындай езгіге шыдамаған қалың қазақтар шоғырланған бірнеше ауылдар Хиуа өңіріне қоныс аударды. Бірнеше мыңдаған қазақтар Арал теңізінің солтүстік өңіріне қоныстанды, бірнеше мыңдаған қазақтар өзбек, түркімен жеріне қоныс тепті. Мұрын ағайын-туғандарымен бірге Бесқала (қарақалпақ) жеріне орналасады. Бұл жөнінде Қ. Сыдиықовтың былай деп жазатыны бар: *«Мұрын Қарақалпақ жерінде Қарыз (кейде Қораз деп те аталады-Қ.С) жыршымен бес жыл іргелес, көрші отырады, Үдербай баласы Мәулімберді жыраумен бір жылдай бірге жүреді, Қарасай, Қалым, Бегім жыраулардың қасына еріп, олардан жыр үйренеді. Орта Азия елдерін, ондағы қазақ, қарақалпақ ауылдарын аралап, жиын, тойға қатысады. Мұрынның өз айтуынан жазылған деректерге қарағанда, ол Нұрым жыраумен бірнеше рет кездескен. Алғашқы кездесуі -19-20 жасында Нұрымның қасына төрт ай еріп жүруі.*

*1870-жылы Хиуа өңіріне қоныс аударған Мұрын араға он жыл салып, 1880-жылы ата*

*қонысы Бозашыға оралады. 1880-1884-жылдар Қашаған ақынмен бес жыл бірге жүріп, жыр үйренеді...»* (Қ. Сыдиықов, «Тағылымды тұлғалар», зерттеулер, мақалалар мен толғаныстар, Алматы, 2000-жыл, 91-92-беттер).

Міне, Мұрын жыраудың өскен ортасы осындай талантты, атақты жыраулардың ортасы болған. Жыраулық өнердің қыр-сырын білуге, бұл өнердің халықтың эстетикалық ләззат алуына тікелей әсер ететініне көзі жеткен. Осындай халқына деген махаббаты Мұрынның ***«Қырымның қырық батыры»*** атты ұзақ дастанды жаттап алуына ұласқан.

1942-жылдың 12-қаңтарында СССР Ғылым академиясының қазақ филиалының Президиумы Төрағасының орынбасары Қ.И.Сәтбаев пен СССР Ғылым академиясының қазақ филиалының тіл, әдебиет және тарих институтының директоры Н.Т.Сауранбаевтың Қазақ ССР Халық комиссарлары кеңесінің Төрағасы Н.Д.Оңдасыновтың атына Мұрын жырау Сеңгірбаев жырларын стенографияға түсіріп алу қажеттігін баяндайтын Мәлімдеме хатында Мұрын жырау туралы былай деп жазылған: *«1939-жылғы диалектологиялық экспедицияның есебі бойынша СССР Ғылым академиясының қазақ филиалына «Қырымның қырық батырын»* айтатын көнекөз жыраудың есімі мағлұм болған еді. ***Бірақ осы уақытқа дейін белгісіз себептермен филиал тарапынан бұл жырларды жазып алу мақсатында ешқандай шара қолданылған емес.***

1941-жылы қарашының басында Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің хатшысы Бузурбаев жолдастың мақұлдауымен СССР Ғылым академиясының қазақ филиалы Қазақстанды зерттейтін қоғаммен бірлесе отырып, қазақ әдебиетінің тәжірибелі жинаушысы А.Хангелдин жолдасты Маңғышлаққа жіберген болатын. Ондағы мақсат – аталған фактінің ақиқаттығына көз жеткізіп, мүмкін болған жағдайда жергілікті жердің өзінде -ақ сол жырларды толықтай жазып алу шараларын ұйымдастыру еді.

Хангелдин жолдас Шевченко қаласында бір жарым ай болып, Алматыға оралғанда, аталған жырау жайлы және оның жырлары хақында барынша толық мағлұматтар алып қайтты.

*«Жырау Мұрын Сеңгірбаев қазір 81 жаста. Ол Адай руынан шыққан. Бұл күндерде ол Шевченко қаласының Киров көшесіндегі №76 үйдегі күйеу баласының қолында тұрады. Ара-тұра зергерлікпен айналысады. 2. Өзінің және онымен замандас қариялардың сөзіне қарағанда, Мұрын Сеңгірбаев «Қырымның қырық батыры» туралы жырды жырлауды 18 жасында меңгерген. Майталман жыршы.*

*Ұзақ жылдар бойы ол осы жырды айта жүріп бұрынғы Бұқара, Хиуа өңірлерінің қол астындағы Әмудария мен Сырдарияның аралығын*

*қоныс еткен елдерді, Каспий мен Қара теңіздің оңтүстік жағалауын мекендеген халықтарды аралап шығады...»* (Қ.И.Сәтбаев, Н.Т.Сауранбаев, «Мәлімдеме хат», кітапта: «Батырлар жыры, алтыншы том, Алматы, «Жазушы» баспасы, 1990-жыл, 258-бет).

Біз бұл мағлұматтардан қазақ ғалымдарының ауыз әдебиетін жинаудағы жанқиярлық еңбектеріне тәнті боламыз. ***Халықтың рухани байлығы болған «Қырымның қырық батыры» қырғыз халқының «Манас» жырынан, тіпті Шығыстың атақты «Мың бір түн» кітабынан да үлкен. Бұл – баға жетпес байлық.*** Өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге бағытталған аса маңызды оқу құралы екені де рас.

Мұрын жырау жырлайтын «Қырымның қырық батыры» дастанында атақты қырық батыр: Ала тайлы Аңшыбай батыр, осы Аңшыбай батырдың баласы Баба түкті шашты Әзіз бен Ер көкше, Ер қосай; Парпария батыр; Парпария батырдың баласы Құттықия батыр; Құттықия батырдың баласы Едіге батыр; Едігенің баласы Нұраддин батыр; Нұраддин батырдың баласы Мұса батыр; Мұса батырдың баласы Мамай батыр; Мамай батырдың баласы Орақ батыр; Орақ батырдың баласы Қарасай батыр; Қарасай батырдың баласы Қази батыр; Қази батырдың баласы Қарадөң батыр; Қарадөң батырдың баласы Жұбаныш батыр; Жұбаныш батырдың баласы



Сүйініш батыр; Сүйініш батырдың баласы Ер Тегіс батыр; Ер Тегіс батырдың баласы Ер Көгіс батыр; Ер Көгіс батырдың баласы Тама батыр; Тама батырдың баласы Тана батыр; Тана батырдың баласы Нәрік батыр; Нәрік батырдың баласы Шора батыр; Ақжонас батыр; Ақжонастың баласы Кеңес батыр; Кеңес батырдың баласы Жанбай батыр; Жаңбыршы батыр; Жаңбыршы батырдың баласы Телағыс батыр; Шынтас батыр; Шынтас батырдың ұлы Төрехан батыр; Қарғабойлы батыр; Қазтуған батыр; Қазтуған батырдың ұлы Манаш батыр; Манаш батырдың баласы Тұяқбай батыр; Айса батыр; Айса батырдың баласы Ахмет батыр; Алау батыр; Тоған батыр; Темір хан батыр; Әділ батыр; Сұлтанкерім батыр; Сұлтанкерімнің баласы Шырман батыр; Қобыланды батыр жырланады.

Қазақ ғалымдары Қ.Сәтбаевтың, Т.Сауранбаевтың Мәлімдеме хатынан олардың халықтың рухани қазынасына деген шынайы қамқорлығын байқаймыз. Ауыз әдебиетін жинаушы А. Хангелдиннің еңбегіне тамсанамыз.

Осынау ұзақ жырланған, көлемі де орасан үлкен «Қырымның қырық батыры» жырының әдебиет сахнасына шығуы туралы деректі де Мұрын жыраудан естиміз: *«Қырымның қырық батыры» жайлы жырдың дүниеге келуі турасында Мұрын жырау қария мынадай жайды мәлімдейді: бұл жырлардың бірінші шығарушысы, осыдан шамамен 500 жылдай бұрын өмір сүрген, қазақ*

*халқының тарихында аты аңызға айналған Сыпыра жырау. Сыпыра жырау өзінің бұл туындысын жаңа ұрпақ өкілі Әбіл жырауға аманат еткен. Әбіл жырау болса, өзінен кейінгі Нұрым жырауға, ал ол-төртінші буынның өкілі Мұрын жырауға аманат етіп қалдырған. Мұрын жырау қазір 81 жаста. Одан аталған жырларды үйреніп қалған бесінші буыннан әзірше ешкім жоқ...»* (Қ.И.Сәтбаев, Н.Т.Сауранбаев, «Мәлімдеме хат», кітапта: «Батырлар жыры, алтыншы том, Алматы, «Жазушы» баспасы, 1990-жыл, 258-бет).

Міне, оқып отырсыздар, сонау бес жүз жыл бұрын пайда болған жыр ұрпақтан ұрпаққа осылай жеткен екен. ***Енді біздің міндетіміз*** – осындай орасан, көлемі үлкен жырды өскелең ұрпаққа ұсына отырып, оларды отаншылдық бағытта тәрбиелеу – Ұлы мақсаттардың бірі екенін сезінуіміз керек. ***Батыстан қаптаған, біздің салт-дәстүрімізді жұтып қоятын қауқары бар техногендік өркениетке қарсы тұра білуіміз қажет. Ол үшін ауыз әдебиеті үлгілерін жастарды тәрбиелеу құралы ретінде санаға орнықтыра білуіміз қажет.***

Абыл ақын да, Мұрын жырау да – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері. Олар Маңқыстау аймағында өмір сүріп, жыраулар мен ақындар поэзиясына қомақты үлес қосты, келер ұрпақтарға таусылмас мол мұра қалдырып кетті.



***<u>Ұстаз ұсынысы</u>***

**А. Н. МАМИРКАНОВА,**
**Бастауыш сынып мұғалімі,**
**мектеп-лицей №53.**
Астана қаласы

# ОТБАСЫЛЫҚ ОҚУ – ҰРПАҚТАРДЫҢ РУХАНИ БАЙЛАНЫСЫ

*«Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік»*

***Ғабит Мүсірепов.***

Қазіргі қоғамызда отбасының мәртебесін және рөлін арттыру да, рухани бай болуымыз да кітап оқуға тікелей байланысты болып тұр. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. *«Надан жұрттың күні – қараң, келешегі тұман»,* – деп М. Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Біз кітап оқу арқылы ғана білім мұхитында еркін жүзіп, іздеген мұратымызға жете аламыз.

Менің ойымша, оқушылар көп әдебиеттер оқыса, коммуникативтік бірлескен қарым-қатынас негізінде «мұғалім – оқушы» арасында өзара бір-бірін құрметтеу, мойындау, бір-бірін тыңдай білу, түсіне білу, өзара сыйластық әрекеттері пайда болып, толеранттық пен мейірімділік көзқарастары пайда болады. Бұл педагогикалық идеялар білімді ізгілендіру болып табылады, яғни білім беруде баланы ең жоғарғы құндылық деп тану. ***Олай болса, мұғалімдердің алдында тұрған басты мақсат*** –

*алдындағы оқушыларға таза білімнің өзін берумен қатар, алған білімін өмірлік қажеттіліктеріне сай пайдаға асыра білуге үйрету, алған білімін түрлі өмірлік жағдаяттарда қолдана алуға көмектесу болып саналады.*

Мен көркем әдебиетті оқу арқылы, тілін дамыту мақсатында отбасылық кітап конференциясын өткіздім. *"Кітап оқу балаларға рухани азық болып, жеке шығармашылығын дамытуға көп септігін тигізеді,"* – деген сенімдемін.

Мұның барлығы бізге тіл дамытуға, өзімізді тәрбиелеуге үйретеді. Балаларға кітап таңдауға еркіндік беріп, олар өздерінің ұнатқан кітаптарын алды. Күнде оқыған кітаптары туралы ойларын, зерттеу дәптерлеріне жазып отырды.

Оқу конференциясына ата-аналар тарапынан да қолдау болып, балаларымен бірге ат салысты. Оқушылар сабаққа жақсы қатысып, өздерінің жақсы оқырман екендерін көрсете алды. Оқушылар өздерінің сүйікті кітаптарын жариялауға ынталы болды. Оқушылар: *«Батырлар», «Ол кім? Бұл не?», «Ертегілер», «Танымдық кітаптар», «Қожанасыр хикаялары», «Жеті қазына»* сияқты кітаптар туралы ойларын ортаға салды. Кітапты жариялау барысында мынадай сұрақтар ұсынылды:

- *Сіз осы кітапты неге таңдадыңыз?*
- *Автор жөнінде айтыңыз. Кітаптың қай бөлігі қатты ұнады? Неге?*
- *Сол бөлік туралы айтыңыз. Өзіңізге аса ұнаған бөлігін оқып беріңіз.*
- *Қай бөліктері түсініксіз болды?*



- *Оқиға туралы оқығанда, сіз өзіңізді қалай сезіндіңіз?*
- *Осы тақырып туралы тағы қандай ақпараттар таба аласыз?*
- *Бұл кітаптан не үйрендіңіз?*
- *Маған қандай сұрақтар қойғыңыз келеді? Мен сізге қалай көмектесе аламын?*
- *Осы автордың басқа кітаптарын білесіз бе?*

Оқушыларға кітап оқуға дейін зерттеулер жүргіздім. Бұл зерттеулердің нәтижесі бойынша, оқушылар кітап оқуға уақыттары жете бермейтінін айтты. Бос уақыттарының көбін теледидар, компьютер алдында өткізетінін мойындады. Ата-аналары жұмыс бабымен көп жүретінін, кітап оқуда ата-аналар тарапынан көмек болмайтын кездері де анықталды. Бірақ менің байқағаным – осы оқу конференциясын өткізу барысында көзқарастарының өзгеруі. *"Ата-анаң кітап оқып бергенін қалайсың ба?"* – деген сұраққа барлық бала ата-аналарының кітап оқып бергенін қалайтынын және осындай кітаптар оқыса деген ойларын айтты.

Мені бұл конференциядан таң қалдырған бір жағдай – ол сынып оқушыларының тек қана ертегі немесе көркем әдебиеттерді ғана оқып коймай, танымдық кітаптарға деген қызығушылық танытулары. Олардың әр-түрлі жан-жануарлардың адам анатомиясының қыр-сырын танып білуге деген ұмтылыстарын байқадым. Менің ойымша, оқушылар танымдық әдебиеттермен айналысып,

жан-жануарлар әлеміне, археология ғылымына немесе адам анатомиясына қызығушылық танытқан, “білсем-көрсем” деп талпынған жас буын үлкен болашаққа, білім-ғылым шыңына деген бастаманың қайнар бұлағы – деп ойлаймын.

Оқу конференциясынан кейін, оқушылар мен ата-аналардың алған әсерлері мен көңіл- күйлерін жазғандары өзімді де қызықтырды.

***Альтайрдың анасы:*** *«Оқу конференциясы» өте жақсы өтті. Балалар кітап оқудың қаншалықты маңызды екенін түсінді – деп ойлаймын. Осы конференцияның арқасында оқушылардың кітапқа деген қызығушылықтары, тіл байлықтары артты, өз ойларын еркін жеткізуге үйренді. Ақсауле Нурислямқызына көп рахметімізді айтамыз! Балаларды кітап оқуға қызықтыра*



*білді. Уақыттарын тиімді пайдаланып, әр минутын бос жібермеуге үйретті. Мұғалім әр балаға өз кітабы туралы айтуға мүмкіндік берді. Балалар өз ойларын түсінікті, толық жеткізді.*



***Шалқардың әкесі:*** *Осындай тәлім-тәрбиелік өнеге болар шараны өз нақышында, биік дәрежеде ұйымдастырып өткізуге еңбек еткен ұстазға мыңда бір рахмет айтамын!*

***Ерасылдың анасы:*** *«Оқу конференциясы» өте қызықты өтті. Оқушылар әр кітапты жақсы қорғап шықты. Өздерінің ата-аналарымен бірігіп жасаған суреттерін, макеттерін көрсетіп, әңгімелеп берді. Осындай конференцияларды жиі өткізсе, оқушылардың өздерінің ынтасы жоғарлап, жасқаншақ мінездерін жеңе біліп, ашылады, – деп ойлаймын.*

***Жанерке:*** *Мен кітапты көп оқимын. Менің ойымша кітапты көп оқыса білімді, ақылды, ұқыпты болады. Менің оқыған кітабым «Қожанастыр туралы хикаялар». Мен осы кітапты оқығанда сөзге жүйріктікті, әзілкештікті, тапқырлықты үйрендім.*

***Сайда:*** *Мен және менің отбасым кітап оқығанды жақсы көреді. Мені «Адам денесі» туралы кітап қызықтырды. Мен осы кітапты қорғадым. Кітапты оқи отырып, мен қаңқа туралы, ас қорыту, қан айналу, бұлшық еттер және адам денесіне байланысты көп нәрсені білдім. Осы кітаптың авторына рахметімді айтқым келеді. Өйткені, бұл кітап өте қызықты және пайдалы.*



*Оқушылар өздерінің жас ерекшеліктеріне сай, өзіндік дамуына, қоршаған ортада танымдық деңгейінің өсуіне, ойын еркін қағаз бетіне түсіруге*

*қол жеткізді.*







Осы өткізілген сабаққа өз мектебіміздің ұстаздары қатысты. Әріптестерімнің пікірі бойынша, осындай жұмыстар баланың жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына үлкен әсер етеді. Өйткені, жұмыс барысында олар жеке, жұпта және топта жұмыс



істеуді үйренеді. Оқушылардың өзіне деген сенімі нығаяды.

Біздің сыныбымызда өткен «Оқу конференциясында» балалар оқу, жазу, бір-біріне түсіндіру, сұхбаттасу арқылы зор рухани байлыққа ие болды. Оқушылар бір-бірімен кітаптары туралы ой қозғап, пікір алмасты. Оқу конференциясы өткен күн барлық балалар үшін, ата-аналар үшін және әріптестерім үшін, сонымен бірге мен үшін де рухани байлыққа толы күн болды.



Қорыта айтқанда, қазіргі заман талабына сай мұғалімнің ролі – оқушы тұлғасына өзіндік даму қабілетін дамытуға түрткі болу, көркем шығармаларды көп оқу арқылы, тіл байлықтарын дамыту, оларды оқу мен іс-әркет жасауға баулу, баланың қолынан келетін істеріне қолдау жасау арқылы көмек көрсету. Менің ойымша, “АКТ” технологиясын оқу үрдісінде қолдану, оқушылардың әр мәселеге өз көзқарасын қалыптастырады, бұрынғы білетіндерімен салыстырады, әр нәрсеге қорытынды жасап, бағалайды, бірігіп жұмыс жасайды, бір-бірінің пікірін тыңдайды, оқушының іс-әрекеті жүйеленеді, дүниеге сыни көзқарасы қалыптасады.

Мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы, тіл байлығын дамытуға жақсы әсер берері анық. Сондықтан да үйрете отырып, үйренейік, әріптестер!

**Ғ. АБДЫКУЛОВА,**
**«Күйкен орта мектебі» КММ.**
Бейнеу ауданы,
Маңғыстау облысы

# ЕКІ БАТЫРДЫҢ КӨБІКТІ ЕЛІНЕ ЖАСАҒАН ШАБУЫЛЫ. ҚАРЛЫҒА ҚЫЗ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаты:** | **5.Т/Ж2.** Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау. **5.Б/С2.** Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау. |
| **Сабақ мақсаты:** | **Барлық оқушылар:** әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды. **Оқушылардың басым бөлігі:** Троп түрлері, типтік бейне ұғымдары қалыптасады. **Кейбір оқушылар:** кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалай алады. |
| **Бағалау критерийлері:** | Әдебиет теориясына байланысты портрет және кейіпкер туралы біледі. Эпостық жыр мен ертегінің айырмашылығын талдау арқылы ажырата алады. |
| **Тілдік мақсаттар:** | **Оқушылар:** Жырдың бөлімдеріне мазмұндау жоспарын құрып, өз ойларын айта алады. **Негізгі сөздер мен тіркестер:** *мінездеме, троп түрлері, жер-су атаулары.* **Жазылым бойынша ұсыныстар:** *үш түрлі түсініктеме күнделік, жасырын сұрақтар, әдебиет теориясы.* |
| **Құндылықтарға баулу** | Шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау. |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ тілі, тарих пәні. |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | Қобыланды батырдың жорыққа аттануы. Қобыландының Сырлы қала мен Қырлы қаланы алғандағы ерлігі. |
| **Жоспар** | |

| **Жоспарла-натын уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер** | **Дерек-көздер, ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақ басы 5 мин.** | **Ынтымақтастық атмосферасын орнату.** Топтық жұмыстар үшін оқушыларды 4 топқа бөлеміз. **Ой қозғау: «Идеялар себеті»** Топта өз идеяларын ортаға шығарып жазып отырады, өздерінің | |

| | | |
|---|---|---|
| | жалпы эпос туралы білетіндерін батырлар жырының ерекшелігіне байланысты пікірлерін білдіреді. | |
| **Сабақ ортасы 32 мин.** | **Білу және түсіну**<br>Берілген мәтіндерді балалар тыңдайды.<br>**Қолдану**<br>Оқулықтағы тапсырмаларды орындау.<br>**Топтық жұмыс**<br>**11-тапсырма. «Үш түрлі түсініктеме күнделік» әдісі**<br>**А).** *Жырдағы кейіпкерлерге мінездеме жазыңдар. Әр кейіпкер туралы ойларыңды қорытындылаңдар.*<br>**1-топ** – *Қобыланды;*<br>**2-топ –** *Қараман;*<br>**3-топ –** *Құртқа;*<br>**4-топ** – *Қарлыға.*<br>[Кейіпкер \| Мінездеме \| Қасиеттері қалай суреттелген?]<br>**Жеке жұмыс**<br>**Ә).** *Жырда кездесетін кісі аттарын, қаланың,таудың, өзен-көлдің атауларын кесте жасап, толтырыңдар.*<br>**Б).** *Венн диаграммасы.* | Оқулық, хрестоматия, қима қағаздар, маркерлер |

| Кейіпкер | Мінездеме | Қасиеттері қалай суреттелген? |
|---|---|---|
| | | |



| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ соңы 3 мин.** | **Үйге тапсырма**<br>**13-тапсырма.**<br>***«Ерлігі еліне арналған...»*** деген тақырыпта шағын эссе жазыңдар.<br>**Кері байланыс. «Бір минуттық эссе»**<br>*Мені таңғалдырды ...*<br>*Мен үшін қиын болды ...*<br>*Маған ұнады ...*<br>*Мен алдағы уақытта ...* | |
| **Қосымша ақпарат** | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?** | **Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?** | **Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)** |

**Ү.С. КӘРІБАЕВА,**
**Талдыбұлақ ЖОББ мектебі,**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі.**
Қарағанды облысы,
Жаңаарқа ауданы,
Талдыбұлақ ауылы

# ҚАЖЫМҰҚАН – ОТБАСЫ ҚАМҚОРШЫСЫ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары** | **6.3.3.1.** Шығармада кейіпкерлердің қарым-қатынасын отбасының құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.<br>**6.3.2.1.** Кейіпкерлер жүйесінің заманауилығын өзара салыстырып баға беру. |
| **Сабақ мақсаты** | **1.** *Қажымұқан образын бүгінгі қоғамдағы кейіпкерлермен салыстыру.*<br>**2.** *Қажымұқан мен Подубный образдарына отбасылық құндылық тұрғысынан талдау жасау.*<br>**3.** *«Қажымұқан – отбасы қамқоршысы» тақырыбында эссе жазу.* |
| **Бағалау критерийі** | • *Басты образды бүгінгі қоғамдағы кейіпкерлермен салыстырады.*<br>• *2 образға отбасылық құндылық тұрғысынан талдау жасайды.*<br>• *«Қажымұқан - отбасы қамқоршысы» тақырыбында эссе жазады.* |
| **Тілдік мақсаттар** | **Талқылау сұрақтары:**<br>– Бүгінгі қоғамның Қажымұқаны кімдер? Қажымұқан образын бүгінгі қоғамда кімдерге теңер едіңдер? Неліктен?<br>**Эссе жазу үшін пайдалы тіркестер:**<br>*Менің ойымша...*<br>*Бұлай ойлау себебім ...*<br>*Оны шығармадағы .... сәттерімен дәлелдеуге болады.*<br>*Қорытындылай келе....* |
| **Құндылық-тарға баулу** | Қажымұқанның отбасыға деген қамқорлығын аша отырып, оқушылар бойында отабасыға деген құрмет сезімдерін нығайту;<br>Сабақтағы постермен топтық, жұптық жұмыстар олардың арасындағы достық қарым-қатынасты бекітіп, бір-бірінің пікірлеріне құрметпен қарау, өзіне жауапкершілік алу, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын жақсартады. |
| **Пәнаралық байаныс** | Шығарма мазмұны тарих, спорт салаларымен байланысады. |
| **Алдыңғы білім** | Кейіпкерлерге өз көзқарасы тұрғысынан баға бере алады, кейпкерлерді шынайы өмірдегі адамдармен салыстыра алады. |
| **САБАҚ БАРЫСЫ** | |

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы 10 мин.** | **Ширату жаттығуы**<br>**С. «Қарлы кесек әдісі»**<br>Оқушылар қима қағаздағы жазылған сұрақтарды бір-біріне лақтырады. осы сұрақтарға жауап береді.<br>**Сұрақтар:**<br>***1.*** *Қажымұқан қанша жасынан қара жұмысқа жегілген?*<br>***2.*** *16 жасында қанша кг жүкті көтерген?*<br>***3.*** *Шөбі бар шананы қожайынының үйіне сүйреп әкелуде қандай қиыншылықтарға жолықты?*<br>***4.*** *Қажымұқанның ең алғашқы бапкері кім?*<br>***5.*** *Қажымұқан әлемнің қандай қалаларында өнер көрсетті?* | Қима қағаздарға жазылған сұрақтар |



| | | |
|---|---|---|
| | **Ынталандыру:** Ауызша мадақтау<br><br>**Топтастыру:** төмендегі сөздермен 3 топқа жайғасады.<br>***1.*** *Алып күш иесі.*<br>***2.*** *Сенімді адал дос.*<br>***3.*** *Әлем таныған Қажымұқан.* | |
| | **ТЖ. «Рауна-Робин» әдісі**<br>Оқушылар өз тобына түскен сөзге 2 сөйлеммен ақпарат бере алуы керек. ***Мысалы***: *Қажымұқан – алып күш иесі, себебі ол 300 кг майлы кеспекті қиналмай 16 жасында көтерген. т.б.*<br>**С. «Миға шабуыл»**<br>Мұғалім оқушылардың назарын тақтаға аудартады.<br>*«Мен әжеме осы тапқан ақшамнан 70 сом ақша салып жіберуім керек».* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *берген ақшаңыз менің істеген жұмысыма лайықты емес. Осы қаржыға тағыда ақша қосыңыз-, дейді Қажымұқан қожайынына .*<br>**Сұрақ:** – *Оқушылар, осы тақтадағы сөздерден Қажымұқанның бойындағы тағы қандай басқа қасиетін көре аламыз?*<br>**Жауап:** – *отбасына қамқоршы, мейірімді.*<br>– Дұрыс айтасыңдар! Ендеше бүгінгі сабақта Қажымұқанның осы бір қасиеті шығармада қалай көрініс табатындығына талдау жасаймыз (сабақ мақсаты, | |



<table>
<tr><td></td><td>критерийлерді талқылау).</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы 20 мин.</td><td>ТЖ. «Т кестесі» графикалық органайзері<br>– Бүгінгі қоғамның Қажымұқаны кімдер?<br>– Қажымұқан образын бүгінгі қоғамда кімдерге теңер едіңдер? Неліктен?<br>– Салыстыру жасап, ойларыңды дәлелдеңдер.
<table>
<tr><th>Қажымұқан</th><th>Бүгінгі күннің Қажымұқаны</th></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
Бағалау критерийі: • Басты образды бүгінгі қоғамдағы кейіпкерлермен салыстырады.<br>Дескриптор:<br>- Қажымұқанға балама ретінде бүгінгі қоғамнан бір тұлғаны таңдайды;<br>- Кімге ұқсататындығына дәлелдер жазады;<br>ҚБ. Өзара бағалау. «Сэндвич» әдісімен ұтымды жағын, ұсыныс, және позитив пікір</td><td><br><br>Постер, маркерлер</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | білдіреді.<br>**ЖЖ. Венн диаграммасы**<br>Қажымұқан мен Подубныйдың отбасыға деген қарым-қатынасына баға беріп көріңдер.<br>**ҚАЖЫМҰҚАН** **ПОДУБНЫЙ** | Постер, маркер-лер |

| | | |
|---|---|---|
| | **Бағалау критерийі:**<br>• 2 образға отбасылық құндылық тұрғысынан талдау жасайды<br>**Дескриптор:**<br>- Қажымұқанның отбасыға деген қарым-қатынасына шығармадан дәлелдер жазады;<br>- Подубныйдың отбасыға деген қарым-қатынасына дәлелдер жазады;<br>- Екі отбасында қалыптасқан отбасылық құндылықтар жүйесін анықтайды;<br>**ҚБ. Өзара бағалау.** Дескрипторға негізделген жұпаралық кері байланыс<br>**Ж.** «Қажымұқан – отбасы қамқоршысы» тақырыбына эссе жаз. | <br> |



| | | |
|---|---|---|
| | **Тапсырма арқылы саралау:**<br>• ***А.*** *Басты образды бүгінгі қоғамдағы кейіпкерлермен салыстырады.*<br>• *2 образға отбасылық құндылық тұрғысынан талдау жасайды*<br>*«Қажымұқан - отбасы қамқоршысы»тақырыбында эссе жазады*<br>***В.*** *Бұл оқушыларға эссе жазу үшін бағыттаушы сұрақтар беріледі. Мысалы:*<br>*- Қажымұқанның отбасына жанашырлығын қайдан көре аласың?*<br>*- ол әжесі туралы ойлағанда қандай сезімде болып еді? Т.б.*<br>***С.*** *Бұл оқушылар мұғалімнің қолдауынсыз дербес жаза алады.*<br>**Бағалау критерийі:** «Қажымұқан – отбасы қамқоршысы» тақырыбында эссе жазады.<br>**Дескриптор:**<br>- Тақырыпқа сай жазады;<br>- Мазмұнды ашады;<br>- Орфографиялық, пунктуациялық норманы сақтайды;<br>**ҚБ. Өзара бағалау.** Мұғалмнің жазбаша кері байланысы. | |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы 10 мин.** | **Кері байланыс «Ақ желкен әдісі»**<br><br>**Рефлексия:** *мен бүгінгі сабақтан не білдім, қандай ақпарат алдым, нені білгім келеді?*<br>**Үйге тапсырма:** ***«Мен пір тұтқан спортшы»*** *(дерек көздерді жинап келу.)* | Желкен сұлбасы |

| | | |
|---|---|---|
| **Саралау**<br>**Тапсырма арқылы саралау:**<br>**А.** ПОПС формуласына сүйеніп жазады. Мысалы:<br>***Менің ойымша...***<br>*«Қажымұқан – отбасының тірегі, қамқоршысы, сүйеніші».*<br>***Бұлай ойлау себебім ...***<br>*Оны шығармадағы .... сәттерімен дәлелдеуге болады.*<br>***Қорытындылай келе....***<br>**В.** Бұл оқушыларға эссе жазу үшін бағыттаушы сұрақтар беріледі. Мысалы:<br>- Қажымұқанның отбасына жанашырлығын қайдан көре аласың?<br>- ол әжесі туралы ойлағанда қандай сезімде болып еді? Т.б.<br>**С.** Бұл оқушылар мұғалімнің қолдауынсыз дербес жаза алады. | **Бағалау**<br>Сабақта қалыпьастырушы бағалау үшін мақсатқа сай тапсырмалардан соң бағалау критерийлері мен дескрипторлар ұсынылады. Оқушылар дескрипторға сүйеніп жұпта, топта өзара бағалау жүргізеді. Кері байланыстар «сэндфич» әдісімен жүзеге асады. Эссе жұмысына жазбаша кері байланыс беруді жоспарлаймын. | Денсаулық сақтау және қауіпсіздік<br>Сабақ топтық, жұптық, жеке жұмыс формаларында ұйымдастырылады.<br>Сабақта «Қарлы кесек», «Рауна-Робин», «Т кестесі», «Венн диаграммасы» графикалық органайзерлері, ПОПС формуласына негізделген белсенді әдістер қолданылады. |



**Л. Е. ШЫРДАБАЕВА,**
**«Қ.Жазықов атындағы орта мектебі» КММ.**
Кемерши ауылы,
Байғанин ауданы,
Ақтөбе облысы

# СҮЙІСПЕНШІЛІК – ШЫНАЙЫ СЕЗІМ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | **Т/А 1** Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау.<br>**Ж/3** Мәтін құрылымын (кіріспе, жалпы мәлімет беру, детальды мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген үдерісті сипаттап жазу.<br>**Ж/2** Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады :** Мәтін желісі бойынша негізгі ойды анықтай алады.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады :** Мәтін бойынша негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды және мәтін құрылымын сақтай отырып, берілген үдерісті сипаттап жаза алады. |

| | |
|---|---|
| | **Кейбір оқушылар орындай алады :** Мәтін бойынша негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды және мәтін құрылымын сақтай отырып, берілген үдерісті сипаттап жаза алады және көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала жаза алады. |
| **Т і л д і к мақсат** | **Негізгі сөздер мен тірек сөздер:** дос, сүйіспеншілік, ұлы адамдар, шынайы сезім, Шәмші әндері. **Диалог құруға, мәтін құруға арналған пайдалы тіркестер:** адалдық, достық, шынайылық, бауырмалдық **Талқылауға арналған сұрақтар:** **1.** Сүйіспеншілік туралы не білесің? **2.** Көркем әдебиеттен қандай жағдаяттарды еске алар едің? |
| **Бағалау критерийлері** | **1.** Мәтіндегі негізгі ақпараттарды анықтай алады. **2.**Мәтін желісін сақтай отырып, мазмұндай алады. **3.**Мәтіндегі негізгі ойда анықтап, сұрақтар әзірлей отырып, суреттер желісі бойынша әңгіме құрастыра алады. |
| **А л д ы ң ғ ы оқу 3 минут** | «Ұлы адамдар достығы» **«Сұрақтар қобдишасы»** әдісі арқылы сұралады. |



| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басы** **1 минут** **Ортасы (30 мин.)** **2 мин.** **4 мин.** **6 мин.** | **Коллаборативті орта қалыптастыру.** **«Әуеден жеткен ақ тілек»** Оқушылар түрлі түсті шарларды таңдап алып, жару арқылы ішіндегі тілектерді оқиды. Шарлардың түстері арқылы топқа бөлінеді. Сабақтағы оқу мақсаттарын хабарлау, бағалау критерийлері жазылған парақшаларды үлестіру.  **Ой шақыру** **1 тапсырма** **«Күн шапағы» стратегиясы** «Сүйіспеншілік туралы не білесің?» **топтастыру.** | Түрлі түсті қағаздар Аудио құрылғылар |

| | | |
|---|---|---|
| | **Күн шапағына орналастыру.** **Тыңдалым кезі.** Аудиожазба арқылы мәтінді тыңдайды. ( Шәмші туралы) **2 тапсырма. Айтылым.** Мәтіндегі негізгі ақпараттарды есіне сақтап, тақырыбын қояды. **3 тапсырма Жазылым. «Галереяны шарлау».** Оқушылар тыңдалған мәтін бойынша Шәмші Қалдыаяқовқа деген сүйіспеншіліктердің бәріне ортақ ойды ажыратады. Пікір айтушылар кімдер? Мәтін туралы ойларын, сүйіспеншілік туралы пікірлерін постерге түсіреді. (Постер графикалық органайзер арқылы сызылады.) **ҚБ. «Гүлдер» арқылы жүргізіледі.** **4 тапсырма Жазылым. Үш деңгейлі тапсырма.** **1 деңгей** Функционалдық — мағыналық кесте. (Тәжірибелік карта) | Аудио жазба<br>Сызба -қағаздар<br>Үлестірме парақша |



| Дос дегеніміз кім? | Дос қандай болу керек? | Достық тек адамдар арасында болады ма? | Сүйіспеншілік дегенді қалай түсінесің ? | Шынайы досыңды айта аласың ба? |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| | **2 деңгей** **« Коллаж» әдісі** арқылы берілген қиынды сөздерден сөйлем құрастыру. Сөйлем құрамындағы эмоционалды – экспрессивті сөздерді табу. **Құрастарлатын сөйлемдер** *«Шәмші - қазақ өнеріне үлкен жаңалық және ұлттық бояуы қанық өлмейтін туындылар олжалаған аса дарынды сазгер екендігін дәлелдеген өнерпаз»* *Халқымыз барда Шәмшінің әндері де мәңгілік болып қала береді.* *Мен де оның вальстеріне іңкәр көңілімді айтып жеткізе алмайтынмын.* *Шәмші Қалдаяқов асқан дарын иесі еді.* *Шежіресі мол шерлі дала Шәмші әндерімен қашан да шуақтанады.* **3 деңгей** **«Детальдарды қосу »** Алынған білімдерін көрсету | Үлестірмелі парақша |

| | | |
|---|---|---|
| | үшін естіген барлық ақпараттарын кеңейте отырып, толық мағыналы мәтін құрастырып шығады. **Ескерту: 3 деңгейдегі оқушылардың жұмысында эмоционалды – экспрессивті сөздер болуы тиіс.** | |
| **Соңы**<br>**3 мин.**<br><br>**1 мин.**<br><br>**2 мин.** | **«Айналмалы бекет» әдісі** арқылы сабақ қорытындыланады.<br>**4 жазылым тапсырмасы арқылы «Шәмші -ел аузында» кластер құрастырады.**<br>**Бағалау парақшаларын толтыру.**<br>**Кері байланыс: «Менің көңіл күйім» баспалдағы** арқылы жүргізіледі. | Түрлі-түсті стикерлер |

**Қосымша ақпарат**

| | | |
|---|---|---|
| **Саралау** – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз? | **Бағалау** – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлай-сыз? | **Пәнаралық байланыс –** Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтар мен байланыс (тәрбие элементі). |



| | | |
|---|---|---|
| **1 деңгей** ***Функционалдық — мағыналық кесте толтыру*** (Тәжірибелік карта)<br>**2 деңгей** ***«Коллаж» әдісі*** арқылы берілген суреттерді қатыстырып, сөйлемдер құрастырады.<br>**3 деңгей** ***«Детальдарды қосу»*** Алынған білімдерін көрсету үшін естіген барлық ақпараттарын кеңейте отырып, толық мағыналы әңгіме құрастырып шығады. | **1.**Қалыптастырушы бағалау топтық жұмысты ***«Гүлдер» «Көңілді смайликтер» арқылы жасайды.***<br><br>***2. Бағалау парақшасы арқылы жасайды.*** | **2. Бағалау парақшасы арқылы** Әдебиет Өзін –өзі тану Музыка |
| **Рефлексия** *Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?)* | *Сабақтың мақсаттарына сай оқушылардың тыңдалым, айтылым, жазылым дағдылары қалыптастырылды.*<br>*Оқушылар мәтін бойынша жоспар құруды, шағын мәтін жазуды үйренді.*<br>*Сабақ жақсы деңгейде өтті. Жоспарланған саралау тапсырмалары оқушылар үшін тиімді болды.* | |

| | |
|---|---|
| *Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?* | *Жоспарыма өзгеріс енгізгенім жоқ.* |

**Қорытынды бағалау**

Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)

***1:*** *Тапсырмаларды орындауға қатысты әдіс-тәсілдер тиімді алынды.*

***2:*** *Тыңдалым дағдысы тиімі әдіспен жүзеге асырылды Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?*

***1:***

***2:***

Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?

***1:***

***2:***

***Оқушыларға***

| **Бағалау критерийлері** | **Тапсырмалар** | **Дескрипторлар** | **балл** |
|---|---|---|---|
| **Мәтіндегі негізгі ақпараттарды анықтай алады.** | 2 | **Тірек сөздерді табады.** | 1 |
| | | **Негізгі ойды саралайды, тірек сөздерді ажыратады.** | 1 |
| **Мәтін желісі бойынша мазмұндай алады.** | 3 | **Мазмұнын түсініп, жоспар құрады.** | 2 |
| **Мәтіндегі негізгі ойда анықтап, сұрақтар әзірлей отырып, суреттер желісі бойынша шағын сөйлем құрастыра алады.** | 4 | **Сөз саптау арқылы мәтінді түрлендіріп құрайды.** | 2 |
| | | **Сөйлем құрастыра алады.** | 2 |
| **мәтін жаза алады.** | | **Эмоционалды-экспрессивті сөздерді табады.** | 2 |



**Баллды бағаға айналдыру шәкілі: 8-10 балл –«5»**
**6-7 балл – «4»**
**4-5 балл – «3»**

***Сабақты бағалау парағы (қатысушыға)***

| **Пәні:**<br>**Мұғалімі:**<br>**уақыты:** | |
|---|---|
| **Талаптар** | **Комментарий** |
| **Сыныптағы психологиялық ахуал** | |
| **Оқушылардың белсенділігі, бірлесе жұмыс жасауы.** | |
| **Сабақ құрылымының жүйелілігі** | |
| **Мұғалім мен оқушылар колданған әдіс-тәсілдер.** | |
| **Бағалау тәсілдерінің қолданылуы** | |
| **Сабақтың нәтижелігі** | |
| **Сабақтың ең ұтымды жері** | |

**Н. Е. МҰНАЙТБАСОВА,**
**«Жақып Ақбай атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**
Қарағанды облысы,
Ақтоғай ауданы,
Қараменде би ауылдық округі,
Ақтас ауылы

# ҚАЗІРГІ ЖӘНЕ БОЛАШАҚТАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаты** | **8.2.1.1** – Тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру;<br>**8.3. 4.1** – Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу.(аргументативті эссе);<br>**8.4.3.1** – Сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану; |
| **Сабақ мақсаты** | **Оқушылардың барлығы орындай алады:**<br>Бұрынғы және қазіргі ауыл шаруашылығы туралы мәтіндеріндегі ақпараттарды салыстырады; |



| | |
|---|---|
| | «Ауыл шаруашылығының даму үдерісі» тақырыбында эссе жазады.<br>Эсседе сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолданады.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Бұрынғы және қазіргі ауыл шаруашылығының ерекшеліктерін салыстырады.<br>**Оқушылардың кейбірі орындай алады:**<br>Болашақтағы ауыл шаруашылығы жобасын ұсынады. |
| **Б а ғ а л а у критерийлері** | Ақпараттарды салыстыруда бұрынғы және қазіргі ауыл шаруашылығының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетеді.<br>Эсседе тақырып ашылады, құрылымы сақталады.<br>Эсседе сөздер мағынасына сай қолданылады.<br>Бұрынғы және қазіргі ауыл шаруашылығының ерекшеліктерін салыстырады.<br>Болашақтағы ауыл шаруашылығы жобасын ұсынады. |
| **Т і л д і к мақсаттар** | **Дағдыларды дамыту:**<br>Оқылым, жазылым, ӘТН.<br>Үштілділік: |

| | |
|---|---|
| | Ақпарат, мәтін, эссе, тақырып, сөздік қор және сөздік құрам.<br>**Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:**<br>Техника, технология, шегірен,сақтиян, күдері, қайыс мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы.<br>**Талқылау сұрағы:**<br>Ауыл шаруашылығының дамуы үдерісі қалай жүзеге асып жатыр? |
| **Құндылық-тарды қалыптас-тыру** | *Жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтары ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ЕҢБЕК ҚОҒАМЫ Құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік.* |
| **Ресурстар** | Мәтіндер, таратпа материалдары, ғаламтор, сурет. |

| **Оқыту** | | | |
|---|---|---|---|
| **Сабақ кезең-дері** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Саралау тәсілдері** | **Қалыптас-тырушы бағалау** |
| **Сабақ басы 5 мин.** | **Тапсырма: «Ауыл шаруашылығы өнімдерін ата» сергіту ойыны**<br>**Мақсаты:** Психологиялық ахуал қалыптастыру, топқа бөлу.<br>**1.** *Өнімдерді жануарлар категориясы бойынша бөліңіздер.* | **Бұл тапсыр-маларды орындау топтық болғандықтан оқушылар бір-біріне қолдау көрсетеді.** | **Бір-біріне кері байланыс береді. Мұғалім «Бағдаршам» әдісімен бағалайды.** |



| | | | |
|---|---|---|---|
| | **2.Жануарлар түріне байланысты топқа бөлініңіздер.**<br><br>ет, сүт, түбіт, шәлі;<br>тоқыма, жүн, кигіз;<br>каймақ, құрт, ірімшік;<br>шұбат, жүн, тері;<br>қымыз, қазы, шұжық.<br>**1.** Бір-біріңізбен жұп құраңыздар, ол үшін берілген жануарлар суреті арқылы тобыңызды табыңыз;<br>**2.** Тобыңызда бүгінгі күнге сабаққа қатысты тыйым сөз айтыңыз;<br>**3.** Бүгінгі тақырып немен байланысты?<br>Сабақтың тақырыбы қандай болады деп ойлайсыздар?<br>Сабақ мақсаттарымен танысып, бағалау критерийлерін болжаңыздар.<br>Болжанған критерийлеріңізді мен ұсынған рубрикамен (Қосымша 1) салыстырыңыздар. | | <br>**«Ауызша бағалау» әдісі.** Оқушы мен мұғалімнің ауызша кері байланысы. |
| **Сабақ ортасы 7 минут** | **Тапсырма: «Карточкадағы терминдер» әдісі**<br>**Мақсаты:** *Мәтіндегі таныс емес сөздердің мағынасын ашу.*<br>*Таныс емес сөздердің мағынасын сөздіктен қарап, табыңыз.* | Тапсырманы оқушылар топта орындап бір біріне қолдау жасайды. Ресурс ретінде мәтін, кесте, түсіндірме сөздік беріледі. | Оқушылар өз болжамдарының дұрыстығын не бұрыстығын сөздіктегі нұсқасымен салыстыра отырып, өздерін өздері бағалайды. |

<table>
<tr>
<td>7 мин.<br><br>20 мин.</td>
<td>
<table>
<tr><td>Сөз</td><td>Мағынасы</td></tr>
<tr><td>Шегірен</td><td></td></tr>
<tr><td>Күдері</td><td></td></tr>
<tr><td>Сақтиян</td><td></td></tr>
</table>
Тапсырма: «Салыстыру кестесі» әдісі<br>
Мақсаты: Бұрынғы және қазіргі ауыл шаруашылығы туралы мәтіндеріндегі ақпараттарды салыстыру.<br>
Суретті зерттеп қараңыз;<br>
Суреттегі ақпаратты салыстырыңыз;<br>
Суреттердегі ақпараттың ұқсастығы мен айырмашылықтарын көрсетіңіз.<br>
Дескрипторлар:<br>
Кешегі өмір мен бүгінгі өмірді салыстырады.
<table>
<tr><td>1-сурет</td><td>2-сурет</td></tr>
<tr><td colspan="2">Айырмашылықтары</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Ұқсастықтары</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
 <br>
Тапсырма: «Зерттеушілік конференциясы» әдісі»<br>
Мақсаты: «Ауыл шаруашылығының даму үдерісі» тақырыбында эссе жазады. Эсседе сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолданады. Бұрынғы және қазіргі ауыл шаруашылығының ерекшеліктерін салыстырады. Болашақтағы ауыл шаруашылығы жобасын ұсынады.<br>
– «Ауыл шаруашылығының даму үдерісі» тақырыбында эссе жазыңыз.
</td>
<td></td>
<td>Оқушылар талдау үдерісінде бір-біріне кері байланыс береді. Рубрика бойынша бағалайды.<br><br>
<br>
«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі. Мұғалім және сыныптастары кері байланысты рубрика бойынша береді.</td>
</tr>
</table>



| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Дескрипторлар:**<br>Эсседе сөздік қор және сөздік құрамды дұрыс қолданады.<br>Бұрынғы және қазіргі ауыл шаруашылығының ерекшеліктерін көрсетеді.<br>Болашақтағы ауыл шаруашылығы жобасын ұсынады. Көлемі 60-70 сөз.<br>Грамматикалық сауатты жазылған. | | |
| **Сабақ соңы 2 мин** | **6. Рефлексия:«Шығу билеті»**<br>**Мақсаты:** Өтілген тақырып бойынша жазбаша түйінді ойларды бекіту. Сабақ барысында ұсынылған ақпарат бойынша бар білгенімен бөлісу.<br>**Төмендегі сұрақтарға жауап беріп жазыңыз.**<br>**1.** *Бүгінгі сабақта сіз байқаған жаңалық қандай?*<br>**2.** *Бүгінгі сабақта сізге не қиын болды?*<br>**3.** *Бүгінгі сабақта сізге қиындықты жеңуге не көмектесті?* | | |
| | **Мұғалімнің өткізген сабақ бойынша рефлексиясы** | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Саралау.**<br>Көбірек қолдау үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндеттер жүктейсіз? | **Қалыптастырушы бағалау**<br>– Оқушылардың берілген материалды меңгеру деңгейін қалай тексересіз? | Пәнаралық байланыс. Денсаулық және қауіпсіздік тексеру.АКТ қолдану. Құндылықтарға сілтеме |
| Жетек тапсырмалар арқылы қолдау көрсетеміз. Тапсырмадағы негізгі мәселені дамыту барысында жоба қорғайды.Мақсатқа жету үшін ресурстар арқылы саралау жүргізіледі. | Оқушылардың тақырыпты меңгеру нәтижесін тексеру мақсатында «Бағдаршам», «Ауызша бағалау», «Екі жұлдыз,бір тілек» әдістерімен рубрика, дискриптор бойынша кері байланыс береді. | Тарих, әдебиет, технология пәндерін сабақта қолдандым. Тері өңдеу жұмысын жүргізу барысында техникалық қауіпсіздік ережесімен таныстырдым. АКТ сабақ барысында қолдандым. Қазақстанның дамуына еңбек өнімінің пайдасын түсіндірдім. |
| Рефлексия<br>Сабақ мақсаттары жүзеге асырылды ма? | Оқу мақсаты мен сабақ мақсаттары шынайы құрылды.Сабақта **«Ауыл шаруашылығы өнімдерін ата» сергіту әдісінде** психологиялық ахуал қалыптастырдық. **«Карточкадағы терминдер» әдісі** байланысты сөздікпен жұмыс жүргізілді. **«Зерттеушілік конференциясы» әдісінде** эссені тілдік қорын дамыта отырып, кешегі мен бүгінгі өмірді байланыстырады. | |

**Г.ҚҰЛЕКЕНОВА,**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәні мұғалімі,**
**«№6 ЖОББМ» КММ.**
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы

# ҰЛЫ ДАЛА ТАУЛАРЫ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | **6.1.4.1** - мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау.<br>**6.4.1.1** - тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу. |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлығы орындай алады:** Жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды. Мәтіннен күрделі сөздерді ажыратады.<br>**Көпшілігі орындай алады:** Оқушылар мәтіннің құрылымдық ерекшелігін талдайды. Күрделі сөздерді орфографиялық нормаға сай қолданады.<br>**Кейбірі орындай алады:** Күрделі сөздерді катыстырып мәтін құрастырады. |
| **Ойлау дағды-ларының деңгейі** | Түсіну, қолдану. |



| | |
|---|---|
| **Бағалау критерийі** | Мәтіннің құрылымдық ерекшелігін анықтайды;<br>Күрделі сөздердің түрлерін ажыратады;<br>Мәтіндегі ойды шынайы өмірмен байланыстырады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар орындай алады:** мәтіндегі көтерілген идеяны өмірмен байланыстырады.<br>**Пәнге қатысты терминдер:** дара және күрделі сөздер, орфографиялық норма, кіріспе, негізгі, қорытынды бөлім.<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>**1.***Сен Қазақстанның қандай жерлерін көрікті деп ойлайсың?*<br>**2.** *Туған өлкеңді көрікті жерлер қатарына жатқызасың ба?*<br>**3.***Неліктен туған жеріміз экологиялық аймақ болып табылады?*<br>**4.***Туған жердің табиғатын көркейтуге қандай үлес қосар едің?* |
| **Құндылық-тарға баулу** | Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы негізінде табиғатты қорғауға, аялауға баулу. |
| **Пәнаралық байланыс** | Әдебиет, тарих, география. |

| | |
|---|---|
| **Алдыңғы білім** | **«Ыстық орындық» әдісі** арқылы үй тапсырмасы пысықталады. |
| **Сабақ барысы** | |

| **Сабақтың жоспар-ланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақ-тың басы**<br><br>**5 мин.** | **Ширату жаттығуы**<br>**С**<br>**«Миға шабуыл» әдісі**<br>С.Сейфуллиннің «Тау ішінде» әнінің әуенімен «Табиғат кереметтері» тақырыбында бейнеролик көрсетіледі.<br>* *Бұл бейнероликте не бейнеленген?*<br>* *Қандай жұмбақ ой жатыр?*<br>* *Қандай көрікті жерлерді білесің?*<br>* *Бүгінгі сабағымыз «Ұлы дала таулары » тақырыбына арналады.*<br>**Оқу мақсаты мен бағалау критерийлері оқушылармен бірге анықталады.** | Интерактивті тақтадан бейнеролик көрсетіледі |



| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**30 мин.** | <br>С<br>**Жазылым алды**<br>**Тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңдаңыз және құрылымдық ерекшелігіне назар аударып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.<br>Таулар – планетамыздағы табиғаттың керемет ғажайыптарының бірі. Мыңжылдықтар бойы көтеріліп келе жатқан таулардың жанында тұрғанда, адамдардың көбісі онымен салыстырғанда құмырсқалар сияқты сезінеді және бұл адамның тауға қарағанда әлдеқайда кішкентай екенін білдіреді. Қазақстан жеріндегі ең үлкен, танымал таулардың бірі- Сарыарқа – Орталық Қазақстанда орналасқан. Батыстан шығысқа қарай 1200 шақырымға созылып жатыр. Орташа биіктігі – 500-600 м. Сарыарқа солтүстігінде Батыс-Сібір жазығымен, оңтүстігінде Балқаш көлімен және | |

| | | |
|---|---|---|
| | Бетпақ Дала шөлімен, шығысында Сауыр-Тарбағатай тау жүйесімен шектеседі. Сарырқаның негізгі жауһары – Бурабай шипажайлық аймағы. Жергілікті тұрғындар бұл жерді «қазақстандық Швейцария» деп атайды.<br>Мұғалжар – аса биік емес тас тізбегі, Орал тауларының оңтүстік сілемі. Мұғалжардың ең биік нүктесі – Үлкен Боқтыбай тауы (657 м). Солтүстіктен оңтүстікке қарай 450 шақырым. Тау өзені басын Шиелі және Терісбұтақ өзендерінен алады. Тас тізбегінен оңтүстікке қарай Үлкен борсық құмды шөлі жалғасады. Ол Арал теңізі мен Мұғалжарды бөліп жатыр.<br>Таулар атмосферадағы ылғалды өздеріне тартып, ғаламшарымыздағы су айналымын реттеп тұрады. Тау – дем алуға қыдырып тынығуға таптырмайтын орын. Таудағы жайлауда мал жайылады. Тау етегінде егін егеді, жеміс бағы мен бақша өсіріледі.<br>***Сұрақтар:***<br>***1.*** *Мәтін қанша бөлімнен тұрады?* | |



| | | |
|---|---|---|
| | ***2.*** *Мәтіннің кіріспе бөлімінде не туралы айтылады?*<br>***3.*** *Негізгі бөлімдегі кілт сөздерді анықта.*<br>***4.*** *Қорытынды бөлімде қай сөйлем ойды тұжырымдайды?*<br>**Дескриптор**<br>**1.** Құрылымдық ерекшелігін ажыратады.<br>**2.**Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.<br>**3.** Дәлелді ой ұсынады.<br>**Жазылым кезі**<br>**2- тапсырма**<br>*Мәтін бөліктеріндегі күрделі сөздердің түрлерін ажыратып, қаншалықты кездесетінін анықта.* | |

| Біріккен сөздер | Қос сөздер | Тіркесті сөздер |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | **КБ Дескриптор арқылы жүргізіледі.**<br>**3-тапсырма**<br>Күрделі сөздерді қатыстырып, **«Туған өлке таулары»** такырыбында мәтін құрастырады. **Мәтін жазу үлгісі ұсынылады.** | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Дескриптор**<br>**1.** Кіріспе бөлімінде табиғат туралы түсінік береді. **(15 сөз)**<br>**2.** Негізгі бөлімінде туған өлке тауларымен ұштастырады. **(30 сөз.)**<br>**3.** Қорытынды бөлімінде табиғатты қорғау парыз екендігі туралы ой түйеді **(15 сөз.)**<br>**4.** Күрделі сөздерді тиімді қолданады.<br>**Кері байланыс «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағалайды.** | |
| **Сабақтың соңы**<br><br>**5 мин.** | **Рефлексия «Тауға шығу» әдісі.**<br>Мұғалім тақтаға тау суретін іледі.Әр оқушы тауға шығу жолында қай тұста тұрғанын белгілейді.<br>***1.****Түсінбедім.*<br>***2*** *Енді түсініп келемін.*<br>***3.****Барлығын түсіндім.*<br> | Кеспе қағаздары |



| | | |
|---|---|---|
| **Үйге тапсырма** | | |
| **Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?** | **Бағалау** – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?<br>Мәтін бойынша жұмыс жасауда дескриптор арқылы, жұптық жұмыс барысында **«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі** арқылы бағаланады. Рефлексия кезінде **«Тауға шығу» әдісі** арқылы білім алушылар өзін -өзі бағалайды. | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау.**<br>**Пәнаралық байланыс:** Әдебиет, тарих, география<br>**Денсаулық және қауіпсіздік:** топқа бөлінгенде, орындарына орналасқанда оқушы денсаулығына әсер етпеуі тиіс.<br>**АКТ-мен байланыс:** интерактивті тақтамен бейнеролик көрсету.<br>**Құндылықтармен байланыс** *(тәрбие элементі)*<br>*Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы негізінде табиғатты қорғауға, аялауға баулу.* |
| *Барынша қолдау көрсету мәтіннің құрылымдық ерекшелігін ажырату тапсырмалары арқылы барынша қолдау көрсетіледі.*<br>***Қолдау көрсету аз:*** *күрделі сөздердің түрлерін анықтауда оқушыларға көмек беру керек.* | | |

**А.Е. АЙМАХАНОВА,**
**қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі,**
**Көкшетау қаласының**
**білім бөлімінің «№1 орта мектеп-гимназиясы» КММ.**
Ақмола облысы,
Көкшетау қаласы

# ҒАЛАМТОРДЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | **7. О5.** Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру. |
| **Ойлау дағдысы** | Білу, түсіну, қолдану. (Блум таксономиясы) |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:** Мәтінді түсініп оқып, жауап беруге тырысады, сызба жасай алады. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Мәтінді түсініп оқып, жауап береді, сызбаға түсіреді. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:** Мәтінді оқып, мазмұнын түсінеді. Проблемалық сұрақтарды өмірмен байланыстырып, сыни тұрғыда жауап береді. Сызбаға түсіріп, дәлелдейді.<br><br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>**1.** *Неліктен адамзат ғаламторға тәуелді деп ойлайсыз?*<br>**2.** *Не себепті ғаламтор сайттарына шектеу қойылмайды?*<br>**3.** *Ғаламторсыз әлемді көз алдыңызға қалай елестетер едіңіз?*<br>**4.** *Ғаламторсыз әлемнің адамзатқа пайдалы жағы қандай еді?* |



| | |
|---|---|
| **Бағалау критерийлері** | Мәтінді оқып, негізгі идеяны таба алады.<br>Проблемалық сұрақтар құрастырады.<br>Сұрақты өмірмен байланыстырып, оған сыни тұрғыда жауап бере алады.<br>Ақпараттағы негізгі идеяны түсініп, сызбаға түсіріп, дәлелдейді. |
| **Құндылықтарды дарыту** | Ақпараттық технологиялар, әлеуметтік желілер. |
| **Пәнаралық байланыс** | Информатика |
| **Алдыңғы оқу** | Ғаламтор, әлеуметтік желілер жайлы іздену. |

**Сабақ барысы**

| Уақыт кезеңдері | Жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| **5 мин.**<br><br>**Қызығушылықты ояту** | Ақпараттық технологияға байланысты: ***сотка, компьютер, планшет*** суреті бойынша топқа бөлу.<br>***1-топ. «Сотка»;***<br>***2-топ. «Компьютер»;***<br>***3-топ. «Планшет».***<br>**Психологиялық дайындық.** «Көңіл-күйің қандай?» | |
| | Оқушылар топ құрамында қол ұстасып немесе иықтарын түйістіріп тұрып, тақтада жазылған мына сөйлемдерді хормен дауыстап оқиды.<br>Біз сіздерді көргенімізге қуаныштымыз.<br>Біз мақсатқа жететінімізге толық сенімдіміз.<br>Біз достық бар жерде сыйластық,ынтымақ бар екеніне сенеміз.<br>Бәрі де біздің қолымызда.<br>**«Ой шақыру» стратегиясы.**<br>Біз қандай заманда өмір сүріп жатырмыз?<br>***Суреттер бойынша тақырыпты ашады.*** | Әлеуметтік желілерге байланысты бірнеше суреттер |
| **8 мин.** | **Топтық жұмыс 1-тапсырма.**<br>**«Белсенді оқылым» әдісі а**рқылы мәтінді топ болып мазмұнын түсініп оқып шығу. | |

| | | |
|---|---|---|
| **Орта-сы** | Оқу мақсатында проблемалық сұрақтар құрастырады. Сұрақ пен жауап өмірге негізделген болуы шарт. Топаралық бір-біріне бір сұрақ қойылады. Топта ойлануға, шешімін табуға **1 минут** уақыт беріледі.<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі** арқылы тапсырма орындалады.<br>**Проблемалық сұрақтар:**<br>**1.** *Неліктен адамзат ғаламторға тәуелді деп ойлайсыз?*<br>**2.** *Не себепті ғаламтор сайттарына шектеу қойылмайды?*<br>**3.** *Ғаламторсыз әлемді көз алдыңызға қалай елестетер едіңіз?*<br>**4.** *Ғаламторсыз әлемнің адамзатқа пайдалы жағы қандай еді?* **(Мысалы үшін, қарым-қатынас, адамның қасиеттеріне байланысты т.б.)**<br>**Дескриптор: 1.** *Мәтінді топ болып оқып шыға шығады.*<br>**2.** *Проблемалық сұрақ құрастырады, сұрақты топта шеше алады.*<br>**3.***Өмірмен байланыстырып жауап бере алады.*<br>**Бағалау. «Бас бармақ» арқылы топтық бағалау.** | Интер-тақта |

| | | |
|---|---|---|
| **10 мин.<br><br>Ор-та-сы** | **2-тапсырма. Жұппен жұмыс**<br>**«Түртіп ала отырып оқу» әдісі** арқылы мәтінді оқып шығады. **«Тұжырымдамалық карта» әдісі** барысында ақпараттан негізгі түйінді ойларын тауып, өздерінің ойлау қабілеттеріне байланысты картаға түсіреді. Картаға, кестеге түсірген тұжырымын қорғайды.<br>**Дескриптор:**<br>***1.***Негізгі идеясын түртіп алып, оқи алады.*<br>***2.*** *Қабілеттеріне байланысты әр түрлі кесте, сызбаға түсіре алады.*<br>***3.*** *Тұжырымын қорғай алады.*<br>**Бағалау. «Стикер»** арқылы өзара бағалау. | |



| | | |
|---|---|---|
| **3 мин. Сер-гіту сәті** | **«Сергіту» ойыны.**<br>**Ойынның шарты:** *Балалар шеңбер бойымен тұра қалады.* ***«Қол-қолға», «иық-иыққа, «бас-басқа», «шаш-шашқа»*** *деген кезде жанында тұрған баламен бір-бірінің денелерін түйістіреді.* | **Бей-не-тың-да-лым (3м.)** |
| **9 мин.<br><br>Ор-та-сы** | **3-тапсырма. Жеке жұмыс**<br>**«Төртбұрыштың бірін таңда» әдісі.**<br>**Оқылым мәтінін «сканерлеп оқу» әдісі** арқылы оқиды. *Қол шапалақтаған кезде, оқу тоқтатылады. Әр бұрышта мәтіннің мазмұнына сай тақырыпшалар тұрады. Әр оқушы сол бұрыштағы тақырыпшаға байланысты сұрақ қояды. Таңдаған оқушы сол сұраққа мәтіннің мазмұны бойынша өмірмен байланыстыра, өз түсінігіне қарай нақты жауап беру керек.*<br>**Жоспар:**<br>***1.*** *Ғаламтор – заман қажеттілігі*<br>***2.***Ғаламтор - қауіпті*<br>***3.*** *Ғаламторға тәуелділік*<br>***4.*** *Кітап – өмірдің азығы*<br>***1.*** *Кітап, газет-журнал оқуға жастардың неге құлқы, ниеті жоқ?*<br>*2.* Неліктен қазіргі жастар ғаламторға тәуелді?<br>***3.*** *Әлемді жаулаған ғаламтор қазақ баласына қауіп пе, қажет пе?*<br>***4.*** *Әлем ғалымдарының кітап оқу туралы пікірі сізді ойландырды ма?*<br>**Дескриптор:**<br>***1.*** *Оқылымды есте сақтап оқи алады.*<br>***2 .****Өзіне ұнайтын бұрышты таңдай біледі.*<br>**3.** Сұраққа өмірмен байланыстыра нақты жауап бере алады.<br>**Бағалау. «От шашу» арқылы өзін-өзі бағалау.** | **Ин-тер-тақ-та** |

| | |
|---|---|
| **5 мин. Сабақ-тың соңы** | **Кері байланыс: «Үштік» әдісі арқылы «Ғаламтордың пайдасы мен зияны»**<br>**1.***Бүгін мен не үйреніп, не білдім?*<br>**2.** *Не қиындыққа түсті, нені үйренгім келеді?*<br>**3.** *Ол менің өміріңе қаншалықты қажет?*<br>(Оқушылар ортаға шығып, 3-3-тен бөлініп, осы сұрақтар төңірегінде қысқа жауап береді.<br>**Үйге тапсырма. Рефлексия.** |

**А. К. САНСЫЗБАЕВА,**
**№58 жалпы білім беретін мектеп,**
**қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.**
Алматы қаласы

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕТІ КЕРЕМЕТ

*(Дефис арқылы жазылатын сөздер)*

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | **6.2.1.1** - Мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру;<br>**6.1.5.1** -Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру;<br>**6.3.4.1** - Эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу. |
| **Сабақтың мақсаты:** | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, детальді ақпаратты анықтайды.<br><br>**Оқушылардың көпшілігі:**<br>Мәтіндегі негізгі ойды дәйектейді.<br>Мәтін құрылымын ескере отырып, сұрақтарға жауап береді.<br><br>**Кейбір оқушылар:**<br>Мәтіннен дефис арқылы жазылатын сөздердің емлесіне қатысты сөздерді анықтай отырып, айтылуына назар аударады. Көтерілген мәселе бойынша эссе жазады. |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:**<br>Оқушылар ойларын жеткізе алады, салыстырады, пікірін айтып, дәлелдей алады.<br>**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>дефис арқылы жазылатын сөздер, орфоэпиялық норма, орфографиялық норма. |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>*Қазақстанның жеті кереметі туралы білесің бе?*<br>*Керемет сөзіне түсінік бере аламыз ба?*<br>*Не себепті ....... деп ойлайсыз ?*<br>*Бөлек жазылатын сөздердің өзіндік қандай ерекшелігі бар деп ойлайсыз?* |
| | **Ым-ишара:** бас изеу, мақұлдау, қимылмен көрсету. |
| **Бағалау критерийлері** | Детальді ақпаратты тауып, нақты сұрақтарға жауап береді. Көтерілген мәселе бойынша эссе жазады. |

| | | |
|---|---|---|
| **Пәнаралық байланыс** | Әдебиет, жаратылыстану. | |
| **Құндылықтармен байланыс** | *Өз елінің көрікті жерлерін аялау, табиғатты қорғау құндылықтарын дарыту.* | |
| **Алдыңғы оқу** | Қазақстанның кереметі туралы әр түрлі жанрда энциклопедиялық мәлімет әкелу. | |
| **Жоспар** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы** | **Психологиялық тренинг. «Мен саған, сен маған...» амандасу, тілек білдіру.**<br>**«Эмоциялар графигі» әдісі.**<br>**Ойбөліс.** *Дүниеде не бағалы?*<br>Бірлесе атқарылатын сабақ мақсатымен таныстырамын. | |

| | | |
|---|---|---|
| | **2-тапсырма. «Гауһартас» әдісі арқылы** Қазақстанның кереметтерін жазып орналастыру.<br>*1.Берілген ақпараттар арқылы кереметті анықтаңдар.* | Түрлі-түсті суреттер №8 аудиотыңдалым |

| | | |
|---|---|---|
| | *2.Құндылығы мен тарихилығына қарап гауһартастың бөліктеріне орналастырыңдар.*<br>***Кері байланыс. «От шашу» әдісі арқылы орындалады.*** | |
| **Сабақтың ортасы** | **2-тапсырма. «PRES» тәсілі** арқылы орындалады.<br>*1.Мәтінді оқыңдар.*<br>*2.Көзқарасыңды түсіндір.*<br>*3.Өз ойыңның пайда болу себебін түсіндір.*<br>*4.Ойыңды дәлелдемелер арқылы түйіндеп айт.*<br>**Кері байланыс. Смайликтер.**<br>**5-тапсырма. «Дербес пікір» әдісі** арқылы орындалады.<br>*1.Берілген сұрақтардан негізгі, детальді ақпаратты табыңдыр.*<br>*2.Өзіндік пікірлеріңді дәлелдейтін шағын эссе жазыңдар.*<br>**Кері байланыс. «Сиқырлы сызғыш» әдіс**і арқылы бірін-бірі бағалайды.<br>**Тілдік бағдар. «Зуылдақ» әдісі**<br>*Халықаралық, Египет пирамидалары, Семирамида бағы, шақыру қағазы, Родос алыбы, қоңыр жел, 62, Таңбалы тас, Мачу-Пикчу,мектепішілік, Тәж-Махал, әуежай, Абайтану, шипажай, болыпты-мыс.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Кері байланыс.** Смайликтер | Үлестірме қағаздар |



| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы** | **Рефлексия. «Эмоциялар графигі» әдісі.** | Кесте |
| **Қосымша ақпарат** | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Саралау** -оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз,қабілетті оқушыларға тапсырманы қалай түрлендіресіз? | **Бағалау-** оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | **Денсаулыққа және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс** |
| Оқушыларға тапсырма беру барысында, түсінікті нұсқау бере отырып, оқушыларға қолдау көрсетемін. Орындаған жұмыстарын әділ бағалауға тырысамын. Қабілетті оқушының тапсырма барысындағы әрекетін бағдарлап, бақылап отырамын. | Оқушыларды бағалау барысында әр тапсырма бойынша кері байланыс жасап, **«Сиқырлы сызғыш», «От шашу» әдісі** арқылы оқу деңгейін бағалаймын. Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асырамын. | Тапсырма-лар орын-дау бары-сында қауіпсіздік және еңбек-ті қорғау ережелерін қадаға-лаймын. |
| **Рефлексия.**<br>*Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті? Қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім?* | | |
| **Қорытынды бағалау**<br>Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқу мен оқытуға қатысты)<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқу мен оқуға қатысты)<br>1:<br>2:<br>Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажетті болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?<br>1:<br>2 | | |



**Ж. Д. ТӨЛЕУБАЕВА,**
**№25 жалпы орта білім беру мектебі мұғалімі, педагог-зерттеуші.**
Павлодар қаласы

# "ШӘКӘРІМТАНУ" ОРТАЛЫҒЫ МЕКТЕПТЕ

*"Анық бақ деп айтарлық үш нәрсе бар:*
*Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек",–*

деп жырлап, аса талғампаздықпен, ой тереңдігімен кемел ұрпаққа бағдар беретіндей зерделі ой тұжырымдарын мұра қылып қалдырған қазақтың біртуар перзенті, ұлт мақтанышы, ғұлама ақын, шебер аудармашы, шежіреші, композитор, философ Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 160 жыл толуы еліміздің түкпір-түкпірінде тойлануда. Осындай мерейлі тойдың жалғасы ретінде мектеп ұжымын, оқушыларын, әуелі, облыс жұртшылығын қуанышқа кенелткен тамаша бір сәттің куәсі болдық.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуіріндегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын бағытқа алып павлодарлық зиялы қауым өкілдерінің облыс әкімі Болат Бақауов мырзаға жазған ұсыныс хатының негізінде №25 жалпы орта білім беру мектебінде "Шәкәрімтану" орталығы ашылды.



Аталмыш орталықтың ашылуына арналған салтанатты кештің шымылдығы Бұқар Жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайының қызметкері, айтыскер ақын Қуаныш Шармановтың асқақтата салған «Арнауымен» ашылды.



Салтанатты мерекелік іс шараға келген қадірлі қонақтардың қатарында Павлодар облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Ернұр Дәуенов, Қазақстан Жазушылар Одағының Павлодар облыстық филиалының директоры Арман Қани, «Замандас» ардагерлер клубының директоры Қабидолла Шәкәрімов, ардагер ұстаз Әстерхан Шойынбаева,



Павлодар облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастығы Сәуле Османова, Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» газетінің жауапты хатшысы, Журналистер Одағының мүшесі Сая Молдайып, С.Торайғыров атындағы



ПМУ профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Айман Зейнуллина, Қазақстан халқы Ассамблеясы «Нұр Ана» әлемі қоғамдық бірлестігінің төрайымы Бақытжамал Максилова, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі Сүлеймен Баязитов, Облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыру әдістемелік тұрақты комиссиясының төрағасы Рашид Бектеміровтердің болып, олардың Шәкәрім Құдайбердіұлының өнегелі өмірі мен шығармашылығы жайлы айтқан пайымды пікірлері жиналғандарды бір серпілтіп тастады.

"Шәкәрімтану" орталығының ашылуы, оның ерекше әсермен өткені, мектебіміздің директоры Арынғазина Әсел Мұратқызының ұымдастыруы, нақты айтқанда, мектептегі ұлттық оркестр мен бишілер өнері, Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларының мәнерлеп жатқа оқылуы, әндерінің тамылжыта орындалуы, сахналық қойылымдардың тартымдылығы назардан тыс



қалған жоқ, ерекше қошеметке бөленді. Бұл күн ұлы дала данасы Шәкәрім Құдайбердіұлы:

*«Өлген соң елім мұтсын деп,*
*Атымды қойдым Мұтылған», –*



***"Шәкәрімтану" орталығының жетекшісі Ж.Д. Төлеубаева мен экскурсия жүргізушілері***

деп «Мұтылғанның өмірі» дастанында толғаса да ұмытпаған халқы бар, ұрпағы бар ұмытылмас күн болды. Сол күнгі мерекеде отбасымен келген Мақсат Жаппарханұлы, мектеп оқушысы Хамит Арлан және мектебімізде "Шәкәрімтану" орталығының ашылуына көп



еңбек сіңірген, ақын-домбырашы Уақбаева Құралай Мұхаметшайыққызы сияқты ақынның ұрпақтары да әсерлі кештің куәсі болды.

"Шәкәрімтану" орталығының тұсауын Павлодар облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Ернұр Дәуенов пен орталықтың ашылуына мұрындық болған Уақбаева Құралай кесті.

Осылайша ашылып, мектебіміздің тарихында

құнды орын алатын аталмыш орталық Шәкәрімтану мәселесін жүйелі ұйымдастыру арқылы ақын мұрасын толық меңгерген көп салалы мәдениетті жеке тұлғаны



*«Шәкәрімтану» орталығының «Ғибратты ғұмыр» бөлімі*

қалыптастыру мақсатында өз жұмысын бастады. «Ғибратты ғұмыр», «Өшпес мұра», «Шәкәрімтану» атты 3 бөлімнен тұратын орталықтың Салимова Айым, Жүнісов Нағызхан, Қазбекова Жансаядай экспедиция жүргізушілері өздеріне бөлінген әр бөлімді мазмұнына



*"Шәкәрімтану" орталығының "Өшпес мұра" бөлімі*

қарай әрі көркем, әрі түсінікті етіп жеткізе біледі. Орталықтың ашылған күнінен бастап, "Шәкәрімтану" орталығы сайты жұмыс жасайды. Келген қонақтарға сайт жұмысымен таныстыруды Елеусізова Аяжан атқарды. "Шәкәрімтану"



орталығының көркін келтіріп тұрған мұрағаттың бірі – шебер аудармашы, кемеңгер, ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының портреті. Оны салған суретші Қазақстан Республикасы



*"Шәкәрімтану" орталығының "Шәкәрімтану" бөлімі*

Көркемөнер академиясының академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі Өсербай Шұранов та қадірлі қонақтардың бірі болды. Ашылған орталықтың ішкі мазмұнын назар сала тыңдағандардың бірі – ардагер ұстаз, ақын Балтабай



Сыздықов мектеп директорына, экскурсия жүргізушілеріне, "Шәкәрімтану" орталығының жетекшісі Төлеубаева Жанна Дәрібайқызына жырмен алғысын білдірді.

Мектебіміздегі Н.Е.Жангабулова,

М.К.Алашпаева, Л.Ж.Мұхамеджанова, Қ.О.Сағатбекова, З.Б.Адалбулова, С.К.Ахметжанова, Н.Ж.Қайыржанова, Е.Т.Асылбаев, А.С.Копаева сынды «Қазақ тілі мен әдебиеті» мұғалімдері де зор үлес қосты. Ашылғаннан бері, көптеген қонақтардың келуі, олардың қажетінше мол мағлұмат алуы және алғыс білдірулері “Шәкәрімтану” орталығының жандана түсуіне зор әсерін тигізуде. Жоғары аталған сайттың, “Шәкәрімтану”орталығының жетекшісі ретінде орталықты дамытудың тиімді жолдарын үнемі ойластырып, бүгінгі ұрпақтың ұлттық құндылығымыздың парқын зердесіне түюіне тиімді жол табу – азаматтық борышым деп санаймын.





**С. Т. ЗҰЛҚАШЕВА,**
**«Бөрлі колледжі» МКҚК**
**қазақ тілі және әдебиеті пәні**
**оқытушысы.**
Батыс Қазақстан облысы,
Бөрлі ауданы,
Бөрлі ауылы

# КҮНЕКЕЙДІҢ ЖАЗЫҒЫ

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік:** Ж. Аймауытовтың «Күнекейдің жазығы» повесінің мазмұнын, автордың мақсатын, тақырыптың өзектілігін ұғындыру, оқушыларға шығарма мәтіні кейіпкерлеріне мінездеме беру.

**Дамытушылық:** Оқушылардың шығармадағы кейіпкерлер бейнесіне талдау жасай білу біліктілігін дамыта отырып, өз ойын ауызша да, жазбаша да жүйелі жеткізе білуге баулу, ойлау қабілетін дамыту.

**Тәрбиелік:** Оқушыларды шығарма кейіпкерлері болмыс-бітіміне, табиғи тіршілігіне талдау жасау арқылы адамгершілікке, ұстанымдылыққа тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** Дәстүрлі сабақ

**Сабақтың типі:** Аралас сабақ

**Оқыту формасы:** Топтық жұмыс

**Оқыту әдісі:** Талдау, сұрақ-жауап, кітаппен жұмыс, шығармашылық ізденіс.

**Пәнаралық байланыс:** Тарих, жағырафия, мәдениеттану.

**Сабақтың көрнекілігі:** Тақырып, интерактивті тақта, үлестірмелі кеспелер, Ж. Аймауытов туралы электронды көрнекіліктер.

**Сабақтың барысы:**

**І. Ұйымдастыру**

***А).*** *Оқушылармен амандасу, түгелдеу.*

***Ә).*** *Сынып бөлмесінің тазалығын қадағалау.*

– Балалар, сендер өткен сабақта қазақ әдебиетінің көрнекті

жазушысы Ж. Аймауытовтың өмірі және «Күнекейдің жазығы» шығармасымен танысқан болатынсыңдар. Қазір топ болып сол тақырыпты талдаймыз.

– *«Артымда қыруар елім бар,*

*Өлсе де денем, мен өлмен»* – деп, Жүсіпбек ақынымыз айтып өткендей, Жүсіпбек Аймауытов қазақ әдебиеті мен мәдениетінде ақын, прозаик, драматург, әнші, журналист-публицист, сазгер, ғалым, психолог ретінде танылады. Жүсіпбек 1889 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданына қарасты бұрынғы «Қызыл ту» қазіргі Жүсіпбек аймауыт ауылында туып өсті. Әкесі Аймауыт кедей болғанымен, арғы аталары Дәндібай мен Қуан атақ-абыройлы, бай, ел арасында білікті кісілер болған. Содан 1931 жылы дүниеден озды.

Жүсіпбек жастайынан арабша хат танып, оқып үйренген. 1907 ж. бастап Баянауылдағы орысша-қазақша екі сыныптық мектебінде, Керекудегі (Павлодар) қазыналық ауыл шаруашылық мектебінде, Керекудегі екі сыныпты орыс-қазақ мектебінде тиіп-қашып оқиды. Бір жағынан бала оқытып, қаражат табады.

1911-1914 жж. ауылда мұғалім болып істейді. 1914 жылы Семейдегі оқытушылар семинариясына қабылданады. Оны 1918 жылы аяқтап шығады.Мұнан соң алашордашылардың істеріне араласып, Семейде «Абай» журналын шығарысып, Қ. Сәтбаевпен, М. Әуезовпен танысады.

Кейін Алашордадан бөлініп, Коммунистік партия қатарына өтеді (1919). Қазақстан Кеңестерінің Құрылтайы съезіне делегат болып қатысып, Қазақ АҚСР Халық ағарту комиссариаты комиссарының орынбасары болып тағайындалады (1920). Мұнан соң Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі (1921), «Қазақ тілі» газетінің редакторы.

Қарқаралыда мектеп мұғалімі (1922-1924), Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің бөлім меңгерушісі (1924-1926), Шымкент педагогикалық техникумының директоры (1926-1929) қызметтерін атқарады.

1929 ж. басталған кеңестік қуғын-сүргін кезінде Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар деген жаламен тұтқындалып, ұзақ тергеуден кейін 1931 жылы ату жазасына сырттай үкім шығарылған.

Жүсіпбектің қаламынан туған мол мұраны М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары жинастырып, ғылыми зерделен өткізіп, 1996-1999 жылдары бес том етіп жарыққа шығарды. Сөйтіп, қазақ оқырманы әйгілі суреткердің шығармаларымен арада 60 жылдан астам уақыт өткенде қайта табысты.

Жүсіпбек аз ғана ғұмырында әдебиеттің әр түрлі жанрларында өнімді еңбек етіп, құнарлы шығармалар қалдырған. Бес томдық шығармалар жинағында оның өлеңдері мен «Нұр күйі» поэмасы, «Рабиға», «Мансапқорлар», «Сылаң қыз», «Ел қорғаны», «Қанапия Шәрбану», «Шерniяз» атты пьесалары, көптеген әңгімелері мен «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, «Күнікейдің жазығы» повесі, балаларға арналған ертектері, сын мақалалары мен аудармалары енген.

Бұлардың сыртында «Тәрбиеге жетекші» (1924 ж.), «Психология» (1926 ж.), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926 ж.), т.б. ірі ғылыми еңбектері бар.

Жүсіпбектің қолынан тастамайтын домбырасы болыпты. Ақынның сазгер де болғанын білеміз. Бізге жеткен 10 шақты әнінің көбі қазіргі уақытта халық әні болып орындалып жүр. Мысалы: «Екі жирен», «Шәмші-хамар», «Балқурай» т.б.

**ІІ. Үй тапсырмасы**

*– Үйге берілген тапсырма не еді?*

*– Әңгіме мазмұнын оқып келуге берілді.*

*– Ендеше шығарма композициясы қандай кезеңдерден тұрушы еді?*

*– Оқиғаның басталуы, дамуы, байланысуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі.*

*– Олай болса, қазір мен әр топқа шығарма композияциясының кезеңдерін білдіретін тақырыпшалар таратамын. Сендер қай кезең екенін тауып, қысқаша мазмұнын баяндайсыңдар.* **(Әр топқа 2-ден таратылады.)**

***1. Оқиғаның басталуы:***

*Ордабайдың үш ауылы.*

***2. Оқиғаның байланысуы:***

*Тоқтатпашы көшті, тоқтатпа!...*

***3. Дамуы:***

*Шырла-шырла торғайым!*

***4. Шиеленісуі:***

*«Өзшең шірік күң!»*

***5. Шарықтау шегі:***

*Е, көңіл ашар деп осынын айт!*

***6. Шешімі:*** *Ал, бозбалалар, сендерде айтыңдар!*

**Актуальдау**

**І-топ:**

*– Әңгімеде көш қалай сипатталады?*

*– Қазақ халқы қандай жағдайларға байланысты көшкен?*

**ІІ-топ:**

*– Әнді қандай жағдайда кімдер орындайды?*

*– Күнекейдің өн бойынан қандай ерекшеліктерді байқадыңдар?*

**ІІІ-топ:**

*– Көштің сән-салтанаты мен қызығы кімдердің үлесіне тиді?*

*– Бейнетін кімдер көрді?*

**ІІІ. Жаңа сабақ**

*– Олай болса, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Күнекей неден жазықты болды?...» деп дәптерімізге жазып қоямыз. Ж. Аймауытовтың **«Күнекей жазығы» повесінен** алынған **«Күн менікі» әңгімесіндегі** сол дәуірдегі әйел*



*теңсіздігін негізге ала отырып, **"Күнекей неден жазықты болды?"** деген тақырыпта Күнекей бейнесіне тоқталамыз. Енді мына тапсырмалардың бірін таңдап алып, сол төңіректе пікірлеріңді мәтіннен үзінді келтіріп айтыңдар.* **(Әр топқа тарату.)**

***1.*** *Еркін қазақ қызының бейнесі (Күнекейдің бейнесі)*

**Топтастыру стратегиясы бойынша:**

***2.*** *Күнекейдің еркіндікті аңсап, салған әнінен үзінді келтіре отырып, әдеби сызбамен талдау жасау.*

| Үзінді | Идея | Күнекейдің бейнесі | Түйгенім |
|---|---|---|---|
| | | | |

*Бауырында Шұбартаудың қос балапан,*
*Сол таудан дария толқын су тараған.*
*Сұлу қыз, әсем жігіт-бәрі сонда*

***1.*** *Күнекейдің басына туған күн.*

**Венн диаграммасы арқылы түсіндіру**

*– Ал, қане кім дайын?*

*– Жарайды, өте жақсы.*

**Ой шақыру. Сұрақ тапсырма.**

*– Ал енді келесі тапсырма барлығына жалпы ортақ ой шақыру тапсырмасы беріледі. Мынадай сұрақ қойылады.*

***– Күнекей неден жазықты болды?***

**IV. Дамыта оқыту**

*– Оқушылар, енді тапсырманы топ-топ болып орындаймыз. Сендерге мынадай сұрақтар беріледі.*

**1-топ:**

*– Повесте қазақ халқының қандай салт-дәстүрлері суреттелген?*

*Мысал келтіре отырып әңгімелеңдер.*

**2-топ:**

*– Шығармадағы нақыл сөздерді тауып, теріп жазыңдар? Көнерген сөздерді тауып мағынасын түсіндіріп, мысал*

*келтір.*

**3-топ:**

*– Қазақ аулының тұрмысы, әлеуметтік өмір көрінісі қалай суреттелген? Әңгімеле.*

**V. Бекіту кезеңі**

*– Олай болса, ендігі тапсырма **«Жұмбақ сан»** тест тапсырмасы.*

***1. Ж. Аймауытовтың өмір сүрген жылдарын табыңдар:***

*1. 1893-1920;*

*2. 1873-1938;*

*3.1804-1846;*

*4.1868-1910;*

*5.1889-1831.*

***2. Ж. Аймауытовтың романдарын табыңдар:***

*1. Әнші, Елес;*

*2. Күйші, Құлагер;*

*3. Нұр күні;*

*4. Боранды болжаған әулие;*

*5. Ақбілек, Картқожа.*

***3. Ж. Аймауытовтың «Күнекейдің жазығы» повесіндегі Күнекейдің сүйген жігіті кім?***

*1. Амантай;*

*2. Байсары;*

*3. Тұяқ;*

*4. Шәмкә;*

*5. Байман.*

***4. Күнекейдің әке-шешесі:***

*1.Шекер Ордабай;*

*2. Айша Әлібек;*

*3. Сұлушаш Шоқан;*

*4. Байбөрі Ботакөз;*

*5. Алпамыс Қарашаш.*

***5. «Күнекейдің жазығы» повесіндегі өзекті тақырыпты белгілеңдер:***



*1. Бұрынғыны аңсау;*

*2. Анаңнан асыл бар ма?*

*3. Қазақты ояту;*

*4. Әйел теңсіздігі;*

*5. Ашаршылық.*

**Жауабы:**

+ + + + =

– Балалар, Ж. Аймауытов XX ғасырдың басында қазақ ауылының әлеуметтік шындығын, салт-санасын, әдет-ғұрпын бір сөзбен айтқанда қазақ қызы Күнекейдің тағдарын суреттеген.

– Жарайсыңдар, оқушылар!

**VI. Қорытындылау**

– Бүгінгі сабағымызды мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті қазақ ақыны Ф. Оңғарсынованың мына өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

*Абыройы күнмен жарасқан,*
*Көкірегінен әсем ән ұшқан.*
*Мейірін төккен адамға*
*Бақытты байтақ даламда.*
*Тағдырлар талай табысқан,*
*Талғамы заңғар заманда.*
*Атағы жеткен ғаламға*
*Елінің ару - қыздары!*
*Құлпырған гүлдей құздағы*
*Жұлдызы жанған жерімнің*
*Жұлдыздай жарқын қыздары!* – деп, сөзімді тәмамдаймын.

**VII. Үйге тапсырма.**

Біріне-бірі мінездерін сипаттайтын әңгіме жазу.

**VIII. Бағалау.**

**Н. М.ШАХАНОВА,**
**КМҚК,**
**№ 147 әдіскері.**
Алматы қаласы

# АРМАНДАР АСУЫНА ЖЕТКЕН ХАЛЫҚ

Отан... Атамекен... Атажұрт... Тарих... Бұл қай құлаққа да асқақ естілер асыл ұғымдар! Адам өмірге келіп, ес жиып, етек жия бастаған сәттен өз Отанының тарихына ден қоя бастайды...

Әр халық өз туған жеріне ел болып, туын тіккеннен кейін, елі үшін, жері үшін, еркіндік үшін талай адам төзбес қиындықтарды бастан кешіреді. Ол, әрине, бізге тарихтан белгілі. Тарих беттерін саралай ашсақ, қайран менің қазағымның көрмеген азабы жоқ...

Орыс империясының бодандығында болған уақыттар Қазақ тарихына, Қазақ елі тағдырына өзінің әлі күнге дейін жазылмай, ізі қалып келе жатқан жарасын да салып кетті. "Елім" деп еңіреп, өмірін ұрпағы үшін қиған атам Қазақ ***Дінін, Жерін, Ана тілін*** бойтұмардай сақтап, қадірлеген**.**

Адам адам болып жаралғаннан бері ұлан-асыр даму көшінің өн бойында жер үшін, ел үшін сан қилы дүрбелеңдер көп болған. Әдетте, осындай дүрбелеңдерден, яғни үлкен аумақтарды қамтыған қанқұйлы соғыстардан соң ғана, әлем картасы аталатын ала қағаз бетіне түзетулер түсетін. Ал жиырмасыншы ғасырдың соңында әлем келбеті ешқандай дүрбелеңдерсіз-ақ өзгеріп шыға келді. Оған жер жаһанның алтыдан бір бөлігіне иелік етіп, қаһарымен алыс-жақын жұрттардың бәрін ықтырып келген алып империяның ың-шыңсыз ыдырай бастауы себеп болды. Ыдыраған империяның орнына он бес тәуелсіз мемлекет өсіп шықты. Солардың бірі – Орталық Еуразия алабындағы ғажайып әрі қайталанбас тарихы бар Қазақстан Республикасы.

Рухы мықты ата-бабаның ұрпағы емеспіз бе, өз алдымызға тәуелсіз мемлекет болып шығу үшін де талай қазақ боздақтары қан төккені бүкіл әлемге белгілі. Дүниені дүр сілкіндірген, тәуелсіздік туын көтерген 1986 жылдың 16 желтоқсанында болған оқиға. Өрімдей жас жігіттер мен қыздардың елінің еркіндігі үшін жасаған ерліктері біздер үшін мақтаныш және талай уақыт тәуелсіздік үшін азаптан қайтпаған, қаймықпаған қазағымның Өрлігінің дәлелі! Ата-баба арманы орындалды! Халқымыз сан ғасырлар бойы аңсаған арманына жетті! Халықтың тыныс-тіршілігін тарих таразысына салып, ұлы көш алға басып барады.

Енді келер ұрпақ үлгі алып, қасиетті Отанымыздың туы әрқашан да биіктерден желбіреп тұрса екен...!

**Б. БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,**
**С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының бөлім меңгерушісі.**
Ақтөбе қаласы

# ЗЕРДЕЛІ ҒАЛЫМ, ЖАЗУШЫ, ЗИЯЛЫ ТҰЛҒА

*Немат Келімбетов – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихы туралы және ежелгі дәуір жәдігерлері жайлы өте құнды да бағалы еңбектер жазған ғалым. Немат*

*Келімбетовтің тағы бір ерекшелігі – ол жазушылық қыры. Ол өз өмірінде қиыншылықты көп көрген адам. Аударма жасады. Сондықтан оның өмірі жастарға үлгі болары хақ.*

***Филология ғылымдарының докторы, профессор Гүлбану Қасымова.***

Жуырда С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей интернатындағы 8 «а» сынып оқушыларына биылғы «Бір ел – бір кітап» республикалық акция аясында «Зерделі ғалым, жазушы, зиялы тұлға» атты танымдық сағатын өткізді.

**Шараның мақсаты** – Немат Келімбетовтің шығармаларын насихаттау. Жастарды патриоттыққа және адамгершілікке тәрбиелеуге, оқу мәдениетін қолдау және дамыту.

Шара барысында кітапхана қызметкері «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы бойынша таңдап алынған көрнекті түркітанушы ғалым, жазушы, аудармашы, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, профессор Немат Келімбетовтің есімі халқымызға етене жақын. Оның «Үміт үзгім келмейді», «Ұлыма хат», «Қариялар», «Күншілдік» сияқты повестер мен эссе кітаптары оқырмандарының жүрегінен берік орын алған, философиялық толғанысқа толы еңбектер. Немат Келімбетовтің қазақ әдебиетінің байырғы бастау-бұлақтарын зерттеудегі еңбегі зор. Оның «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі», «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы», «Қазақ әдебиеті бастаулары», «Ежелгі әдеби жәдігерлер» сияқты зерттеу еңбектері – ұлттық сөз өнерінің түп-тамырына тереңдеп барған тыңғылықты еңбек. Ғылым жолындағы қайраты үшін Немат Келімбетов Күлтегін атындағы сыйлықтың лауреаты атанды.

Немат Келімбетовтің биыл акцияға алынған «Үміт үзгім келмейді» кітабы әлемнің 19 тіліне, оның ішінде мажар тіліне аударылғанын, сонымен бірге Еуропадағы танымал әдеби жүлделердің бірі – Ф.Кафка атындағы халықаралық сыйлыққа ие болғанын айтып өтті. Кітапхана қызметкері жастарға шығармадағы ауыр науқасқа шалдығып, көп жылдар бойы төсек тартып жатқан мүгедек жанның өмірге деген шексіз құштарлығы, қайсарлығы, адамгершілігі, мөлдір махаббаты туралы әңгімелеп берді. Оқушыларға осы кітапты оқып шығуға кеңес берді.

Шарада оқушылар «Үміт үзгім келмейді» шығармасы туралы өз ой-пікірлерімен бөлісті. Сонымен қатар логикалық сұрақтарға Амангелді Данияр, Ахат Даниял, Бақытжанов Ернар, Сағындық

Санжар, Сарсенбай Айдос белсенді жауап беріп. Ал, Диас Алдабергенов, Нұрасхан Алдоңғаров, Жұбатхан Фарух сынды оқушылар хикаят-монологтан үзінді оқыды.

Шарада жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған слайд көрсетіліп, «Немат Келімбетов – тұғыры биік жазушы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып және кітап көрмесіне кітапхана қызметкері Сұлтанбекова Лаура библографиялық шолу жасады.

**А.МҰҚАШЕВА,**
**С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкері.**
Ақтөбе қаласы

# ЕРЛІК ПЕН ДАНАЛЫҚ ЖАРШЫСЫ

*«Әділдік, жақсылық, адалдық үшін күреспей өткен өмірден не пайда?!»*

***Н.Келімбетов.***

*«Жақсы кітаптар жандарыңызға серік болсын!»* – деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, «Кітап – рухани құнды қазына», осындай қазынаның сақшылары, әрине, ол – кітапханашылар. Кітапханашы – парасатты жанға лайық мамандық. Елімізде «Бір ел – бір кітап» акциясын насихаттауға арналған көптеген шаралар өткізіліп келеді. Осы мақсатта жуырда С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті «ҚТӘ-302», «ҚТӘ-401 топ студенттерімен бірлесе «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында жалпыұлттық оқылымға таңдалған жазушы Н.Келімбетовтің «Үміт



үзгім келмейді» хикаят-монологы бойынша ақпараттық-танымдық кешін ұйымдастырды.

**Мақсаты** – оқырман қауымына «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында жалпыұлттық оқылымға таңдалған кітаптарды таныстыру, сондай-ақ, жазушы Н.Келімбетовтің шығармашылығы туралы мәліметтер беру.

Немат Келімбетов 1937 жылы Өзбекстанның Ташкент облысы Жаңажол қаласында дүниеге келген. 1953 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Келес өңіріндегі Абай селосында орта мектеп бітірген соң алдымен Ташкент қаржы-экономика институтын (1959), одан кейін Қазақ ұлттық университетін (1966) аяқтаған.

Еңбек жолын өзінің әуелгі мамандығы бойынша бастаған Н.Келімбетов кейіннен журналистика, әдебиет саласына ауысады. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер, одан кейін республика Министрлер Кеңесінде референт, Әдебиет, өнер және сәулетшілік салалары бойынша Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комиссияның жауапты хатшысы, «Қазақстан» баспасында редактор қызметтерін атқарған. Түрколог-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі Н.Келімбетов көптеген жылдар бойы Абай атындағы Алматы мемлекеттік универси¬тетінің қазақ әдебиеті кафедрасында, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық университетінің қазақ тілі кафедрасында ұстаздық еткен.

Орда бұзар отызында омыртқадан ауыр дертке ұшырап, ұзақ жылдар бойы төсекке таңылған Н.Келімбетовтің өмірге құштарлықтың өнегесіндей «Үміт үзгім келмейді» атты хикаят-монологы оның

қаламгерлік қуатын да, күрескерлік күшін де көрсетеді. Кейінгі жылдарда жарық көрген «Ұлыма хат», «Қариялар», «Күншілдік» сияқты эсселері Немат Келімбетовті ойшыл суреткер ретінде де танытты.

«Үміт үзгім келмейді» кітабы қазақ әдебиетінің абыройын асырып, ЮНЕСКО аясындағы ең мерейлі марапаттардың бірі – Европаның Франц Кафка қоғамының наградасын алып берген еді.

Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі жайында жазылған бір қатар оқулықтар мен оқу құралдарының авторы Н.Келімбетовтің қазақ әдебиетінің байырғы бастау-бұлақтарын зерттеудегі еңбегі орасан зор. «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» (1986), «Ежелгі дәуір әдебиеті» (1991), «Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы» (1998), «Қазақ әдебиеті бастаулары» (1998), «Ежелгі әдеби жәдігерліктер» (2005) сияқты көптеген кітаптары ұлттық сөз өнерінің түп-тамыры тереңде жатқандығын даусыз дәлелдеді. Ғалымның бұл бағыттағы ізденістері үшін Н.Келімбетов Күлтегін атындағы сыйлықтың лауреаты атанып, оның осы тақырыптағы кітаптары бірнеше шетел тілдеріне аударылды. Л.Гурунцтың «Шіркін біздің Шушикент», В.Козаченконың «Найзағай», С.Ахмадтың «Көкжиек», П.Қадыровтың «Жұлдызды түндер» романдарын төгілте тәржімалап, жазушы көркем аударма саласына да өз үлесін қосты.

Шарада кітапхана қызметкерлері Нұрлыгүл Орынқызы, Ақмарал Сайлауқызы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы туралы баяндай келе «Құнды рухани қазына» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасап, ғұлама ойшыл, ақын, аудармашы Ш.Құдайбердіұлының шығармаларын, даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры, жазушы Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесін, жазушы Н.Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» хикаят-монологын талқылап, ақпарат берді.

Ақпараттық-танымдық кеште Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университет студенттері Еламан Жақсылық, Ботагөз Тарзан, Ерлан Есеркепов, Рима Самиғұлла Н.Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» хикаят-монологынан көрініс көрсетсе, Назым Қаржаубаева, Жұлдызай Қалиғұлла, Гүлсезім Шыманова өмір туралы ой қозғарлықтай өлеңдер оқыды. Аталмыш шараны Сымбат Арынова, Назым Қаржаубаева жүргізіп, Н.Келімбетовтің өмір жолы, қызметі туралы толыққанды баяндады.

Адамның адамдығы-оның ізгі қасиетінде. Адам бойындағы рухани құндылықтарға толы бұл кітаптың оқырманға рухани азық болары сөзсіз. Оқырмандар Н.Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» кітабын талқылап, үлкен «алма ағашының» суреті бар плакатқа өмір туралы пікірлерін түрлі-түсті стикерлерге жазып жеткізді.

Шараға Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің оқытушылары, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Қондыбай Күлшат Әбдіғанымқызы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Мұратбек Бағила Құрманбекқызы қатысып, жастарды кітап оқуға шақыра келе осындай ауқымды шаралардың көп болуына тілектестік білдірді. Қатысушылар мен студенттер ақпараттық-танымдық кеш соңында танымал әнші Қ.Нұртастың орындауындағы өмірге құштарлыққа шақыратын «Үміт үзбе» әнін караоке арқылы қосыла шырқады.

Қазақ халқының біртуар перзенті Н.Келімбетов 2010 жылдың желтоқсан айында өмірден өтті. «Халық жа-

зушысы Әзілхан Нұршайықов «Ерлік пен даналық дастаны» деп жоғары бағалаған *«Үміт үзгім келмейді» кітабы бүгінде әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, шетелдік оқырман қауымның сүйіп оқитын кітабына айналып отыр»,* – деп жазушы, баспагер, ғалым Райжан Мәженқызы айтқандай, құнды рухани қазынамыз, кітап жолшырағымыз болсын. Ерлік пен даналықтың жаршысындай болған әдеби еңбектер жазған Н.Келімбетовтің әдеби мұрасы халқымен бірге мәңгі жасап, ұрпақтан-ұрпаққа жетері сөзсіз!

**А. ЖАСҰЛАНҚЫЗЫ.**
**С. Жиенбаев атындағы**
**облыстық жасөспірімдер**
**кітапханасының қызметкері.**
Ақтөбе қаласы.

# ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері БКГ – заң колледжімен бірлесіп «Жемқорлыққа жол жоқ» атты тақырыбында әңгіме сағатын өткізді.

Жемқорлық (лат. corruptio - сатып алу) — мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері. ***Жемқорлықтың жалпылама белгілері:*** *лауазымды адамның өзінің немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлік құқығы немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде пара алу, туыстық, жерлестік, т.б. жақындықтарына байланысты қызметке ретсіз қабылдау және көтермелеу, сондай-ақ, мемлекеттік және қоғамдық мүліктерді талан-таражға салу.* Мемлекетте жемқорлықтың бел алуы көлеңкелі экономиканың пайда болып, экономикалық өсу қарқынының тежелуіне және әлеуметтік, саяси шиеленістердің күрт асқынуына ұрындырады. Сонымен қатар жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлер жаппай жемқорлыққа салынған жағдайда құқық қорғау органдары оларды жасаған қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікке тарта алмайтын жағдай қалыптасады. Жемқорлық жасалу түрлеріне қарап екіге бөлінеді: жекелеген лауазымды қызметкерлер жасаған қылмыстық іс-әрекет және бірнеше лауазымды қызметкерлер бірігіп жасаған қылмыстық іс-әрекет (қысқаша Сыбайлас жемқорлық). 1989 жылы әлемнің дамыған 37 мемлекеті халықаралық бизнестегі жемқорлыққа қарсы күресу туралы конвенцияға қол қойды. Қазақстан осы конвенцияға қосыла отырып, 1998 жылы 2 шілдеде “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Заң қабылдады.

Шара барысында жастарға жемқорлық туралы түсінік беріліп, әлеуметтік желіден алынған «Жемқорлыққа жол жоқ», «Сыбайлас жемқорлық – өмірімізді аздырады», «Жемқорлық ғасыр дерті» атты тақырыпта бірнеше видеороликтер, тақырыпқа сай слайдтар көрсетіліп, талқыланды. Сыбайлас жемқорлық дегеніміз? жемқорлыққа қарсы қандай жұмыстар жасауымыз керек? Қандай жұмыстар жасағанда жемқорлық түп тамырымен жойылады? деген сұрақтарға жауап беріп, Ахмет Мөлдір, Маратқызы Әйгерім, Абибуллаева Мөлдір, Қазбай Райхан сынды студент жастар белсенділік көрсетті. Шараға аталмыш колледждің тәрбие ісінің меңгерушісі Жанар Маратқызы қатысты.

«Жемқорлық ғасыр дерті» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, библиографиялық шолу жасай отырып, студент жастарды кітапханаға, кітап оқуға шақырды.

**Бас редакторы – Гүлдәрі ЖҮСІПОВА.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті”** –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.
**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.
Басуға 05.12. 2018 ж. қол қойылды. Пішімі – 84х108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.
Шартты басылым табағы – 8.0.
Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.
Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**
**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,
Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.
Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер...............268-32-48.
Факс......................243-15-53.
**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.
**Журнал сайты:** www.kazhu.kz
**Басылатын жері** – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №12, 2018 ж., 144 бет, Алматы.